

Заря
ЖҰМАНОВА



**ҒАЖАЙЫП
ОРМАН**



“Алматы-Болашақ” АҚ
Алматы
2022

ӘОЖ 821.512.122-93

ҚБЖ 84 (5 Қаз)

Ж 81

“Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

*“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру” бағдарламасы*

“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,

басып шығару және тарату ”

кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді”.

Ж 81 Заря Жұманова

«Ғажайып орман»

«Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022 ж, 160 бет.

ISBN 978-601-7646-35-6

Танымал жазушы Заря Жұманова - «Екіге бөлінбейтін келіншек», «Түнгі оттар», «Сіз іздеген әлем», «Ақбота», «Күләйша, Рокфеллер және басқалар», «Запах дождя», т.б. атты прозалық кітаптардың авторы. Оның жаңа кітабы балалар мен жасөспірімдерге арналған. Кітаптың тілі тартымды, оқиғалары қызықты.

ӘОЖ 821.512.122-93

ҚБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7646-35-6

© Жұманова З. 2022

© «Алматы-Болашақ» 2022

ҒАЖАЙЫП ОРМАН
(ертегі)

Гүл мен тікен

Ертеде бір ну орманға барар жолдың жиегінде тікенекті бұта өсіп тұратын. Бұрын сол жатаған бойлы өсімдікке ешкім көз тоқтатып қарамайтын да. Бір күні оған титімдей ғана қызыл гүл қылтиып шықты.

Жұрт менсінбейтін аласа бұта алғашында бұған қатты қуанды. Жүрегін мақтаныш кернеді. «Көрдіндер ме, менің гүлім қандай әдемі!» – деп маңайына жар салғысы келді. Алайда, тумысынан қарапайым бұта қуанышын ішке бүкті.

Кішкене гүл күннен-күнге құлпырып өсе бастады. Ол нәп-нәзік қауыздарын ашып, Күнге де, Айға да таңырқай мойын созатын.

Гүлі биіктеген сайын тікенекті бұта күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Оны жұрттың бәрінен қызғыштай қоритын.

Ал гүл болса, өткен-кеткеннің бәрі көркіме көз салып, таңырқаса екен деп ойлайтын. Төңірекке хош иісін шашып, жұртты еліктіріп өзіне тартуға құмар еді.

Ол тіпті бұтаның күн сайын: «Айналайын, ешкі-лақтар жеп қояр, абайла»... «Жұрттың көзіне түсе берме, әлдебіреу жұлып алып, лақтырып кетер»... деп шыр-пыр еткен дауысын естігісі де келмейтін. Тікенекті бұтаның құшағынан жұлқынып шығып, бөлек кетуге асығатын.

Гүл өзін өмірге әкелген осынау өсімдіктің шын жана-шыр пейілін түсінген жоқ. «Ойпырмай, өзі сондай көріксіз болғасын, мені кім көрінгеннен қызғана береді!» – деп ойлайтын.

Бұтаның сөзіне құлақ аспай, күн сайын сыртқа ұмтыла беретін, ұмтыла беретін. Бірде оны қоян көріп қалды да, бырт еткізіп жұлып, әп-сәтте жұтып қойды...

Қояндар мен көжектер

Қалың өскен сол ну орманның ішінде Ата қоян, Әже қоян, Әке қоян, Ана қоян және сүйкімді үш көжек өмір сүретін. Кірпі мен қос қарлығаш олармен көрші болыпты.

Ата қоян, Әке қоян және Ана қоян күн сайын орман кезіп кетеді. Таң қараңғысынан күн батқанша азық іздеп, тыным таппайды. Олардың аяқтары шаршамайтын, әрі шапшаң жүгіретін. Бірақ өздері бүркіт, қырғи секілді жыртқыш құстар мен арыстан, жолбарыс, сілеусін, қасқыр, қабан, түлкі секілді жабайы аңдардан қатты қорқатын.

Ал үргелек көжектер лүп еткен желден, тырс еткен дыбыстан шошитын. Бірақ Әже қоян үнемі «Батырларым менің» деп оларды еркелетуші еді. Сұр көжек – байыпты, байсалды, момын, Қоңыр көжек – ерке, қыңыр, ал Ақ көжек елгезек, әрі ұрыншақ еді. Олар күні бойы үй маңында томпаңдап ойнап жүретін.

Әже қоян тамақ пісіреді, ыдыс жуады, іннің іші-сыртын тазалайды. Әйтеуір күнұзақ бір тыным таппайды. Тіпті түнде де ерінбей ерке көжектеріне ертегі айтатын. Кішкене көжектер оның ертегілерін күнде-күнде тыңдаса да жалықпайтын. Әсіресе, кірпі туралы ертегіні ұнататын. Кірпі тікенегі тікірейген баласын «жұмсағым» деп жақсы көреді екен... Оны естіген сайын көжектер рахаттана күлетін.

Кей-кейде Әже қоян қарға жайлы да ертегі айтушы еді. Қарға қап-қара баласын «аппағым» деп жақсы көреді екен. Ол ертегі де сондай күлкілі еді. Сосын өзі: «Ал, қане, батырларым, жатып, ұйықтаңдар, басқасын ертең айтармын!» - деп, мейірлене иіскегесін, үшеуі тәтті ұйқыға кететін...

Кірпі, кірпі, кірпі...

Бір күні үш көжек сүрлеу жолмен жыбырлап кетіп бара жатқан кірпіні көріп қалады. Үстіндегі тікірейген инелеріне көп саңырауқұлақ қадап алыпты.



- Ей, кірпі, осынша саңырауқұлақты не істейсің? Қомағай кірпі! Ашқарақ кірпі! - деп мазақтады ұрыншақ Ақ көжек.

- Байқа, ормандағы саңырауқұлақтың бәрін жалғыз өзін тауысып қойма!- деп айғайлады қыңырлау Қоңыр көжек.

- Кіп-кішкентай болып, күшінің көбін-ай! -деді момындау Сұр көжек таңғалып.

- Батырларым-ау, ол қыста жейтін азығын үйіне тасып жүр ғой. Кірпіге тиіспендер! Көршімен тату болу керек. Ұят болады,-деді Әже қоян. Сосын дәмді ас дайындауға кірісті.

- Босқа жүргенше, біз де орманнан саңырауқұлақ теріп келсек қайтеді?!-деді Сұр көжек.

- Әжеміз бізді жібермейтін шығар? - деді Қоңыр көжек.

- Оған білдірмей, қашып кетейік!- деді Ақ көжек. Сөйтіп үшеуі Әже қоянның көзін ала бере, зып беріп, қалың орманның қақ ортасына тайып тұрды.

Саңырауқұлақ тере барғанда

Орман іші өте көңілді екен. Сан түрлі құстар сайрауда. Көбелектер гүлден-гүлге ұшып-қонып көз қызықтырады. Құжынаған құрт-құмырысқа, маса-сонаға дейін толып жүр.

- Қарандар! Бар қызық осында екен ғой!- деп таңдай қақты Қоңыр көжек.

- Қап! Үй маңынан шықпай, құр бекер жүріппіз ғой!- деді Ақ көжек өкіне күрсініп.

- Бәлкім бізді әжеміз іздеп жатқан болар. Үйге барғасын, ұрсады-ау! -деп Сұр қоян уайымдады.

- Қорықпа, үйге көп етіп саңырауқұлақ апарсақ, әжеміз ұрыспайды,- деді Қоңыр көжек

- Жүріңдер онда, тездетіп терейік,-деді елгезек Ақ көжек елпең қағып. Қоңыр көжек екеуі саңырауқұлақ өсіп тұрған алаңқайға қарай тұра шапты.

- Тоқтандар, тоқтай тұрыңдар! Жұлмандар - деп айғайлады ақылды Сұр көжек.

- Неге?- деді аңқау Ақ көжек.



- Жеуге жарамсыз улы саңырауқұлақ болса қайтесің?- деді Сұр көжек

- Соқ, өтірікті! Оны саған кім айтты?- деді қыңырлау Қоңыр көжек.

- Әже қоян: «Саңырауқұлақтар екі түрлі болады, бірін жеуге болмайды», - деп еді ғой өткенде.

- Ал екіншісін ше? - деді Қоңыр көжек

- Ия, оны жеуге болады, - деді Сұр көжек

- Сен оларды айыра аласың ба? - деді Қоңыр көжек.

- Жоқ,- деп Сұр көжек шынын айтты.

- Енді қайттік?-деп мұнайды Ақ көжек.

-Таптым, таптым! Қазір кірпіден сұрайық,- деді Сұр көжек

- Сен қандай ақылдысың! Әрине, кірпі білмегенде кім біледі!- деп мәз болды Ақ көжек.

Үшеуі кірпіні күтіп, қалың ағаштың көлеңкесіне тығылды. Сол күні ауа аптап ыстық еді.

Кірпіні күту

Кірпіні олар көп күтті. Ол бірақ саңырауқұлақ теруге келмеді. Күн тас төбеге көтерілді. Көлеңкелер қысқара бастады. Күте-күте көжектер шаршады.

- Қап, бекер келген екенбіз,-деп өкінді Қоңыр көжек.

- Әжеміз тәтті тамақ әзірлеп жатыр еді. Соны жегім келіп тұр!-деді Ақ көжек. Олардың ішектері шұрылдап қоя берді.

- Әлгі кірпі қайда жүр өзі? Тездетіп келмей ме екен?-деді Сұр көжек жол жаққа мойынын созып.

- Сірә, ол шіркінасықпай саңырауқұлақ қуырып, үйінде жүр-ау!-деді Қоңыр көжек кіжініп.

- Бәлкім саңырауқұлаққа тойып алып, ұйықтап жатқан болар!-деді Ақ көжек. Оның көзіне салқын саяда рахаттана демалып жатқан кірпі елестеп кетті.

- Ой, қандай жауыз, қатыгез еді! Бізді күттіріп қойып, үйінде жатқаны несі?! Сол өзі әдейі істей ме бізге?!- деді Қоңыр көжек күйіп-пісіп.



- Қой, сабыр ет. Ашуыңды бас. «Біреудің сыртынан жаман сөз айтуға болмайды. Ол – үлкен күнә», - деп әжеміз айтқан жоқ па?! - деді Сұр көжек.

Аяушылық

Көжектер кірпіні ұзақ күтті. Жолға қарай-қарай көздері талды. Күн тас төбеден ауа бастады. Кірпінің келер түрі жоқ еді.

- Бәлкім, келе жатқанда кірпінің табанына тікенек шөп кіріп кетті ме екен? Сосын жүре алмай отырған болар? - деді Ақ көжек.

- Ой, ол тікенектерден қорықпайды. Өзінің де үсті-басы толған тікен емес пе? - деді Қоңыр көжек.

- А...солай екен-ау! Сонда оған не болды екен? - деді Ақ көжек.

- Бәлкім, байқамай улы саңырауқұлақ жеп қойған болар. Сосын іші ауырып жатыр... - деді Сұр көжек.

- Ойбай! Онда оған көмектесейік. Дереву емші табайық! - деді Ақ көжек сасқалақтап.

- Тезірек барайық! Әйтпесе, жағдайы жаман болады, - деді Қоңыр көжек. Көжектердің кірпіге қатты жаны ашыды:

- Біз барғанша байғұс кірпі қиналатын болды-ау! - деді сезімтал Сұр көжек көз жасы мөлт-мөлт етіп.

- Қой, жылап, жамандық шақырма! - деді Қоңыр көжек.

- Бағана оны сыртынан «жауыз», «қатыгез» деп жамандағанымыз ұят болды-ау!..

- Тездетіп емдетейік. Сосын кешірім сұраймыз, - деп көжектер өзара сөз байласты.

Саңырауқұлақ теру жайына қалды. Ну орманның ішіне неге келгендері мүлде ойларынан шығып кетті. Тіпті өздерінің ыстықтап, шөлдегендерін де ұмытты. Қарындары ашқанына қарамай, үшеуі «саңырауқұлақтан уланған» кірпіге емші іздемек болды.

Бұрын үй маңынан ұзап көрмеген үш көжек ну орманның ішінде әбден адасты.

- Меніңше біздің үй мына жақта!- деді біреуі.

- Жо-жоқ, ана жақта! Күнге қарай жүрейік, - деді екіншісі.

- Біз үйден шыққанда Күн артымызда тұрған. Біз былай жүрсек, Күн артымызда қалады,-деді үшіншісі. Күн батуға таянды. Қарындары аш, өздері шаршап әлсіреген көжектер жол таппай, адасып, қатты абыржыды.

- Көп ұзамай, қараңғы түседі...Аш қасқыр кездесе, не істейміз?- деді Қоңыр көжек.

- Бізді қойшы, бірдеңе етіп, қашып кетерміз. Кірпі байғұс қатты ауырып, жылап жатыр-ау!- деді Сұр көжек.

- Күн батқанда қайдан емші табамыз оған?- деді Ақ көжек қиналып. Ойда-жоқта қастарына бір көкек секектеп жетіп келді.

- Ей, көжектер, сендерге не, емші керек пе? Керемет емші тауып берейін бе? Бірақ мен айтты деп айтпаңдар, жарай ма?- деді ол.

- Шын ба?- деп қуанып кетті Сұр көжек.

- Өтірік айтсам, салпаңқұлақ есек болып кетейін!-деп қарғанды көкек. Көжектер көздері жәутең-жәутең етіп, бір-біріне қарады. «Кіп-кішкене құс қалай нә-ә-ә-н есекке айналады?» -деп таңғалды ішінен Ақ көжек.

«Өтірік айтсақ, біз де үлкен сұр есек боп кетерміз. Демек, ешқашан ешкімді алдауға болмайды», - деп ойлады Қоңыр көжек. Ал ақылды Сұр көжек көкектің қарғанып сөйлегеніне мүлде көңіл аудармай:

- Көкек, көкек, тездетіп сол емшіге апаршы. Көршіміздің өміріне қауіп төніп тұр еді,-деп жалынды. Көкек аңқау үш көжекті қу түлкінің ініне ілестіріп келді де өзі тасаға тығылып қалды.



Түлкі «тәуіп»

Түлкі өмір бойы ну орманда тұратын. Бұрын ол өте сүйкімді болыпты. Жас кезінде. Ормандағылар оны Түлкі бикеш дейтін. Сұлу да сыпайы Түлкі бикеш үлпілдек құйрығын бұлғаңдатып, сылқылдап күліп, майысып қана сөйлейтін. Оның үстінде құлпырған қып-қызыл «тоны» бар еді. Оны көргенде, аң патшасы арыстанның ауызы аңқиып қалатын. Тіпті тұтас бір қойдың етін Түлкі бикешке бере салатын.

Көкжал қасқыр да табақ-табақ тағамдарын өзі жемей, оған қалай бергенін білмей қалатын. Ормандағы айбынды аю да, қаһарлы қабан да, мінезі шақар қарсақтар да көзі күлімдеген Түлкі бикешті көргенде, сызылып қалатын. Құстар күн сайын жарыса сылқым сұлу Түлкі бикешті әнге қосатын...Тіпті барылдаған бақалар да, шалшық судан бір сәт бастарын шығарып, көздері бақырая Түлкі бикешке қарап тұратын. Ал тәкаппар Түлкі бикеш өзінен басқа ешкімді менсінбейтін. Ешкімге жаны ашымайтын.

Жылдар өтті. Түлкі бикеш қартайды. Әдемі тоны тозды. Үлпілдек құйрығының сау тамтығы қалған жоқ. Күші кетіп, көзі нашар көре бастады. Енді оның жанына ешкім жоламайтын болды.

«Күпия»

Қарыны ашқан, қадыры қашқан қу түлкі бір күні көлеңкеде жатып, көп ойланды. Сосын көкекті қасына шақырды. Көкек ылғи біреуді біреуге жамандап жүретін. Бұл құстың өтірік айтатын да мінезі бар еді...Ең жаманы - жұмыртқасын өзі баспай, кез-келген құстың ұясына тастап кете беретін. Сосын ондай сүйкімсіз құспен кім дос болсын?! Ормандағылардың бәрі оны мүлде жақтырмайтын.

Анда-санда көкек қу түлкінің қасына секектеп келіп-кетіп жүретін. Жалғыз қалған кәрі түлкіге: «Қараторғайдың бала-

паны ұядан құлап кетіп, қанатын қайырып алды», «Қасқыр қақпанға түсіп қалып, бір аяғынан айырылды» -деп, ормандағы бар өсек-аяңды сол айтып келетін.

- Көкек, досым, сен сыр сақтай аласың ба? Көптен ішімде жүрген бір құпиямды саған айтайын дегем...- деді түлкі сыбырлап.

- Айта бер. Ешкімге ештеңе айтпаймын!-деді көкек секең-секең етіп.

- Мен бе, мен...сұмдық емшімін.

- Шын ба? Қандай ауруды емдей аласың?

- Ой, менің емдемейтін дертім жоқ. Сынықты да емдеймін, күйікті де емдеймін.

-Немен емдейсің?

- Емдік шөбім, шипалы суым, қасиетті тасым бар.

- Рас па?

- Қартайғанда өтірік айтып, мені жын қақты дейсің бе?!

- Аң-құстар түрлі пәлеге тап болғанда талай рет айтып келдім ғой. Соларды неге емдемедің сонда?

- Көмектесу түгілі, түрлерін де көргім келмейді солардың!..

Қартайғанда мені қараусыз тастады. Өтінемін, сырымды ешкімге айтпа... Әйтпесе ауру-сырқауын айтып, жылап-сықтап, бәрі жетіп келер. Қартайғанда маған тыныштық керек! -деді де қу түлкі көзін жұмып, өтірік қалғыды.

- Тірі жанға тісімнен шығарсам, салпаңқұлақ сұр есек болып кетейін!-деп көкек ант-су ішті де, безектеп ұша жөнелді. Айлакер түлкі шиқылдап ұзақ күлді. Ал көкектің ауызына сөз тұрмайтынын түлкі жақсы білетін. Оған да керегі – тегін жарнама еді...

Қарға, қарға, қарғалар...

Көкек ішіне симай бара жатқан «сырды» тезірек біреуге айтпаса, жарылып кетердей сезінді. Кенет топ-топ қарғаларды көріп қалып, қастарына жетіп барды.

- Қарға, қарға, қарғалар! Қар үстінде жорғалар! Неге



топталып тұрсындар? Біреуіңе бірдеңе боп қалды ма? Онда тездетіп түлкі тәуіпке апарындар. Оның емдемейтін ауруы жоқ. Ол деген керемет емші ғой. Бірақ менен естідік деп айтпаңдар,- деді де секек қағып, ұшып кетті.

Ормандағы аң-құс атаулы мың жасаған данышпан қарғаны қатты сыйлайтын. Өйткені оның білмейтіні жоқ еді. Одан ақыл-кеңес сұрап келетін аң-құс көп болатын. Ал қап-қара костюм киген шәкірттері күн сайын данышпан қарғаның дәрісін тыңдауға жиналатын.

Данышпан қарға да, оның шәкірттері де көкектің сөзіне мән бермеді. Өйткені олар көкектің өтірікші екенін жақсы білетін.

- Естеріңде болсын, қарақтарым, ешқашан өтірік айтпаңдар. Бір рет өтірік айтсаңдар, сендерге ешкім ешқашан сенбейтін болады!- деді данышпан қарға қасындағы топ қарғаларға. Сосын «Өтіріктің зияны» жайлы сабағын баппен бастап кетті.

Саққұлақ сауысқан

Сол маңда саққұлақ сауысқан жүр еді. Әңгімені құлағы шала-пұла естіп қалған ол, дереу көкекті қуып жетті де:

- Сен жаңа қарғаларға не айттың? Бізге бір жақтан тәуіп келді дедің бе? - деп сұрады.

- Тсс-сс...Тісіңнен шығармайсың ба? Тек әйтеуір менен естідім деп айтпасаң, айтайын,- деді көкек айдарынан жел есіп.

- Жоқ, біреуге айтсам, ит боп кетейін!- деп ант-су ішті саққұлақ сауысқан.

- Өзіміздің түлкі тәуіптен асқан емші жоқ. Ол күйікті де, сынықты да емдейді. Емдемейтін дерті жоқ!

- Көптен бір құлағым нашар еститін боп жүр. Түлкі тәуіп мені емдер ме екен?- деді сауысқан.

- Емдеуін емдер-ау. Бірақ ол кез-келгенді қабылдамайтын шығар...-деп көкек шекесін қасыды.

- Оған құр қол жетіп бармай, сый-сияпат апарсам ше?- деді сауысқан жалынышты түрмен.

- Қайдан білейін... Мен айтты деме, бірақ. Барып көр. Бәлкім мейірімі түсіп, көмек берер,- деп көкек көп тұрмай, ұша жөнелді.

Аппақ тиін, ақтиін!..

Өсекші көкек ағаштан ағашқа секіріп, жаңғақ жинап жүрген ақтиінге жетіп барды.

- Аппақ тиін, ақтиін, сәлем!

- Сәлем, көкек!

- Денсаулық қалай, жақсы ма?

- Денсаулық дейсің бе?-деп ақтиін аз-кем ойланып қалды.

- Неге ойланып қалдың? Бір жерің ауырып жүр ме?

- Қатты жаңғақ шағамын деп, жаңа ғана бір тісімді ауыртып алдым.

- Онда дереу түлкі тәуіпке бар. Бірақ мен айтты деме, жарай ма?!

- Түлкі тәуіп дедің бе? Кім ол? Өмірі естімеппін.

- Мәссаған! Оны қалай білмейсің? Анау қарғалардың бәрі біледі. Сауысқан құлағын емдетіп жүр.

- Әлгі түлкі тәуібің менің тісімді емдей ала ма?

- Ой, емдегенде қандай! Бірақ ол кім көрінгенді қарамайды-ау. Құр қол жетіп барма, жылы-жұмсақ, тәтті-дәмді ала бар. Бәлкім, мейірімі түсер саған,- деді де көкек пыр етіп ұша жөнелді.

Тоқылдақ-ау, тоқылдақ!..

Тоқылдата ағаш соққылап жатқан тоқылдаққа таяп барып,

- Тоқылдақ-ау, тоқылдақ, сәлем!- деді көкек.

- Сә-ле-е-ем!- деді тоқылдақ салғырт үнмен.

- Денсаулық қалай, жақсы ма? - деді көкек тықылдап.



- Шүкір, жаман емес, - деді тоқылдақ теріс айнала беріп.

- Жаман емес дейсің бе? Онша жақсы болмағаны ғой сонда? - деп көкек оның қыр ізінен қалмады.

- Басымды ауыртпай, әрі баршы! - деп тоқылдақ тоңқ етіп айтып салды.

- Әрине, басың ауырады!!! Қысы-жазы бір тыным таппайсың. Бір мезгіл денсаулыққа да мән беру керек қой. Әрине, бүйте берсең, бір күні өліп қаларсың, - деді көкек аяғансып. Тоқылдақ жұмысын тастап, сасқалақтай басын сипады.

- Сен бәрін таста да, дереу түлкі тәуіпті тауып ал. Бірақ мен айтты деп айтушы болма!.. - деп көкек қояр емес.

- Түлкі тәуіп дейсің бе? Кім ол? Өмірі естімеппін, - деді тоқылдақ.

- Мәссаған! Оны қалай білмейсің? Анау қарғалардың бәрі біледі. Сауысқан құлағын емдетті... Ақтиін де тісін емдетуге барып жүр. Бірақ ол кім көрінгенді қарамайды. Бәлкім, саған да мейірімі түсер. Менің айтқанымды білмей-ақ қойсын, жарай ма?! - деді де көкек пыр етіп ұша жөнелді.

- Айтпақшы, құр қол жетіп барма! Жылы-жұмсақ, тәтті-дәмдіңнен ала бар! - деп айғайлады ол.

Түлкі «тәуіп» пен үш көжек

Жүні үлпілдеген үш көжекті көріп, қу түлкінің көзі жайнап кетті. «О, үш күн бойы қарыным тоқ жүретін болды-ау!» - деп қуанды.

- Келіндер, келіндер, балақайларым! Кәне, тамырларыңды ұстап көрейін, - деп, дереу шетте тұрған Қоңыр көжекті шап беріп білегінен ұстады.

- Қомпиған жүнің болмаса, бір қуырым етің жоқ екен. Саудыраған қу сүйексің ғой өзің... Немене асқазаның ауыра ма?! - деді түлкі «тәуіп» жақтырмай. Күні бойы нәр сызбаған көжектердің үшеуінің де шектері шұрылдап, асқазандары удай ашып тұр еді.

- Әй, Сұр көжек, енді сені көріп жіберейін, қай жерін ауырады екен?- деп, шеттеу тұрған Сұр көжекты қасына шақырды. Ол ой үстінде тұрып, қу түлкінің сөзін естімей қалды.

- Әй, саған айтамын. Мынау салпаң құлағың естімей ме не? - деп алдамшы түлкі оның құлағынан шап беріп, өзіне қарай сүйреді.

- Жо-жоқ, түлкі тәуіп! Біздің еш жеріміз ауырмайды. Көршіміз қатты ауырып жатыр еді. Соған көмектесіңізші!- деп шыр-шыр етті Сұр көжек.

- Ия, ия, тезірек көршімізге көмектесіңізші!- деп Ақ көжек те жалынды.

- Оған не болды? Көптен ауыра ма?- деді сұм түлкі.

- Жо-жоқ, ол таңертең сап-сау жүрген,- деді көжектердің біреуі.

- Оның күші сондай көп! Өзінен үлкен жүкті арқалап кете береді,-деді екіншісі.

- Ол өзі сұмдық еңбекқор,-деді үшіншісі.

- Оның ешкімге зияны жоқ. Өзі өте момын!

- Өзі сондай сабырлы! Біз қанша мазақтасақ та, ашу шақырмайды. Тіпті сөзімізге мән бермей, кете береді...

Сұм түлкі ап-арық үш көжекты жегенше, бұлардың дәу көршісін жейін деп ойлады да:

- Әлгі көршілерің қалай өзі? Былай... еті жұмсақ па? - деп сұрады қу түлкі.

-Иә, өте жұмсақ!- деді бір көжек.

- Соқ өтірікті! Сен оны қайдан білесің?- деп түлкі зекіді.

- Оны бізге әжеміз айтты. Ол ешқашан өтірік айтпайды, -деді екінші көжек.

- Әжелерің не айтты сонда?

- Оны анасы «жұмсағым» деп еркелетеді екен,-деді үшіншісі.

- Ей, неге жайылып, жайбарақат отырсыңдар онда? Кәне, тездетіп жолға шығайық!-деп айлакер түлкі жатқан орнынан атып тұрды.



Талайды көрген қу түлкі орманның қуыс-қуысын жақсы білетін. Ол бұлкектеп алға түсті. Үш көжек томпаңдап оның соңынан ере берді.

Тату көршілер

Әже қоян ас пісіріп болғасын, есік алдына шықты. Аула тым-тырыс екен. Ешкім жоқ. Әр жерде шашылған ойыншық...

- Батыр көжек-бөжектерім! Қане тез тамаққа келе қойыңдар! Ас суып кетер! - деп айғай салды. Ешкім үндемеді. Сірә «жасырынбақ» ойнап, тығылып қалды ма деп ойлады. Олай болса, біреуі қалып, қалған екеуі тығылар еді ғой. Сүйкімді көжектеріне бір бәле болған жоқ па екен?!

Көңіліне үрей кіріп, зәресі ұшып кетті. Кірпі дәл осы кезде үйінен шығып келе жатқан. Ол Әже қоянның әрлі-берлі жүгіріп, жылап жүргенін көріп, дереу қасына келді.

- Әже қоян! Аманшылық па? Не болды?-деп сұрады кірпі. Мән-жайды білгесін ол да іштей уайымдап қалды. Бірақ сабыр сақтап:

- Ой, осы маңда ойнап жүрген шығар?

- Қорықпаңыз, қазір-ақ тауып аламыз, -деп Әже қоянды жұбатты.

Кірпі біраз ойланып, сосын Әже қоянға:

- Қос қарлығаштан сұрайық. Олар биікке ұшады. Маңайдың бәрін тегіс көреді ғой,-дегенде Әже қоян қуанып кетті.

Қарлығаштар қояндар інінің маңындағы биік бәйтеректің басына жыл сайын ұя салатын. Әже қоян жүгіріп соларға барды.

Мән-жайды естіген соң қос қарлығаш:

-Көрші апа, көжектеріңізді қазір тауып береміз!-деді де зу етіп көкке көтерілді. Көп ұзамай олардың:

- Сүйінші! Сүйінші! Көжектеріңіз аман-сау екен!-деген қуанышты үндері естілді.

- Көрші апа! Олар сұмтүлкіні алдарына салып айдап келе жатыр,-деді қос қарлығаш мәз болып.

«Түлкі» деген сөзді естіген бойда Әже қоян сылқ етті. Жерге құлап бара жатқанда оны кірпі демеп қалды.

- Сізге не болды, Әже қоян?-деді кірпі зәресі ұшып. Қос қарлығаш шыр-шыр етіп, қанаттарымен су септі.

Кек алу

Әже қоян есін жиған соң:

- Баяғыда сұм түлкі арғы атамыздың түбіне жетіп еді,-деді еріні дір-дір етіп.

-А, солай ма?! Онда кек алатын кез келді! Сіз қозғалмай жатыңыз. Қазір біз түлкінің сазайын береміз!-деді кірпі. Со-сын қос қарлығашпен бірдеңе деп күбір-күбір сөйлесті.

Қос қарлығаш кірпіні үлкен жібек орамалға салды. Со-сын орамалдың екі шетінен ұстап, көкке көтерілді. Олар түлкінің жақындауын күтіп тұр еді.

Жерде жатқан Әже қоянды алыстан көрген түлкі көзі жайнап:

- Анау дөңкиіп жатқан кім? Әлгі ауру көршілерің бе? Шіркін, өзі де өте дәу екен! Бұны ұзақ емдеуге тура келеді-ау! Күн сайын сүйретіліп өзім келе алмаймын ғой. Дереу өзіммен бірге әкетуім керек оны, -деп, емпілдеп келе жатқан.

Ол таяй бергенде, қос қарлығаш доп-домалақ тастай боп жиырылған кірпіні түлкінің тас төбесіне тастап жіберді. Түлкі етпетінен құлап түсті. Көжектер не болғанын түсінбей қалды.

Тікірейген тікенектер басына кіріп, түлкінің жан дауысы шықты. Ол зар еңіреп айдалаға қашты. Содан бастап бұл орманға жоламайтын болды...

Әже Қоян көжектерін көріп:

- Сендерді сұмтүлкі жеп қоя ма деп қатты қорықтым!-деп, қуанғаннан жылап жіберді. Үш көжек жүгіріп келіп, Әже қоянның бауырына тығылды.



Көп ұзамай артынып-тартынып, азықтарын арқалап Ата қоян, Әке қоян, Ана қоян да жетті. Оқиғаны естіп білген соң:

- Үркек көжек-бөжектерін Әже қоян үнемі «Батырларым» деп еркелетуші еді. Бұлар шынымен де жаужүрек, батыр екен!-деп, мәз болды Ата қоян.

Қояндар дастархан жайып, көршілерінің бәрін қонаққа шақырып, қос қарлығаш пен кірпіге алғыс айтты.

Тілші шымшық

Түлкіні алдарына салып айдап келген үш көжектің ерлігі ертеңіне күллі орманға тарады. Таратқан сол баяғы өсекші көкек еді. Естіген жан-жануардың бәрі ауызын ашып, көзін жұмды.

Тіпті бұл әңгіме аң патшасы арыстанға жетті. Оған бас уәзірі жолбарыс:

- Өмір бойы қорқақ атанған қояндар әулетінен де жаужүрек көжектер шығыпты!- деді. Арыстан қатты қайран қалды.

- Олар қалай батыр болды екен?- деп сұрады жолбарыстан.

- «Қорқақты қуа берсең, батыр болады» деген мақал бар ғой, Әміршім!- деді жолбарыс. Арыстан оның берген жауабына риза болмай:

- Кішкентай көжектердің туғаны кеше емес пе? Олар ненің қуғынын көріп жүр дейсің?!-деп ұрысып тастады.

Мән-жайды анық білу үшін, аңпатшасы дереу «Орман» телеарнасында тілші боп істейтін шымшықты өзіне шақыртты. Ол күн сайын көгілдір экраннан шықылықтап ну ормандағы жаңалықтарды айтып отыратын еді.

Телеарна басшысы кербез де көрікті Тауыс құс: «Сені патшамыз шақырып жатыр», - дегенде, Шымшық шошып кетті. Тіпті тілі кекештеніп, отырған орнынан тұра алмай қалды. Қай жерде, қашан, не бүлдірдім деп басы қатты...

Бармасақа амалы жоқ. Сүйретіліп орнынан тұрып, сүмірейіп арыстанның ақ сарайына қарай аяңдады. Тіпті қорыққаннан қос қанатын көтере алмай қалды. Кенет ол көктен бозторғайдың шат-шадыман әнін естіп қалып, басын жерден көтерді. Бозторғай қандай бақытты еді!

Шымшық бозторғайдың әсем әнін естіп, бір сергіп қалды. Тіпті өзінің жаңбыр жаумай су болған түріне намыстанды. Сосын ол да қанатын дүр сілкіп, көкке көтерілді.

- Ой, сен қайда жүрсің, шымшық досым? Сені патша іздеп жатыр ғой,- деп дауыстады бозторғай.

- Патшаға бара жатырмын...- деді шымшық мұңайып.

- Тездетіп барсаңшы, патшамыз сені күтіп қалды ғой,- деді бозторғай.

- Досым, оның мені неге шақырып жатқанын білесің бе?- деді шымшық аянышты үнмен.

- Әрине білемін. Тауыс ханымға патшамыз: «Ең жақсы тілшіңді маған жібер. Әлгі батыр көжектерді тәрбиелеген қояндардан сұхбат алсын», - деді.

Шымшықтың көзінен бір тамшы жас ыршып кетті. Ол қуаныш жасы еді.

- Жарайды, бозторғай-жан, мен патшамызға кеттім!- деді де зу етіп, Арыстанның Ақ сарайынан бір-ақ шықты.

Аң патшасы

Арыстан өте ақылды және ерекше әділ патша еді. Үнемі ну орман тұрғындарының тыныс-тіршілігіне құлағын түріп отыратын. Ол күнде таңертең өзінің уәзірлерін жинап алып, жиналыс өткізетін. Дәл сол кезде Маймыл көмекші:

- Әміршім, кешіріңіз... Сізге «Орман» телеарнасының әйгілі тілшісі шымшық мырза келіп тұр!- деп хабарлады.

- А, кірсін, кірсін!- деп арыстан патша ұйпа-тұйпа едірейген жалын сипалап, дауысын сәл жұмсартты. Оған шымшықтың дайындаған телехабарлары ұнайтын.

- Армысыз, арыстан аға!- деп шымшық басын сәл ғана иіп, бір қанатымен кеудесін басып, сәлемдесті. Оның өзімсіне



«аға» дегеніне арыстан патшаның іші жылып қалды. Әдетте «О, мәртебелі әміршім», немесе «Ұлы патшамыз» деп аман-дасатын жағымпаздар көп қой. Олардың бәрінен әбден мезі болып еді.

- Шымшық, айналайын, аман-сау жүрсің бе? Бүгін саған айрықша тапсырма бергелі отырмын. Жаужүрек көжектер жайлы өзің де естіген шығарсың. Түлкіні алдарына салып айдап келіпті... Сол көжектердің өзімен сөйлес. Олардың әке-шешесінен сұхбат ал. Қорқақ қояндар батыр көжектерді қалай тәрбиеледі екен, білмей қайтпа!- деді ол.

- Құп болады!- деп басын иген шымшық, ақ сарайдың ашық терезесінен пыр етіп шықты да көкке қарай шарықтап самғай жөнелді.

Шындықты мойындау

Айбарлы арыстан патшадан тапсырма алған шымшық бірден іске кірісті. Сол күні-ақ Ата қоянды іздеп тапты. Ол кең алқапта жайбарақат жабайы сәбіз жинап жүр екен.

- Сәлеметсіз бе? – деді шымшық. Тас төбесінен шыққан шіңкілдек үннен Ата қоян шошып кетті. Сәбіз толы себетті тастай салып, жүрегі тарсылдап, алды-артына қарамай тұра қашты.

Әке қоян мен Ана қоян да сол маңда сәбіз жинап жүрген. Олар да лезде жан-жаққа зытты.

Шымшық Ата қоянның қыр ізінен қалмай, ұзақ ұшты. Ата қоян алысқа шаба алмай, алқынып қалды. Шұбырған терін сүртіп, бір томарға енді отыра бергенде, шымшық оның иығына қонақтай қойды.

-Ата қоян, Мені сізге арыстан патша жіберді. Мен «Орман» телеарнасының тілшісімін. Арнайы тапсырмамен келдім,-деп Ата қоянды әңгімеге тартты.

- Жаужүрек үш көжектің сұм түлкіні алдарына сап айдап келгенін естіп, бәріміз таңғалдық. Олар кімге тартып батыр болды?- деп шымшық камерасын іске қосты.

- Мен қайдан білейін?!. Өзім де аң-таңмын, -деді Ата қоян көзі алақтап.

- Ата-бабаңыздан бұрын батырлар шығып па екен?- деп сұрады шымшық.

- Жоқ, ә! Естісем құлағым керең болсын!—деді Ата қоян.

Оның сөзіне құлақ түріп, Әке қоян қалың шөптің ішінде бұғып отыр еді. Шымшық алыстан байқап қалып, пыр етіп қасына барды да:

- Үш көжекті қалай батыр ғып тәрбиеледіңіз?—деп сұрады.

- Бұған менің түк қатысым жоқ. Шын айтамын!.. Әже қояннан сұраңызшы. Күндіз-түні көжектер соның қасында жүреді ғой,- деді Әке қоян бір құлағын жымырайтып.

Ана қоян аяғын ақырын басып Әке қоянның қасына келе бергенде, шымшық жаңағы сұрағын оған да қойды. Ана қоян ұзын құлағын қасып, не деп жауап берерін білмеді. Сосын:

- Үйден ерте тұрып кетемін. Орманның арғы шетіне. Мен кеткенде, көжектер ұйықтап жатады. Үйге түн ішінде келемін. Мен келген кезде, көжектер ұйықтап жатады. Тіпті солардың қалай өсіп жатқанын да байқамаппын! -деп шын-нын айтты.

Сұхбат алу

Шымшық енді Әже қоянды іздеп, Қояндар Қыстағына қарай ұшты. Әже қоян көжектерін ойнатып қойып, бәйтеректің көлеңкесінде отыр екен. Жақын барып сәлемдескен соң, шымшық көжектерден:

- Сендер түлкіден мүлде қорыққан жоқсыңдар ма?- деп сұрады.

- Иә, түк те қорыққан жоқпыз,- деді Ақ көжек.

- Біз ол кезде өзімізді ойламадық,- деді Қоңыр көжек.

- Бар ойымыз – кірпі көршіні емдету ғана болды,- деді Сұр көжек.

- Жаужүрек үш көжекті қалай тәрбиеледіңіз?- деп сұрады шымшық Әже қояннан.



- Мен оларды «Батырым» деп үнемі еркелетуші едім. Бәлкім содан ба, олар батыр боп өсіп келеді, -деді Әже қоян күлімдеп.

- Ал егер олар бірдеңе бүлдірсе не істейсіз, ұрасыз ба?-деді шымшық ауызы-ауызына жұқпай. Әже қоян:

- Алла сақтасын!.. Ұру түгілі, ұрыспаймын да. Сәбилерге тек жақсы сөздер айту керек. Үнемі жігерлендіру керек. Бірдеңе бүлдірсе, ақырын түсіндіруге тырысамын. Сенбесең, көжектердің өзінен сұра, қарағым,-деді байыппен.

Айрықша балабақша

«Орман» телеарнасынан Әже қоян мен көжектердің сұхбатын тыңдаған аң-құстар Қояндар Қыстағына қарай шұбырды. Біреулері - батыр көжектерді өз көздерімен көргісі келсе, біреулері Әже қояннан ақыл сұрай келетін. Арыстан патша да өзінің ерке абаданын осынау үш көжектің қасына қосып қойсам қайтер екен деп ойлады.

Ақыры ойлап-ойлап, өз патшалығындағы аң-құстардың еркетай, тентек, бұзықтарын жөнге салатын балабақша ашуға бел буды. Бас тәрбиеші - «қорқақты батыр етіп тәрбиелейтін» Әже қоян болды.

Сол күннен бастап, барлық орман тұрғындары өз балақайларын зар еңіретіп, сол балабақшаға әкеле бастады. Орман іші таң атпай у-шуға толды.

Балабақшадағы алғашқы күн

Әже қоян оларды қалай тәрбиелерін білмей басы қатты. Сосын ол:

- Қазір жарыс өткіземін. Кім көп тақпақ біледі екен, көрейік!?! – деп еді, маймылдың Беймаза деген баласы отырған орнынан атып тұрып:

- Мен тақпақ білемін, мен, мен айтайыншы,- деді.

-Ал, айта ғой!- деді Әже қоян.

-Аю отыр партада,

Екі қолы қалтада...

Апай сабақ сұраса,

Ұйықтап қапты, масқара!-деді тақылдап. Қоңыр аюдың қонжығы – Қорбаңбай ең артқы партада отыр еді, қопарыла орнынан тұрды.

- Ей, сен неге өтірік айтасың? Мен сабақта ұйықтап қалғаным жоқ. Аюлар тек қыста ұйықтайды. Сен не соны да білмейсің бе?- деді ренжіп.

- Апай, мен басқа тақпақ айтайыншы!- деді Беймаза қолын шошандата көтеріп.

- Жарайды, айта ғой!- деді Әже қоян.

- Аю, Аю, Медведь,

Апаң саған не деп ед?

Шкафтағы кэмпитті,

Ұрлап, ұрлап же деп ед...-деді Беймаза тақылдап. Қорбаңбайдың қаны басына шапты.

- Аюдан басқа тақпағың жоқ па? Ой, өтірікші! Менің кэмпит ұрлап жегенімді қайдан көрдің? Маған апам ұрла деп айтқан емес!-деп гүж ете қалды да тұра ұмтылды. Беймазаны ұстап алса оңдырмас еді. Маймылдың баласы зып етіп, ағаш басына өрмелеп кетті.

Енді ол биік бәйтеректің ұшар басында отырып алып, басқаларды мазақтауға көшті:

-Кірпі, Кірпі, Кірпі,

Үстің толы ине.

Бірін берсең, шіркін,

Қадар едім түйме!



Кірпінің қызы – Тікенгүл оның сөзіне түк те ренжіген жоқ, тіпті мән бермей отыра берді.

Маймылдың есірген ерке баласы:

-Бақа, Бақа, Балпақ,

Басың неге жалпақ,

Көзің неге тостақ,

Бұтың неге талтақ?-деп, Бақаның кенже баласы Балпаққа тиісті. Ол өте сабырлы да тапқыр екен:

- Су ішінде көп жүзіп,

Содан бұтым талтақ.

Қарауылды көп қарап,

Көзім содан тостақ,

Темір телпек көп киіп,

Содан басым жалпақ!-деп, байыппен жауап берді.

Беймаза енді кімге ұрынарын білмей, Әже Қоянды мазақтауға кірісті:

- Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы-қырлы жерлермен,

Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап еді артына,

Қиығын сап, көзінің,

Келе жатқан томпаңдап,

Көжегі екен өзінің!-деп шек-сілесі қата күлді. Әже қоян да күліп жіберді. Ол күлген соң шәкірттер маз-мейрам болды.

Жұрттың бәрі күлгенге одан сайын масайраған Беймаза енді дауысын бұрынғыдан да қатты шығарып:

-Қарға, Қарға, Қарғалар,

Қар үстінде жорғалар...

Қанды көрсе таласар.

Ақыл-естен адасар!-деп ағайынды Қарғаларға тиісе бастады. Ашулы Қарғалар дүр көтеріле ұшып барды да, Беймаза маймылды шоқып-шоқып тастады.

Маймыл мырза мен Данышпан Қарға

Кішкентай Беймазаның шыңғырған ащы дауысы ақ сарайға да естілді.

- Масқара! Біреу баламды сабап жатыр!- деді маймыл үрейленіп. Сосын дауыс шыққан жаққа жүгірді.

Бір бұтақта қалғып отырған өсекші көкек шыңғырған дауыстан шошып оянды. Қараса, маймыл жанталаса жүгіріп барады екен. Көкек ізінен қалмай:

- Маймыл мырза! Не болды? Зымырап қайда барасыз?- деп сұрады.

- Ойбай! Біреу баламды сабап жатыр! Тәрбиеші қоянның тәрбиесіне беріп едім, - деді маймыл бажылдап. Көкек ести сала:

- Ой сұмдық-ай! Тәрбиеші қоян балалардың бәрін аямай ұрып жатыр! - деп ну орманға жар салды.

- Қарай гөр өзін! Қорқақ қоян құтырайын деген екен!- деп қорсылдады қабан.

- Қоян Құдайын ұмытайын деген екен!- деп ашуланды қасқыр.

- Осыдан менің Қорбаңбайыма қолының ұшын тигізсін, кәрі қоянның быт-шытын шығарайын!- деп гүжілдеді аю.

- Біздің Қоян көршіміз өте сабырлы, ұстамды жан. Ол тіпті титтей шыбынды да ренжітпейді. Өтірікші көкектің сөзіне сенбеңдер!-деп кірпі мен қос қарлығаш күллі орман халқының ашуын басты.



Басқа бәле неден?

Маймыл мырза зымырап жетіп барса, қарғалар кішкентай Беймазаның әбден ұйпа-тұйпасын шығарып жатыр екен. Әже қоян зәулім ағаштың түбінде екі көзі жасқа толып:

- Балақайлар, қойыңдар! Жетер енді, қойыңдар! Кішкентай Беймазаға тиіспеңдерші! -деп жалынып тұр екен. Маймыл ырғып ағаш басына шығып, қарғалардан баласын арашалап алды. Сосын мән-жайды білген соң:

- Басқа бәле – тілден! Балам, бәріне өзің кінәлісің. Ешкімге тиіспе деп мен саған қашанғы айтамын!-деп маймыл баласы Беймазаға ұрысты.

Осы кезде данышпан қарға да сол маңда жүр еді. Ол маймылдың сөзін естіп қалды. Оның өзбаласына жақ болып, қарға балапандарын кінәламағанына қатты риза болды. Сосын ол да өзінің немерелеріне ұрысты:

- Қыз маймыл - жалғыз, сендер – қарғалар, көпсіндер. Естерінде болсын: ешқашан жалғызға жабылуға болмайды!

- Ата, Ата! Беймаза бізге бірінші тиісті.

- Қарр-қарр...Өзі бізді мазақтамасын!- деп шулап қоя берді қарғаның балапандары.

- Кез-келген сөзге өкпелеп, қит етсе ашу шақыруға болмайды, – деді данышпан қарға.

- Иә, данышпан қарға дұрыс айтады. Тез ашулану – ақылы қысқа ақымақтардың ісі!- деді Әже қоян.

Ақылды тентек

Кішкентай абадан туғалы бұндай у-шуды көрмеп еді. Тіпті үйінде жасайтын бар еркелігі мен бұзықтығын ұмытып кетті. Ол бір шетте бәрін үнсіз бақылап отырды да қойды.

Кешкісін оны аң патшасы арыстан қасына шақырып алды. Сосын одан:

- Балам, балабақша қалай екен, ұнады ма? –деп сұрады.

- Маған ақ сарайдағы күтушілердің бәрі: «Сен кереметсің!» дейтін. Мені бәрі алдап жүр екен. Шынымен де мықтымын деп жүрсем...Менен де мықтылар бар екен! –деді абадан мұңайып.

- А, солай ма?- деп таңғалды арыстан.

- Мен бе...мен... жай жүрген біреу екенмін,- деп абадан жылап жіберді. Мұндайды күтпеген арыстан сәл абдырап қалды.

- Қой, жылама. Неге жылайсың?- деді ол.

- Беймаза деген маймыл-қыз көп тақпақ біледі екен... Тіпті ағаштың басына да оп-оңай өрмелей алады,-деді абадан солқ-солқ етіп.

- Балабақшадан не үйрендің? - деп сұрады ол.

- Достарыңды мазақтауға болмайды екен. Басқа бәле - тілден.Беймазаны бір топ қарғалар сол үшін жазалады.

- Сосын тағы не ұқтың?

- Жалғыз жанға көп болып жабылуға болмайды екен. Қарғаның балапандарының бәрі жалғыз маймылға жабылып, жылатты. Солары әділетсіздік болды, -деді абадан.

- Байқаймын, сен біраз ой түйіпсің ғой, абаданым! Тағы не ұқтың?

- Кез-келген сөзге өкпелеп, қит етсе ашу шақыруға болмайды екен. Әже қоян: «Тез ашулану – ақылы қысқа ақымақтардың ісі» деді.

- Бәрекелді! Сен өзің ақылды тентек екенсің. Біреудің қателігінен сабақ алыпсың. Саған ризамын!-деп арыстан абаданының ұйыса тұтасқан жалынан сипады

Тышқанмен кездесу

Әже қоян таң атқанша ұйықтай алмады. Түнімен әр түрлі ойлардан басы қатты. Таң атар-атпастан ол арыстан патшаның ақ сарайына қарай жол тартты. Жолда оған тышқан кездесті.

- Қайырлы таң, Әже қоян! Таң атпай қайда зытып барасыз?-деді тышқан шіңк-шіңк етіп.



- Қайырлы таң, тышқан мырза! Патша сарайына бара жатыр едім, - деді Әже қоян.

- Бас тәрбиеші болыпсыз. Қызметіңіз құтты болсын!-деді тышқан.

- Ой, сол менің қолымнан келмейтін іс екен... Әу баста патшадан қорқып, келісіп едім... -деп Әже қоян терең күрсінді.

- Сіз ақылды жансыз ғой, шамаңыз келмейтін іске жоламағаныңыз дұрыс!- деді тышқан.

- Иә, Бас тәрбиеші болушыдан бас тартқалы барамын,- деп Әже қоян тышқанға шынын айтты да зыта жөнелді..

- Жарайды! Жолыңыз болсын онда!-деп тышқан оның соңынан қолын бұлғады.

Қызметтен бас тарту

Әже қоян жұлдыздай ағып отырып, ақ сарайдан бірақ шықты. Аң патшасы өзінің уәзірлерін жинап алып, аса маңызды бір мәселені талқылап жатыр еді. Маймыл көмекшісі:

- Аса Мәртебелі әміршім! Кешіріңіз, Сізге Орман балабақшасының Бас Тәрбиешісі келіп тұр! – деп хабарлады.

- Бала тәрбиесінен асқан маңызды мәселе жоқ. Кірсін!- деді арыстан патша. Уәзірлердің бәрі орнынан тұрып, Әже қоянды ілипатпен қарсы алды. Арыстан патша:

- Құрметті Әміршім! Сізді ұятқа қалдырғым келмейді. Бас тәрбиеші болу қолымнан келмейді екен. Мені қызметтен босатуыңызды өтінемін. «Әлін білмеген – әлек» дейді ғой. Ел-жұртқа күлкі болатын сияқтымын,- деді Әже қоян. Арыстан патша оның сөзін бөлді:

- Жо-жоқ, қателесесіз! Сіз нағыз мықты тәрбиешісіз. Балабақшаға бір күн барғанның өзінде менің абаданым: «Басқа бәле тілден» болатынын түсінді. Достарын мазақтауға болмайтынын ұқты. Жалғыз жанға көп болып жабылу әділетсіздік екеніне көзі жетті. Кез-келген сөзге өкпелеп, қит

етсе ашу шақыруға болмайтынын білді. Сіз: «Тез ашулану – ақылы қысқа ақымақтардың ісі»деп айтыпсыз. Рахмет Сізге!

- Кешіріңіз, Мәртебелі Әміршім! Абаданыңыз өзі есті балақай екен. Көзбен көргендерінен ой түйген ғой. Данышпан қарғаның айтуынша, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі екен». Ол үйде өз отбасынан, сіздерден алған тәрбиесін көрсетті. Менің ойымша, әр бала өз отбасында тәрбиеленуі керек. Сол дұрыс болады,-деді Әже қоян. Оның сөзін естіген уәзірлер дүркірете қол шапалақтап, орындарынан тұрып, тағы да Әже қоянға құрмет көрсетті...

Сол күні аң патшасы «Бүгіннен бастап әрбір аң-құс өз балаларын өздері тәрбиелеуі керек!»-деп жарлық шығарды. Арыстан патша Әже қоянға рахмет айтып, көп сыйлықтар беріп, үйіне қайтарды.

ӨСЕР ЕЛДІҢ БАЛАЛАРЫ

(Әңгіме)

Ақылбек – бет-әлпеті, қол-аяғы күнге күйген ауылдың кәдімгі қара баласы. Жазғы демалыс кезінде қалаға, туыстарына қыдырып келген. Оның әкесінің ағасы – Мұрат көкесі қалада тұратын. Қала балалары оны «ауылбайский» деп мазақтап, ойынға қоспады. Үлкен қала емес, аядай ауылда туып-өскеніне Ақылбек кінәлі емес қой. Сондықтан ол ешкіммен айтысқан жоқ, тіпті ешкімге сөзін шығын қылғысы келмеді.

Бір жақсысы бұл үйде кітап көп екен. Ол кітап оқығанды өте жақсы көретін. Кітапқа толы тып-тыныш бір бөлмеден шықпай, күні-түні қолына түскен кітапты шетінен оқи берді. Бір күні оның беймезгіл уақытта, кітап оқып отырғанын көрген Мұрат көкесі қатты таңғалды. Сосын:

- Қарағым, сен қандай кітап оқып отырсың?- деп сұрады.

- Фантастика...Роботтар туралы кітап,- деді Ақылбек.

- Әрине, фантастиканы оқыған жақсы, адамның қиялына қиял қосады. Келешекте болатын көп нәрсе әуелі



жазушылардың қиялынан туады. Сосын оны ғалымдар әрмен қарай дамытып, жаңа техникалар ойлап табады,-деді Мұрат көкесі.

Ертеңіне таңертең Мұрат көкесі Ақылбекпен құрдас Асылбек деген баласына:

- Сен күні-түні сотка шұқып, ал Ақылбек кітап оқып, екеуің де сыртқа, таза ауаға шықпайды екенсіңдер. Мен сендерді бүгін робототехника үйірмесіне апарамын,-деді. Асылбек иығын қиқаң еткізді. Ал Ақылбек қатты қуанды.

Сол күннен бастап олар жаңа бір әлемнің есігін ашқандай болды. Бір-бірімен тіл табыса алмай жүрген екі баланың лезде сөздері жарасып кетті. Айтар әңгімелері де - ортақ, айналысатын істері де – ортақ. Робот жасауға қатысты талай-талай кітаптарды бірге оқып, ғаламтордан қызықты материал іздеумен жазғы демалыс уақытының қалай тез өтіп кеткенін сезбей де қалды. Үйірме жетекшісі:

- Жыл сайын балалар мен жасөспірімдер арасында робот жасаудан конкурс болады. Соған қатысыңдар. Бас бәйгені жеңіп алған оқушыға шетелдің мықты бір университетіне тегін жолдама беріледі,-деді балаларға. Оған Ақылбек те, Асылбек те қатты қызықты.

- Ақылбек, екеуіміз осыған қатысайық,-деді Асылбек. Ақылбек ойланып, үнсіз отырып қалды.

- Неге үндемейсің?-деді Асылбек оған. - Үндегенде...не деймін? Әрине, бағымды сынағым келеді. Бірақ, менікі бос әуре ғой. Компьютерім жоқ. Мектептегі компьютерлер ескі. Робототехникаға байланысты кітаптар емге табылмайды. Интернет те жоқ ауылда, -деп терең күрсінді Ақылбек. Асылбек шекесін қасыды. Ауылда осынша қиындықтар барын қайдан білсін ол. Тіпті не айтарын білмей абыржып қалды.

- Ақылбек, сенде жоқтың бәрі бар менде. Ноутбук та, интернет те, керек кітаптар да. Бірақ менің басымда ешқандай тың ой жоқ. Конкурста жеңіске жету үшін, ешкім айтпаған бір идея керек!.. –деп Асылбек қатты-қатты күрсінді.

Кенет көзді ашытар түтін иісі шықты. Балалар асығыспаптығып сыртқа атып шықты. Қою түтін көрші пәтердің

ішінен шығып жатыр екен. Асылбек дереу өрт сөндірушілерді шақырды.. Көп ұзамай, қып-қызыл үлкен машиналар қаланы басына көтере азынап, бірінен соң бірі жетіп келді. Әйтеуір олар дер кезінде өртті сөндірді. Ең бастысы – іште қалған кішкентай балаларды аман алып шықты.

Абыр-сабыр басылғасын, бәрі кешкі ас ішіп отырған, кенет Ақылбек: - Асылбек, менде мынадай ұсыныс бар: қалын өрттің ішіне кіріп, адамдарды құтқара алатын робот ойлап табайық!-деді. Асылбек «алақай!»- деп орынан атып тұрды.

- Мынауың жақсы идея екен. Кейде өрт сөндірушілер біреуді құтқармақ боп жүріп, өздері өледі. Адам кіре алмайтын киын жерлерге роботты кіргізу керек дегенді өз басым құптаймын,-деді Мұрат көкесі Ақылбек пен Асылбекке қарап.

- Әке, онда Ақылбек те мен оқитын мектепке барсыншы. Ақылбек өте еңбекқор, ақылды бала. Екеуміз бірге робот жасап, үлкен конкурстарға қатысайық,- деді Асылбек.

- Ой, айналайын, «Өсер елдің баласы бірін-бірі батырым дейді»... Әрдайым осылай тату-тәтті болыңдар!-деп әкесі екеуін емірене құшағына қысты. Екі бала мәз болып, сыртқа шығып кетті.

- Ауылдан осы бала келгелі біздің Асылбектің мінезі көп өзгерді. Байқайсың ба, бұрын өзімшіл, өркөкірек еді ғой. Сол қылықтарынан арылды. Бауырмал, көпшіл боп келе жатыр,- деді анасы сүйсініп...



Кішкентай PQ-дің бастан кешкендері
(Ертегі-хикаят)

Осынау оқиғалар өте ертеде болған деседі, бірақ қашан, қай жерде болғанын айту қиын. Өйткені бұл өзі ең әуелі ғарыш түкпіріндегі сонау бір көкшіл ғаламшардан басталған екен. Әрине, ол жақтың уақыт өлшемі Жердегіден мүлде бөлек, оны бәріңіз де білесіздер: біздің бірнеше жылымыз олар үшін қас-қағым сәт секілді. Ал сонымен, сөзіме құлақ түріңіздер!..

- Әкешім, анашым, мен ертең Жер ғаламшарына аттанамын!- деді Кішкентай PQ кешкі ас үстінде.

- Қойшы, рас па?

- Ой, сұмдық-ай!

- Жері несі?

- Содан басқасын таңдауға болмады ма? - деді әкесі мен анасы бір-бірімен жарыса.

- Сонша неге шошындыңыздар? Жалғыз мен емес, біздің мектеп түлектерінің бәрі Жердің түкпір-түкпіріне барады,- деді Кішкентай PQ.

- Балам, әрине, қатарыңнан қалмай, барғаның дұрыс қой. Өмір көресің... -деп күмілжіді әкесі.

- Сан алуан зерттеу жұмыстарын жүргіземіз!-деді баласы жігерлі үнмен.

- Менің білуімше, Жер тұрғындары - ең күрделі тіршілік иелері,- деді әкесі.

- Олардың ортасына сіңуің өте қиын болады-ау!- деп терең күрсінді анасы. Күллі әлемдегі аналардың бәрі секілді, ол датым уайымшыл жан еді. Сондықтан Кішкентай PQ шешесінің көкірек жара күрсінгеніне аса мән берген жоқ.

- Түк те уайымдамаңыз. Мен қиындықтан қорықпаймын!- деді.

- Онда жолға дайындал, балам,-деп анасытеріс айнала берді. Оның шамдай жарқыраған барлық көзінен мөп-мөлдір тамшылар тамғалы тұр еді. Бірақ онысын баласына көрсетпеуге тырысты.

- Құрал-саймандарыңды ала кет. Қажет боп қалар,-деді әкесі. Дауысы толқи шықты.

- Жоқ, әке,болмайды. Өзімізбен бірге ештеңе әкете алмаймыз,-деді Кішкентай PQ байыппен.

- Тек бастағы ми мен алған білім ғана кәдеге асады екен ғой. Дұрыс, дұрыс!-деді әкесі басын изеп.

Сәт сайын алуан түске құбылып, сынаптай сусып тұрған ғарыш кемесі зу етіп лезде көкке көтерілді.Кішкентай PQ де, оның серіктері де тұс-тұстан дыбыссыз сырғи ашылған шыны тектес мөлдір, түссіз, қабырғаларға жапатармағай көз тікті. Төменде сан алуан оттары жымыңдап, олардың туып-өскен мекендері, күллі ғаламдағы ең жақын жандары қалып бара жатқанда, қалай қимастықпен қарамасын. Енді бұлар өздерінің аяулы ғаламшарын қашан көрер екен? Қашан үйге оралады? Осы топтағылар түгел бір мезгілде қайта ма, жоқ, әр қайсысы әр кезде, жеке-жеке келе ме? Бәлкім, кейбіреуі сол кеткен жақтарынан келмей, мәңгілік қалып қояр? Бұларға бәрі жұмбақ, бәрі беймәлім. Оны тек бұларға құпия тапсырма берген Жоғары Ғаламшар Мектебінің басшысы ғана біледі.

Әуе кемесі көзді ашып-жұмғанша құлдилап келіп, жұмыртқадай жұмыр Жердің бетіне лып етіп қонды. Жол-басшы ең алдымен Кішкентай PQ-ға қарап басын изеді. Ол достарына қоштасу нышанын істеді де, дереу шығар есікке беттеді. Кенет өзін алда беймәлім орта тосып тұрғаны ойына түсті. Сол сол-ақ екен, кеуде тұсы қатты-қатты дүк-дүк етіп қоя берсін. Бірақ ол қобалжуын ешкімге сездірмеуге тырысты.



Ғарыш кемесі бұны айдалаға тастап кетіпті. Тас қараңғыға көзін үйретіп, жан-жағына қарап, біраз тұрды. Түн деген мезгілдің осындай тас-түнек болатынын есіне түсті. Ғаламшар Мектебінде бұларға Жер туралы арнайы фильмдер көрсеткен. Бірақ ол фильмдерде Ай, жұлдыздар түнгі аспанда жайнап тұрушы еді. Ол қай жаққа қарай жылжырын білмей, тостағандай көздерін алақандарымен басып, азем ойланып қалды. Төбесінде тікірейіп тұрған шаштан да жіңішке сезімтал талшығын жан-жаққа бағыттады. Жақын тұста адамдар мекендейтін кішігірім қоныс бар екен. Ол Жер бетіндегі кәдімгі адамдар секілді аяғымен адымдап жүрмей-ақ, тез қозғала алатын. Аяқтарын қатар қойып, қолдарын жаймен сермеп-сермеп қалды да, сол тұрған орнынан зу етіп лезде қалаған жағына жетіп барды.

Шеттегі ақбоз үйге жақын келіп, сыртынан сипап көрген: жұп-жұмсақ екен. Алақанына жайлы тиді. Ал бұлардың үйлері қол қаритындай сұп-суық, қап-қатты еді. Өйткені іштегі жылуды сыртқа шығармайтын, сырттағы суықты ішке өткізбейтін ерекше металлмен қапталатын. Кішкентай РQ дөңгелек жұмсақ үйдің неден жасалғанын міндетті түрде, анықтап, білуім керек, бірақ қазір емес, кейінірек деген ойды ішіне түйіп қойды..

Ол төбесіндегі тікірейген жіңішке талшығын үйдің ішіне қарай бағыттады. Бебеулеген жіңішке дауысты естіді. Аянышты-ақ. Ол жан-тәнімен бұндай не жағдай болып жатқанын білуге тырысты. Сыртқа әлсіздеу сәуле шашып тұрған кіп-кішкене саңылауға төбесіндегі шаштан да жіңішке, сағыздай созылмалы, сезімтал талшығын тигізді.

Үй ортасында титімдей шырақ жанып тұр екен. Жанын қоярға жер таппай әрлі-берлі, ерсілі-қарсылы безектеп біреу жүр. Соның екпінімен май шамның сүйір тілі жан-жаққа жантая қисайып, шалқып-шалқып кетеді. Кенет қиналған жіңішке дыбыс шырқау көкке көтеріле берді де сап тиылды. Үнсіздік ұзаққа созылды. Ол үйде жалғыз емес екен. Сәлден

соң алақандай ақ шүберекпен оралған бірдеңені қолына ұстап, еңгезердей біреу сыртқа атып шықты. Қолындағы түйіншегінүй іргесіне қоя салды да, еңкілдеп жылап жіберсін.

Бірі - сыртта, бірі іште егіл-тегіл еңіреген екеудің үлкен қайғыға тап болғанын Кішкентай PQ ешкім айтпай ұқты. Екеуін жұбатқысы келді. Бұндайда ауыр қасіретті қалай сейілтуге болады? Екеуіне жылы сөз айтып, көз жастарын аялай сұртсем қайтеді? Кенет өз кескін-келбетінің Жер тұрғындарына мүлде ұқсамайтыны Кішкентай PQ-дің ойына түсті. Түр-түсі бөлек, бөгде біреудің жеті қараңғы түн ішінде жетіп келгенін Жер тұрғындары қалай қабылдар? Тіпті зәрулері ұша қорқып кетсе ше? Кішкентай PQ бастапқы райынан қайтты.

Оның қалыпты бет-бейнесі, түр-тұлғасы жоқ еді. Көгілдір ғаламшар тұрғындарының бәрі де кез-келген нәрсеге өздерінің сыртқы бейнелерін айнытпай келтіріп, лезде бейімделуге қабылетті еді. Тек көзбен бір көрсе жетіп жатыр... Кішкентай PQ асығыс оралған ақ шүберекті ашты. Ішінде қимылсыз жатқан қызылшақа нәрестеге зер сала қарап, жас сәбиге айналғаны сол еді, іштегі ер кісі сыртқа шыға келмесі бар ма? Кішкентай PQ ашылып қалған ақ шүберектің бір шетіне лып етіп жата қалды. Бәрін естіп, біліп жатыр.

- Таң атып қалды, Зеріп. Жерлеу қамына кірісейін,-деді еңгезердей ер адам.

- Ең болмаса, түрін бір көрейінші,-деді нәзік денелі әйел. Ол серігінің қарсылығына қарамай, сүйретіліп есік алдына шықты. Сосын:

- Мен, мен... не егіз тапқанмын ба?—деп таңғала дауыстап жіберді

- Не деп тұрсың? Есің ауысқаннан сау ма? Егізі несі?

- Ия, Қамзабек, мында екі сәби жатыр. Біреуі – тірі екен. Өне, қарашы, тіпті кірпігі қимылдайды. Шынымен, тірі екен! - Кішкентай PQ әйелдің қуанышты түрін көргісі келіп, көзін барынша кең ашты.



- Қайғыдан есің ауысып кетпесе жарар еді? «Қорыққанға қос көрінеді» демекші... - деді еркек абдырап...

- Қамзабек, кел, қарашы, ол бізден көзін алмай, тіпті алма-кезек қарап жатыр өзі! Жарығым, жалғызым! Титімдей жапырағым сол! – Әйел қуаныштан есі шыға, біресе жылап, біресе күліп, тырбандаған тыржалаңаш титтей сәбиді бауырына басып, емірене берді.

Көптен бір перзентке зар болып жүрген Қамзабек пен Зеріптің ұлды болғанын бір-бірінен естіген ағайын-туыс, көршілері құтты болсын айтып, үздік-создық келе бастады. Алайда бәрінің де келулерінен кетулері тез болды. Үйден шығар-шықпастан:

- Ой, сұмдық-ай! Мынау бала емес, бәле болмаса жарар еді. Байқадың ба, үйге келген-кеткендерге, кірпік қақпастан, бақырайып қарап жатыр өзі! . Тап бір бәрін жақсылап есте сақтап қалайын дегендей.

- Рас айтасың... Маған көз алмастан тесіле қарағанда, көзі өңменімнен өтіп кете жаздады.

- Бұрындары үлкендер: «Жаңа туған жас сәби мен жас төлге сұқтана қарамаңдар, көзіміз тисе жаман болады», - деуші еді. Керісінше, бізге мынаның көзі тимесе жарар еді!

- «Алладан бала сұрама, бәле береді» деген осы шығар! - десіп, әйелдердің бір-біріне сыбырлай айтқан сөздері әпсәтте аядай ауылда абыржу туғызды.

Оның бәрінен бейхабар Зеріп титімдей сәбиінің (Кішкентай RQ-дің) қайта-қайта жүзіне мейірлене қарап, ыңылдай әлдилеп отырған. Қуанышында шек жоқ. Қызыл іңірде ауылдың үш-төрт ақсақалы үйге кіріп келді. Қонақтардың жүрістері суыт, түстері суық екенін Кішкентай RQ-дің де іші сезді..

- Апырмай, аманшылық па? Жай жүрсіздер ме?- деді Зеріп жан-жағына жалтақтап.

- Адам ақ пен қызылдың арасында жайдан-жай жүре ме?- деді Қамзабек.

-Қарағым Қамзабек, айналайын Зеріп келін! Біз жаңа туған сәбиге құтты болсын айта келген жоқпыз. Сол бәледен аман тұрғанда құтылыңдар дегелі келдік.

- Құтылғаны несі?-деді Қамзабек аң-таң болып.

- Қанша жыл бір шаранаға зар болып жүргенімізде бұны бізге Құдай берді. Енді неге одан бас тартамыз?-деп Зеріп шаңқ ете қалды. Дауысы ащы екен. Келген шалдар жан-жақтан жапа-тармағай шулап қоя берді:

- Айналайын келін, сабыр ет. Мейірімі күшті Аллаһ тағы берер. Келер жері кең болсын.

- Туа сала тесірейіп, жұртты шошытып жатыр екен.

- Иә, иә...Бұл жақсылықтың нышаны емес, қарақтарым....

- Бұдан басымыз аман тұрғанда құтылу керек!

- Ертең ерте көшеміз. Таң атпай тұрып, қоныс аудармасақ болмайды. Буынып-түйініп, дайын отырыңдар.

- Анау бәлені бесігіне бөлеп, қалдырып кетесіңдер! –деп бұйрық раймен кесімді сөздерін айтқан ақсақалдар үйді-үйлеріне тарасты. Олар кете сала, Қамзабек нәрестенің бетіне үңілді. Шынымен де кірпік қақпастан қарап жатыр екен. Бұлар енді қайтер екен дегендей. Қамзабек тез көзін тайдырып әкетті. Зеріп, қанша дегенмен, ана емес пе, көңілі жамандыққа қимай, түні бойы жылады. Таң ата шағын ауыл түгел түйелерге көрпе-төсектерін артып, ат арбаларға бала-шағаларын отырғызып, күн шығысқа бет алды.

Қамзабек жүрегі қан жылап, көңілі қимай тұрса да, аузы дуалы ауыл ақсақалдарының сөзін жерге тастаған жоқ. Зеріптің зар жылағанына қарамай, бесіктегі сәбиді көшкен үйдің жұртына қалдырып, көшке ілесті.

Бұл көш бұрынғы көштерге мүлде ұқсамайды. Жазғытұрым ел-жұрт ерекше сән-салтанатпен көшуші еді. Ел шетіне тиген жарақты жаудан, не тілсіз жау: қалың өрт пен топан судан қашқандай бір түнде асығыс жиналды. Біресе түйе үстінен жүктері ауып, біресе арбалары сынып, діттеген жерлеріне діңкелері қатып, азар жетті.



Маңыраған қой, кісінеген жылқы, боздаған бота, мөңіреген сиыр, жылаған бала, ауыл үсті азан-қазан... Жұрттың бәрі батар күнмен таласып, жапа-тармағай шаңырақтарын көтеріп, уықтарын қадап, керегелерін керіп, босағаларын бекітуге кірісті. Қолы бос жай жүрген бір адам жоқ. Тіпті шал-шауқан, кемпір-сампырларға дейін қарап тұрмай: «Әй, қарағым, ананы өйту керек, мынаны бүйту керек»деп жастарға ақыл айтып, арасында кейбіреуі шыдай алмай, өздері де араласып кетті. Үй тігер-тікпестен, қыз-келіншектер жанталаса самауырын қайнатып, қазан көтеріп, жаппай кешкі астың қамына кірісті.

Қамзабектер іңір қараңғысы түскенде үй тігіп болды. Құр сұлдерін сүйрете, табалдырықтан ішке аттай берген Зеріптің жан дауысы шықсын. Ескі жұртқа тастап кеткен тал бесігі киіз үйдің қақ ортасында өзі-өзінен тербеліп тұр екен. «Енді сенен өлсем де айырылмаспын!»-деп, ботадай боздаған жас әйел бесікті бас салды. Оның дауысын естісімен, іле-шала үйге кірген Қамзабек таңғалғаннан талып қала жаздасын.

Жаманат хабар жата ма, естіген жұрт шошына жағаларын ұстады. «Жұрт не десе де, маған енді бәрібір! Балапанымды көзін жәудіретіп, ешқайда тастамаймын!»-деп үзілді-кесілді сөзін айтқан Зеріпке қылар қайраны болмай, Қамзабектің басы қатты. Ауыл адамдары тағы да таңға таяу дүр көтеріле көшіп кетті. Тек жалғыз үй маңдалада жетімсіреп қала берді.

Әке-шешесі шілдехана тойын жасап, азан шақырып, атын қоймаған жас сәби жұрт көзінен таса жерде өсіп жатты. Бір күнде бір апталық баладай, бір аптада бір айлық баладай, бір айда бір жасар баладай болды. Есті бала - Кішкентай PQ Зеріп анасының әлдиіне елітіп, түн сайын Қамзабек әкесінің ертегі-аңыздарын көңіліне тоқып жүретін.

Мал сауғанда, қасынан бір елі қалмайтын ұлының әр қылығына анасы да мээ. Титімдей баланың қоймайтын сұрағы жоқ. Өзі сүйсініп ішетін сусындары – қымыз, шұбат,

айранның қалай істелетінін көргісі келіп, айналып маңынан шықпайды. Тіпті шешесі ішек-қарын аршып, құрт-ірімшік жасап, қуырдақ пісіріп, қазы айналдырғанда да көз алмай қарап отыратынын қайтерсің!?. Кішкентай PQ «Мал - адамдарға тек қорек үшін ғана керек», - деген ой түйді.

Бірақ көп ұзамай, ол тағы да өзі үшін тосын «жаңалықтар» ашты: адам малды тек етін жеп, сүтін ішу үшін ғана бақпайды екен. Малдың жеуге жарамайтын жүні де, терісі де, сүйегі де, тіпті тезегі де пайдалы екен. Кей-кейде әкесі бұны қасына отырғызып қойып, қолындағы аспаппен күңіреніп күй тартатын.

- Мынау не? - деп сұрайды балақай.

- Бұл ма, бұл – домбыра, құлыным.

- Ол неден жасалған?

- Ағаштан.

- Оның мынау әуен шығаратыны да ағаш па?

- Жоқ, балам, қос шегі малдың ащы шегінен жасалады. -

Соны естіп, Кішкентай PQ таң-тамаша болды.

Қысқа таман анасы жеңіл тон мен тұмақ тігіп берді. Оны құлын терісінен илепті. Бір күні ұлпілдеген аппақ қолғап сыйлады. Бұл қуана шаттанып:

-Бұны қайдан алдыңыз, апа?-деп сұрады.

-Жаздай өзің баққан ақ лағыңның түбітінен тоқыдым,- деді ол күлімдеп. Көп ұзамай әкесі аяғына жып-жылы бірдеңе кигізді.

- Бұл не, әке?-деді бала таң-тамаша болып.

- Бұл – киіз пима. Енді қатты суықта аяғың тоңбайды!

-деді әкесі ұлының аяғына сүйсіне қарап тұрып.

-Ол неден жасалған, әке?

- Қойдың жүнінен бастырдық.

Кішкентай PQ өздері тұрып жатқан үйдің де, жерге төселген төсеніштің де малдың жүнінен бастырылған киіз екенін білгенде таңғалысын жасыра алмады. Тіпті отқа жағатын отындары да малдың кепкен тезегі екен. Көктемде әкесі өгізді ағаш соқаға жегіп, жер жыртып, аздап бидай екті.



Сол кезде ол малдың күш көлігі болатынын өз көзімен көрді.

Анасы сиыр сауып, сүтін күбіге пісіп, одан алған майды бір ыдысқа жинап жүретін.

-Апа, бұл не?- деді бала қызыға қарап.

- Ыдыс қой, балам.

- Ол неден жасалған?

- Қойдың қарынынан.

- Сонда қалай?

- Жаңа сойылған қойдың қарынын жақсылап тұзды сумен жуамын. Сосын біраз уақыт кептіріп қоямын. Қарынға салынған сары май өте дәмді болады, әрі ұзақ уақыт бұзылмай, жақсы сақталады,- деп түсіндірді шешесі.

Малдарын қораға қамап, кешкі астарын ішіп болған соң, әкесі оған қызылды-жасылды кішкене ойыншықтарды шашып тастап, «Ханталапай» ойнауды үйрететін. Сүйікті «ойыншығының» қой асығы екенін білгенде, тағы да таңғалысында шек болмады.

Кей-кейде «Аты жоқ бала» ас жеп болған соң, қойдың қу жауырынын қолына алып, аударып-төңкеріп, үңіле қарап, «Әке, биыл қыс қатты болады», -деп, алдын-ала ауа-райын болжап отыратын. Айтқаны айдай келетін. Анда-санда қалтасынан кішкентай түйіншегін шығарып, ақ шүберек үстіне қой құмалақтарын шашып жіберіп: «Апа, қазаныңды көтере бер, бүгін үйге қонақ келеді», -дейтін. Шынымен де сол күні ойда-жоқта бірлі-жарым адамдар келіп жататын. Соның бәрі үлкендерге қызық көрінетін.

Алғашқы жылдары жолдан адасқан жолаушылар, не жоқ іздеп жүрген малшылар болмаса, бұлардың есігін бейсауат ешкім аша бермейтін. Жапандағы жалғыз үй қиналғандарға қол ұшын беріп, шөлдеп келгендерге сусын ұсынатын. Әсіресе аттан құлап, мертігіп, қол-аяқтары сынғандарды «Айрықша бала» алақанымен сәл ғана сипаса, сауығып кететін. Ерекше қасиеті бар «Аты жоқ баланың» дақпырты ел ішіне лезде тарап кетті. Айықпас ауыр сырқатқа шалдыққандар дерттеріне дауа іздеп, оған арнайы келе

бастады. Санаулы уақытта сауыққандар саны өсе берді. Келгендердің бәрі БалаТәуіпке алғыс-баталарын айтып, Қамзабек пен Зеріпке қолда барларын беріп кететін. Елсіз-күнсіз айдалада жалғыз үй отырса да бұл отбасы ешқашан ештеңеден таршылық көрген жоқ. Бұның аяғы құтты болып, Қамзабек пен Зеріп оншақты ұл-қызды өмірге әкелді.

Есті бала ерте есейіп, аз ғана жылда ат жалын тартып мінер азаматқа айналды. Жұрт бірақ оны бұрынғыша Бала Тәуіп деп атайтын. Өйткені оның Кішкентай PQ деген шын атын өзінен басқа ешкім білмейтін. Ол өзінің басқа ғаламшардан келгенін ешқашан естен шығарған жоқ. Жейтін тамағын да, мінетін көлігін де, киетін киімін де, тұратын баспанасын да, көрпе-төсектерін де, жерге төсейтін төсеніштерін де, қыста жағатын отынын да, баласының ойнайтын ойыншығын да, күй аспабының ішегін де, тіпті тылсымнан сыр тартып, алдын-ала ауа-райын болжайтын «жауырыны» мен бал ашатын «құмалағын» да өздері бағып жүрген малдан алатын, қарапайым адамдардың тұрмыс-тіршілігін терең білген сайын қайран қалушы еді. Олардың еңбекқорлығына, төзімділіктеріне сүйсінетін. Қонақжайлықтарына қызыға қарайтын. Ол өзі келген ғаламшар тұрғындарымен Жер тұрғындарын іштей салыстырып жүретін.

Кей-кейде әкесінің: «Менің білуімше, Жер тұрғындары - ең күрделі тіршілік иелері,-деген сөзі есіне түсетін. «Олардың ортасына сіңуің өте қиын болады-ау!»- деп терең күрсінген анасы көз алдына келуші еді. «Менің жолым болды, әйтеуір адамдар арасына тез сіңіп кеттім. Ал өзіммен бірге ұшып келгендердің хал-жағдайлары қалай екен? Кім қайда, не істеп жүр екен?» деп жолдастарын да анда-санда ойлап қоятын. Жан-жақтан дертіне дауа іздеп, өзіне келген адамдардан ара-тұра алып-қашпа әңгімелер естігенде, бұл солардың ісі екеніне еш күмәнданбайтын.

Бірде алыс елден келген егде жолаушы елсіз құм ішінде ағалы-қарындасты екі адамның тұрып жатқанын айтты. Олардың тек бір кәрі түйесі мен жалғыз тазы иті бар



екен. Маңайдағы ауыл адамдары той-томалақ болғанда, ол екеуін де қатардан қалдырмайды. Олар арнайы шақыра барғандардың ат-көліктеріне мінбей: «Жарайды, бара беріңіздер, арттарыңыздан барамыз ғой», - деп қалып қояды екен де, бірақ өздері олардан бұрын барып отырады. Құм ішінде жалғыз ғана жол. Ыңыршағы айналған кәрі түйеге мінгесіп, қабырғасы арса-арса тазы итті ертіп алып, көзге көрінбей, шаңдақ жолға іздері түспей, олардың қалай тез жетіп келетініне жұрт үнемі таңғалады екен. Ағасы - сүр бойдақ екен, қарындасы да өмірі адам баласына күйеуге тимепті. «Кәрі атан мен тазы ит солардың күйеуі мен әйелі екен. Екеуі де перілермен некелесіпті», - деп жұрт өсектейтін...

Айшылық алыс жерден әйелін емдетуге әкелген бір жігіттен де қиял-ғажайып ертегідей бір әңгіме естіді. Мешітке бармай-ақ, молданың алдын көрмей-ақ, бір түнде аян түс арқылы киелі Құран кітапты бастан-аяқ судыратып жаттап алған ғажайып жас бала туралы айтты. Ол ол ма, әлгі бала күңіренге Құран оқып, күркірей ағып жатқан өзенді теріс ағыза алады екен. Үйде оның әңгімесін тыңдап отырған адамдардың бәрі таңдана таңдай қағысып жатты.

Кішкентай PQ- Бала Тәуіптің де атағы алысқа кетсе керек. Бұны жердің бір түкпірінен іздеп келушілер саны жылдан-жылға көбеймесе азаяр емес. Қысы-жазы Қамзабектің есігінің алдынан байлаулы ат кетпейтін, Зеріптің қара қазаны оттан түспейтін. Ешбір емшінің де, бақсының да шамасы келмеген талай-талай ауыр науқасты емдеп жазды. Көңілдері бірленген жолаушылар тап бір туысының үйіне келгендей бірнеше күн асықпай жатып, демалатын. Ас ішіп болған соң, әңгіме соғып, таңды-таңға ұластыратын құдайы қонақтардың айтпайтын әңгімелері жоқ. Адам сенгісіз небір оқиғаларды ауыздарының суы құри, жыр мен жұмбақ қып айтып отыратын.

Бір ауылға қартайса да қуаты қайтпаған бір жалғызбасты шал көшіп келіпті. «Қайдан келген адамсың?» деп, ауылдың

сыйлы ақсақалдары әңгімеге тартса, жөнін айту түгілі, оларды көзге де ілмейді екен. Намыстанған қариялар тепсе темір үзетін жас жігіттерге айтып, беймәлім шалды терезесіз тас сарайға қаматып қояды. Тәубесіне келтірмек болып. Бірақ әлгі адам қандай темір құлып салса да бұзбай, сындырмай, қамаулы тұрған жерінен сытылып шығып кете береді. Жіңішке шыбықпен сусыма сары құмға сәйгүліктің суретін сызады, салған сол суретке жан бітіп, атқа айналады. Өзі соған мініп алып, ауылды айнала дүсірлете шапқылайды. Көргендер зәресі ұшып: «Жын ба, пері ме? Құрысын, енді бұған жоламайық!»-деп жан-жаққа қашыпты. Төбе басына тіккен шалдың күркесіне сол күннен бастап жан баласы жуымайды екен.

Бір жылы ала жаздай бір тамшы жаңбыр тамбайды. Жер қуаңшылық болып, егіс шықпай қалады. Жер емшегін еміп күн көріп отырған жұрттың бәрі сары уайымға салынып, қатты қайғырады. Бір күні әлгі беймәлім шал биік төбенің басына шығып алып, қоймастан ысқырады. Ол отырған төбенің басына жан-жақтан бұлт үйіріле бастайды. Артынша сатыр-сұтыр найзағай ойнап, бір апта ағыл-тегіл жаңбыр жауыпты. Егіндері ағыл-тегіл мол судан шіріп кете ме деп зәрелері ұшқан жұрт шалға барып, «Айналайын, ақ көке, жауыныңа рахмет, енді тоқтата қойшы!»-деп жалынып, жалбарыныпты. Күні-түні шелектеп төгілген нөсер жауын шал ысқырса, сап тиылыпты. Күндердің күнінде ол түтіні будақтаған отарбаның суретін салады. Өзі соған отырып алып, темір жолсыз-ақ, қара жерді қақ айыра тайып тұрған екен...

Бала Тәуіп - Кішкентай PQ сол әңгімелерді естіген сайын езу тартатын да қоятын. Жұрт құсап ауызын ашып, көзін жұмбайтын, таңырқап, таңдай қақпайтын.

Күндердің күнінде бұның да әке-шешесі қартайды, інілері үйленіп, қарындастары ұзатылды. Тек үйленбей жүрген өзі ғана еді. Қамзабек те, Зеріп те: «Қарағым, жалғыздық бір Құдай ғана жарасқан», -деп тұспалдай айтқанымен, күні-



түні адам емдеуден қолы тимей жүрген тұңғыш ұлдарына үйлен деп ашықтан-ашық айтуға бата алмай жүріп, олар да бір күнде өмірден өтті... Жаманат жата ма... Кезінде өздерін айдалаға жалғыз тастап көшіп кеткен ағайын-туыстары екеуі көз жұмған соң, «ой, бауырымдап» аңырап, ойдан-қырдан ағылды. Екеуінің сүйегін ата-бабалары жатқан үлкен қорымға қойды. Бала Тәуіптің бұрын барып көрмеген жері еді. Төрт құлақ бейіттерді аралап, ой үстінде көп жүрді.

Бір таңғалғаны бәрінің де үстіне ай мен жұлдыз белгісі қойылыпты. Демек, бұл марқұмдар да әу баста Кішкентай PQ құсап, сонау Айдың ар жағындағы ғаламшарлардың бірінен Жер бетіне келсе керек.. Тәндері топырақпен көмілгенімен, жандары сол жаққа қайтадан ұшып кетпегеніне кім кепіл?! Әшейінде: «Ит өлді, мал өлді, құс өліп қапты», -дейтін адамдар, неге «Қамзабек пен Зеріп қайтыпты, қайтыс болыпты», -дейді? Расымен де екеуінің жандары баяғы заманда ата-бабалары келген жаққа қайтып кеткені айдан-анық.

Бұның да өзі келген ғаламшарға, онда қалған әкешешесіне қайтар кезі таяп қалғанын кішкентай PQ-дің іші сезеді. Өзін туған балаларынан да артық көріп, жүрек жылуларын төккен, алақандарына салып мәпелеп өсірген Қамзабек пен Зеріптің басына күмбезі алтындай жарқыраған үлкен кесене тұрғызуға жан сала кірісті. Тек әйтеуір осы құрылыс біткенше, Жоғары Ғаламшар Мектебінен шақырту келмесе екен деп тіледі ол...

Ақыры ойындағы шаруасын тындырып, көңілі бірленді.

Сол күні аяқ астынан аспанды қара бұлт торлады да, күн күркіреп, найзағай жарқылдады. Жаз бойы бір тамшы тамбастан аспан безеріп тұрған. Жұрттың бәрі мез. Әсіресе балалардың қуанышында шек жоқ. «Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр!» -деп жалаңаяқ, жалаңбас далада шапқылап жүр еді. Аспан қақ айырлардай күркіресін бір. Зәресі ұшқан жұрт: «Найзағай жарқылдап тұрған кезде жүгірмеңдер. Бастарыңа жай түседі!» -деп ұл-қыздарын үйді-үйлеріне қуып тықты. Артынша шелектеп жаңбыр жауа бастады. Кенет үйде отырғандардың бәрі жердің дір ете қалғанын сезді.



- Масқара, көне қорым жаққа түрс етіп найзағай түсті!
-деді балалар шошына.

- Тәуіп ағамыз аман болса жарар еді,-деді ересек інілерінің бірі уайымдап.

- Ой, ол кісі отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын айрықша жаралған жан емес пе?! Қайнағаға не болушы еді?!-деді келіні жайбарақат шәй ішіп отырып.

Ертеңіне күн ашылған соң, бауырлары атпен қорым басына барды. Күнге қол созған күмбезді бейітті көріп көздері шарасынан шығып кете жаздады. Күмбездің аспан түстес бояуына дейін керемет!.. Қолында ештеңесі жоқ жалғыз адам, бұны қалай тұрғызды екен деп қайран қалды бәрі. Тіпті таңғалғаннан тілдерін жұтып қоя жаздады.

(Олар оның топыраққа бозбиенің қылы мен сүтін араластырып, сосын атпен илеп, бастырғанын, әбден иі қанған балшықтан кірпіш құйып, қанша уақыт желге қақтырып, ыстық күнге кептіргенін, кепкен кірпішті сексеуілдің отына баппен күйдіргенін, сол сыңғырлай күйген қызыл кірпішті асықпай, айдың сәулесімен, түнгі салқында қиюластыра өргенін қайдан білсін)!

Баланың бойындай табиғи тастан қойылған құлпытасына үңілді. Ай мен жұлдыздың таңбасын салыпты. Астына бірдеңе жазылған екен. Ешкім оқи алмады. Адам түсінбейтін тілдегі бірдеңе!.. Хәріптерін тап бір былқылдап тұрған саз балшықтың үстінен жіңішке шыбықпен оп-оңай жаза салғандай. Алайда бір інісі өткір пышақпен кескілеп сызып еді, қап-қатты көктасқа терең батыра хәріп жазбақ түгілі, сызық та түспеді.

Күмбезді кесене алдындағы үй орнындай дөңгеленген жердің шөбі ерекше көкпіңбек боп екен. Оның біп-биік боп желкілдей өсіп тұрғанын көріп бәрі таңғалды. Өйткені маңайдағы жердің бәрі тып-типыл, қу тақыр еді. Елден ерек жап-жасыл «шеңбердің» сыртында Бала Тәуіптің ақ киіз қалпағы мен көнетоз шапаны, жыртық шалбары мен саптама етігі шашылып қалыпты.



- Ағамыздың үстіне найзағай түскен бе сонда?-деді бірі түсі боп-боз боп.

- Қой, жаман ойлама. Найзағай түссе, күлі қайда онда?-деді екіншісі оны жұбатып.

- Киімдерін асығыс шешіп, бір жаққа кетіп қалған сияқты ғой өзі!?- деді үшіншісі таңғалып...

Жер үстіндегі міндетін абыроймен атқарған Кішкентай PQ бұл кезде өз үйіне, туған әке-шешесіне, өзінің ғаламшарына қуана қайтып бара жатыр еді.

ЖАҢАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДАР

(Хикаят)

«Әр қазақ - менің жалғызым»

Сабыр Адай

Ғаламтордағы танысу

- Hello! - /Сәлем!

- Hi! - /Сәлем!

- Where are you from? -/Сен қай елденсің?

- I'm from Kazakhstan. - /Мен – Қазақстаннанмын.

-Are you Kazakh? - /Қазақсың ба?

- Yes, I am... - /Иә...

- I am Kazakh too. - /Мен де қазақпын.

- О, қазақпын дейсің бе?.. Онда, алдымен сәлемдесіп қояйық!

- Ассалау-мағалейкум!

- Уағалейкум-ассалам! Сенің сәлемдесуің атамды еске салды. Ол кісімен жұрт өстіп амандасатын. Ауылда... Алыстан әдейі бұрылып кеп. Қос қолдарын беріп. Бірақ, қалаға келгелі, ешкіммен бұлай сәлемдескен емеспін.

- Here?

- Көршілер сәлем берсем, көрсе де көрмегенсіп, тұсымнан тұқшия өтіп кетеді. Телефондарына үңіліп... Атам айтпақшы, «үлкен қаланың сәлемі де сатулы» екен.

- Ал мында, Америкада, адамдар, танысын-таныма-сын, бір-біріне жымия қарап, сәлемдесіп жатады. Қабағын қарс түйіп, қара бұлттай түнеріп жүрген ешкімді көрмейсің.

- О-о! Сен, сен... Америкада тұрасың ба? Қандай бақыттысың!

- Ой, оның несі бақыт? Мен үшін нағыз бақыт... Жарайды, оны жата-жастана білерсің.

- Онда, кел, танысып қояйық. Менің атым – Еламан. «Еліміз аман болсын» деген ниетпен атам қойыпты. Марқұм ұйқыға жатарда: «Е, Ұлы Жаратушым, елімізді, халқымызды топансудан, зілзаладан, өрттен, соғыс қатерінен сақтай гөр! Ойда – орыс, қырда қытай аман болғай!»-деп күбірлеп, ұзақ тілек тілейтін.

- Атаң қызық адам екен! Жарайды, өз бала-шағасының, өз елінің амандығын тілесін. Ал, орыс пен қытайдың амандығын қайтеді?

- Соған мен де таңғалушы ем. Бір күні шыдамай өзінен сұрадым. Сонда: «Қарағым, бабаларымыз: «Кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш»,- деген екен. Екі алпауыт елдің ортасындамыз. Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас. Қос көршінің қарны тоқ, ұйқысы тыныш болса, біз де жаман болмаспыз»,- деді.

- Ия, сөзінің жаны бар. Таяуда Катрин ханым маған: «Мынау - сенің туған жерің Қазақстан. Ол Қытай мен Ресейдің екі ортасында жатыр»,-деп дүние жүзілік картадан көрсеткен.

- Катрин ханым дегенің кім, мұғалімің бе?

- Жоқ. Қалай түсіндірсем екен?..Ес білгенде асырап алғасын ба, «мама» деуге ауызым бармай жүр. Ол ең алғаш өзін «Катрин ханыммын» деп таныстырған. Сосын мен де солай атап кеттім. - Айтпақшы, атың кім сенің?

- Жандос. Бірақ Катрин ханым «Джони» деп жаздыртқан. Сенімен танысқанымға қуаныштымын, Еламан!

- Мен де...Жақсы, Джони, сау бол!



Темекінің иісі

- Салам, Джони!

- Салам, Еламан! Өтінемін, Жандос деші. Жүрегіме сол сөз жылы тиеді. Көптен хабарсыз кеттің ғой?

- Күннен-күнге сабақ қиындап барады. Шынымды айтсам, ағылшын тілінен нашар баға алып, содан...

- Не... содан?

- Әкем қатты ренжіді. Интернет қосуға тиым салды.

- Ұрысса да әкең болғанға не жетсін! Әке демекші... Кеше әкем жайлы эссе жазып, жоғары балл алдым. Мұғалім директор мырзаға көрсеткен екен, оған да ұнапты. Дереу үздік шығармалар тұратын көрмеге қойғызды.

- Оқуға бола ма?

- Әрине. Оқып шыққасын, пікіріңді айтарсың. Бірақ мақтаншақ біреу екен деп ойлап қалма.

«Әке туралы естелік»

Қазақстанда шағын қалалар аз емес. Бала кезімде сондай қалашықтардың біріне шалғай ауылдан көшіп келдік. Сол жылдары біздің елде бір үлкен өзгеріс жүріп жатқаны еміс-еміс есімде. Біреу қолын сермелеп, теле арналардан күні-түні сөйлеп жататын: «Қайта құру, қайта құру», - деп. «Біздің ең үлкен басшымыз», - деп, әкемнің таныстырғанын әлі ұмытқан жоқпын. Шыбын тайып жығылатындай жып-жылтыр жұмыр басын - Жер Шарына, ал маңдайындағы, меңнен гөрі ұзыншалау, қоңыр қалын шеті мен шегі жоқ алып мұхиттағы бір-біріне созыла жалғасып жатқан аралдарға ұқсатушы ем.

Әкем қала сыртындағы үлкен шахтада жұмыс істеді. Жақсы жұмыс істеп, жоспарды асыра орындаған жұмысшылардың суреті «Құрмет тақтасында» қаз-қатар ілулі тұратын. Көше жақ бетте. Солардың ортасынан әкемнің таныс бейнесін көргенде кеудемді мақтаныш сезімі кернейтін.

Бір күні ол үйге ұнжырғасы түсіп, қатты қамығып келді. Жұмыс орыны жабылды ма, әлде қызметінен қысқарды ма, анық білмеймін. Ол кезде кішкентай баламын ғой. Жұмысшылар топталып қайта-қайта шахта басшыларына баратын. Әйтеуір ұзақ уақыт айлықтарын ала-алмай жүрді. Кейде тіпті мен де әкеме ілесіп баратынмын...

Үйіміздің тап іргесінде тігін фабрикасы бар еді. Анам сонда жұмыс істейтін. Биік мұржасынан қысы-жазы аппақ бұлт секілді ақ түтін будақтап жататын. Көккке шұбатылған сол түтін бір күні тоқтап қалды. Ойда-жоқта. Ақ түтінді ес білгелі көріп келе жатқасын ба, маған тосын көрінді. Күн сайын шығып жүрген Күн көк жүзінен көрінбей қалғандай таңғалдым. Анам енді жұмысқа баруды қойды. Үйде ақша таусылды. Тамақтан тарыға бастадық. Сосын алтын сақина, сырға, алқаларын сатты.

Бір күні ол пойызға отырып, алыс бір жаққа аттанды. Бейтаныс біреулерге ілесіп. Базары көп, үлкен қалаға кеткенін артынан әкемнен естідім. Оның келуін тықырши күтіп жүруші ем. От жағылмаған мұздай үйде. Қырау қатқан терезелерге телміріп. Неге екенін кім білсін, әйтеуір сол жылдары қалада жылу жиі болмай қалатын. Бәлкім жылу қазандықтары тозды ма екен? Мүмкін атамзаманғы темір құбырлары ескірген болар?... Әлде отын тапшы ма екен? Ол жағын айта алмаймын.

Анам қақаған қара суықта төбесі ашық жайма базарда тұратын.. Ұсақ-түйек бірдеңелер сатып. Әкелген заттары өте қоймай, үйге тым кеш келетін. Тоңып, жаурап, қарыны ашып...Бір күні сақылдаған сары аязда суық тиіп, қызулап қатты ауырды. Әкем шахтадан әбден күдер үзгесін, темір жол вокзалына, әуежай мен базарға барып, жолаушылардың жүгін таситын. Кейде басы салбырап, құ жанын сүйреп үйге әзер келуші еді. Анама дәрі алмақ түгілі, нан алатын да ақша болмай, ашқұрсақ жүрген күндеріміз жиілей берді.

Байғұс анамды қатты аяйтынмын. Күннен-күнге көзінің нұры сөніп, жағы қушыып, құр сүлдері қалды. Көктемге әзер



ліндік. Бір күні сабақтан келсем, төсегі жинаулы тұр екен. Тап-тұйнақтай боп. Көршілер күбірлей сөйлесіп, үйге кіріп-шығып жатты. «Дәрігерлер анаңды Америкаға жіберді. Енді ұ-за-а-а-ақ емделеді», - деді әкем дауысы дірілдеп. Көзіме тура қарай алмады... «Жолға ақшаны қайдан тапты?» - дедім, балаға тән әуесқойлықпен. «Көршілер жинап берді. Ақша тек баруына ғана жетеді... Өскесін, оны үйге өзің алып қайтарсың, балам. Ол үшін сабағыңды жақсы оқы, әсіресе, ағылшын тілін мықтап үйрен», - деді арқамнан қағып.

Кісі аяғы басылғасын, үйде екеуміз ғана қалдық. Ол түні бойы тас қараңғы терезеге телміре қарап, үсті-үстіне иісі удай ащы, арзан темекіні бұрқырата шекті. Будақ-будақ буалдыр түтінмен бірге бір сәт басқа әлемге сіңіп кеткісі келгендей көрінді. Күнде-күнде сол көрініс болса да, көзім үйрене алмады.

Сол жылы Катрин ханым біз тұратын шағын қалаға Америкадан волонтер боп келіп, ағылшын тілін тегін үйрететін курс ашқан. Жанымды салып, шет тілін үйрене бастадым. Қандай қиналсам да сабақтан қалмаушы ем. Бар арманым - тезірек тіл үйреніп, «Америкаға кеткен» анамды үйге алып келу. (Өлді дегенге әлі күнге көңілім сенбейді...)

Бір күні мектепке бара жатып, көшеде құлаппын. Басым айналып, көзім қарауытып. Есімді жисам, ауруханада жатыр екем. Біраз күн емделіп, үйге келсем, үйіміз жоқ. Өз көзіме өзім сенбедім. Орнында тау боп үйліп күлі ғана жатыр. Қамыстан жасалған, ескі үй еді. Барак типтес. Сол нашар үйде бізден басқа да бірнеше отбасы тұратын. Өрттің неден шыққаны беймәлім. Әйтеуір көршілердің бәрі таңға жуық бір-бірін оятып, жанталаса қашып шығыпты. Ал әкемнің өлі-тірісін ешкім білмейді... Содан бері темекі түтінінің ащы иісі шықса, бірден әкем есіме түседі.»

- Өте әсерлі жазыпсың, Жандос. Бәлкім сен, өскенде жазушы боларсың?! Бұрын біз ауылда тұрғанда ақын-жазушыны адамдар құдайдай көретін.

- Е... Ауыл ғана емес, қалада да жұрттың бәрі жаңа

шыққан кітап көрсе, сатып алып, қолдарынан тастамай оқып жүретін еді ғой. Біздің бала кезімізде...

- Рас айтасың. Ол кезде халықтың кітаптан басқа ермегі болмады ғой. Киноның өзі ауылымызға анда-санда келетін. Қазіргідей әр түрлі телеарналар, әлеуметтік желілер жоқ... Сосын елдің бәрі жаппай кітап оқымай не істейді?

- Катрин ханым да: «Бәлкім болашақта жазушы боларсың. Сондықтан мына классиктерді оқы», - деп көп кітап әкеп берді. Су жаңа ноутбук сатып әперді. Өзімнің жеке бөлmem бар. Оңаша, тыныш. Жылына бір рет «Рождество» мерекесінде Катрин ханымның балалары мен немерелері келгенде болмаса, үй онсыз да тып-тыныш қой. Үлке-е-е-ен үйде екеуміз ғана тұрамыз. Сосын теңбіл-теңбіл дақтары бар аппақ лабродор итім бар. (Өте ақылды ит. Адамның көңіл-күйін бірден біле қояды...) Жазамын деген адамға толық жағдай жасалған. Бірақ шабыт жоқ. Жазушы болу - үш ұйықтасам түсіме кірмеген іс. Келешекте кім болатынымды әлі өзім де білмеймін.

- Ия, алдағыны Алла біледі ғой. Әдебиет - қазір жалпы халыққа емес, шағын ғана қаламгерлерге тиесілі сияқты. Бар ғұмырын сөз өнеріне арнаған ақын-жазушыларға...

- О-о-о! Талабы жоғары, талғамы нәзік топтың оңаша әлемі сияқты дейсің ғой... Жақсы, Еламан, ұйқыға жататын уақыт таяп қалды. Келесі «кездескенше»!

- Ия, Жандос, менің сабақ оқуым керек! Әкем келетін уақыт жақын. Сау бол!

«Ауылым көшіп барады Алмалыға...»

- Қайырлы күн, Жандос!

- Еламан, қайырлы түн! Бізде қазір түн ортасы ғой. Екеуміздің екі құрлықта тұратынымызды ұмытып кеттің бе? Арамызды алып мұхиттар мен асқар-асқар таулар бөліп жатыр ғой.

- Ой, кешір, бауырым, солай екен-ау! Иә, қазір сендерде



жеті қараңғы түн ортасы болса, бізде талтүс. Күн тас төбеде шауағын төге, жарқырап тұр. Қандай жаңалығың бар?

- Жексенбі күні Катрин ханым мені Хьюстон қаласына апарды. Сонда тұратын қазақтардың Наурыз мерекесіне қатыстық. Қымыз, қазы-қарта, қуырдақ, бауырсақ, құрт, ірімшік, жент, көже сияқты өзіміздің тағамдардан ауыз тидік. Ұлттық бұйымдар көрмесін тамашаладық. Бір қамшы сатып алдық. Осы мерекеден естелік болсын деп. Қазір төсегімнің тұсында ілулі тұр. Соған қарасам, кең дала, көк ала шанды көкке көтере, бір-бірімен жарыса шауып келе жатқан сәйгүліктер көз алдыма келеді. Шіркін, атқа қамшыны басып-басып жіберіп, жусан иісі аңқыған кең даламен құйындай ұйтқыр күн болар ма екен деп ойлаймын. Соны ойласам кеудемді өксік кернеп кетеді...

- Атамның да тобылғы сапты, бұзау тіс, сегіз өрім қамшысы болатын...Ең болмаса, соны алып қалмағаным әлі күнге өкінемін. Көзіндей көріп ұстап жүру үшін. Ия, сонымен...Сөзіңді бөлсем, кешір.

- Жұрт кішкентай сәбилердің тұсауын кесті. Бесікке салды. Күмбірлете күй тартты. Халық әндері шырқалды. Жастар домбыра тартты. Көпке дейін «Ауылым көшіп барады Алмалыға, кім көнбейді тағдырдың салғанына...» деген ән құлағымнан кетпей қойды. Бірнеше күн бойы: «Әй-әй бөпем, кейін қалған елімді көрере ме екем-ай» деп есімде қалған сөздерін ыңылдап жүрдім.

- Қазақтар көп пе екен?

- Біршама. Біразы Түркияның, Еуропаның қазақтары. Моңғолия мен Ауғанстаннан келгендер де бар екен. Көбі баяғыдан бері осында тұрады екен. Жұрт тілімізді, дәстүрімізді ұмытпайық деп, мәдени орталық ашыпты. Анда-санда, мерекелерде бас қосады екен. Катрин ханым: «Сені бұл жерге сәл де болса, сағынышын бассын деп, әкелдім», - деді. Бірақ...Сағынышым үдей түспесе, басылған жоқ. Қазақстандық студент қыз-жігіттер де аз емес. Көбі елден таяуда ғана келіпті. Қастарына барып, қазақша сөйлесем,

сөзімді мүлде түсінбеді. Намысым келді. «Пани Софиям» есіме түсті. Анамды айтамын. Қазақша таза сөйлейтін. Мақалдап, мәтелдеп. Оның поляк қызы екенін мен өзім бертініректе ғана біліп, қайран қалып ем.

- Міне, қызық!

«Пани София»

- Әкем анамды «пани София» деп еркелетуші еді. Содан мен де солай атап кеткем. Екеуінің алғаш қалай танысып, үйленгендерін маған олар өз ауыздарымен айтып берген. Әкем мектеп бітірген соң ауылда шопыр болыпты. Әскерде жүрген кезінде, оны бір топ солдатпен бірге, егін жинау үшін Арқаға жібереді. Ол биік қорапты үлкен жүк көлігімен бидай тасиды. Ал «пани София» қырманда, бидай өлшейтін таразыда жұмыс істеп жүреді. Бір күні жас жігіт елдің ең соңынан бидай өткізуге келсе, ұзын бойлы ақсары қыз:

- Ей, жігіт, менің жұмыс уақытым бітті. Болды, бидайыңды қабылдамаймын! Ертең кел!-дейді кесімді үнмен саңқ етіп.

- Есің дұрыс па, осынша жүкпен қайда барамын? Қабылдасаңшы!»-дейді сарбаз.

- Сен өзің сөзге түсінесің бе?.. Жұмыс уақытым бітті! Өзім көрші ауылда тұрамын. Мен мінетін автобус дәл қазір кеткелі жатыр. Одан қалып қойсам, үйіме жаяу қайтам ба түн ішінде?!- деп қыз да бой бермейді. Жігіт әрі жалынады, бері жалынады. Қыз оның сөзіне құлақ аспай, салдырлатып, есіктерін құлыптап, кетуге шындап жинала бастайды.

Ақыры жігіт ашуланып, қатты-қатты сөзге барады

- Тасжүрексің! Қырсықсың! -деп. Қыз да аянып қалмай:

- Сүмірейіп, елдің соңында неге қаласың?! Ынжықсың! - деп біраз ащы сөздерді аямастан айтып салады. Сосын жігіт те қарап қалмай:

- Түйедей бойың болғанымен, түймедей ойың жоқ екен. Сені алған жігіттің маңдайының соры бес елі шығар!-дейді намысына тиіп.



- Тек қара басын ғана ойлайтын, өзімшіл, қуыскеуде сендей жігітке тиген қыздың да маңдайының соры бес елі шығар!-деп қыз да тілінің бізін сұғып-сұғып алады.

- Ауылыңа баратын көліктің алды-арты осы емес шығар?!. Әрі-бері шұбырып жатқан көлік көп қой. Соның біріне отыра саларсың, не болды сонша бәлденіп?-дейді жігіт шамырқанып.

- Көлденең көк аттыға мінегесіп жүре беретін мені кім деп тұрсың? -дейді қыз шамданып.

- Жарайды, өзім-ақ апарып салайын үйіңе. Тек мына көлік толы бидайды қабылдап алшы. Сөзің сүйегімнен өтіп кетті ғой!-деп жігіт қыздың жолына кесе-көлденең тұрып алып, екі қолынан тас қып ұстап жібермейді. Қанша дегенмен, спортпен шыныққан шымыр жігіт қой, асау қыз қанша бұлқынғанымен, қайрат қыла алмайды.

Екеуі осылай тартысып тұрғанда, автобус күтіп тұра ма, кетіп қалады. Қыз амал жоқ, қойманың құлпын қайта ашады. Бидай толы көлікті таразыға тартып, өлшеп, журналға жазып, одан қойманы кілттеп, көлікке отырғанша уақыт та біраз жерге барады. Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп емес пе, машина қараңғыда батпаққа түсіп кетеді.

- Не деген қырсық едің! Жеті қараңғы түн болды. Үйге қай бетіммен барамын енді? Әкем ренжитін болды...Бәрі сенің кесіріңнен!- деп қыз жылап жібереді.

- Е, не боп қалды сонша еңірейтіндей? Барғасын, әкеңе мән-жайды жаймен айтарсың,- дейді жігіт жайбарақат.

- Сен менің әкемді білмейсің ғой. Екі күннің бірінде: «Атыма кір келтірме! Бөтен жігітпен беймезгіл уақытта жүргеніңді көрсем, аямаймын» деуші еді», - Соқталдай бойжеткен балаша солқылдады.

- Анаң қайда?

- Мені босанған соң қайтыс бопты...Әкем жол апатына ұшырағандарға көмекке кеткен кезде.

- Кешір...Қандай өкінішті!..Иманды болсын!

- Әкем де: «Талайды өлім ауызынан алып қалғам, алайда,

әйелімнің ажалына араша тұра алмадым-ау!»,-деп әлі күнге өкінеді. Бар ғұмырын маған арнады. Ұлы да, қызы да мен едім. Ол кісіні осы төңіректегі елдің бәрі таниды. «Януш емші» деп ерекше сыйлайды. Өмір бойы фельдшер боп істеді...

Жас сарбаз ағыл-тегіл еңіреп отырған қызды қалай жұбатарын білмей, арқасынан құшақтап, білектей бұрымынан сипалай береді. Ботадай боздап отырған қыз көз жасын кілт тия қойып:

- Неге шашымнан сипайсың, а?! Сен өзіңді кіммін деп отырсың?! Маған саусақ тигізуші болма! - деп бейғам отырған жігіттің жағынан шапалақпен шарт еткізеді. Беті ду ете қалған ол, жағын уқалап аз-кем отырады да:

- Еркекке қол көтергеніңнің алды-арты осы болсын! Ұқтың ба? –дейді көзіне көзін қадап тұрып.

Тентек болғанымен, есті қыз өзінің тым артық кеткенін іштей мойындап, әрі жас жігіттің мысы басып, көзін төмен салады. Ұзын сөзің қысқасы, ақыры екеуі машинаны жол ортасына тастап, (трактордың көмегінсіз батпақтан шықпасын ұғып), қыздың ауылына жаяу-жалпы тартып кетеді. Арып-ашып, шаршап-шалдығып ауылға әрең жетеді. Әтештер шақырып, ел өріске малдарын шығарар кезде ғана.

Екеуін Януш емші мылтық кезеніп қарсы алады. Елең-алаңда. Қақпа алдынан. Қызы болған жайды айтып, ақталмақ боп ауыз ашам дегенше, жас сарбаз алдын орап: «Батаңызды беріңіз, әке! Мен қызыңызды бір көргеннен ұнатып қалдым!»-дейді. Бұндай сөзді күтпеген «пани София» да, Януш емші де абдырап қалады... Сөйтіп сол күні ойда-жоқта әке-шешем бас қосыпты,-деді Жандос.

- Қызық екен!

- Өздері күлетін кейін: «Жұрт үйленгенше бір-біріне тек жақсы жақтарымен көрінуге тырысып, үйленгесін ит пен мысық құсап, ырылдасып жүреді. Ал біз қосылмай тұрып, жақсылап бір ұрсыстық та, бар жаман сөзімізді сол кезде айтып тауысып тастадық», -деп. Шынымен де, екеуі тату-тәтті, ұрыс-керіссіз жақсы тұрды.



- Әскерге кеткен кенже ұлдарының басқа ұлттың қызын ілестіріп келгеніне әке-шешесі қуана қойды ма екен?

- Қайдам... Ашық күнде төбелерінен жай түскендей болар... О жағын екеуі де өмірі тіл ұшына салған емес. Бірақ «пани София» айтып отыратын бір әңгіме, бала болсам да, есімде қалды. Ол кісі келін боп түскен кезде, әкемнің екі ағасы бала-шағасымен, қара шаңырақта бірге тұрады екен. Еншілері бөлінбей. Үйлері келімді-кетімді қонақтан арылмайды екен. Кісі аяғы сейілген сәтте, әкемнің екі жеңгесі лып етіп үйден шығып, көл жаққа кетеді. «Пани София» да абысындарының артынан ілеседі. «Бұлар маған айтпай, қайда бара жатыр?»-деген әуестікпен. Оларға сездірмей. Қалың өскен бұталардың тасасына тығылып отырып, тыңдаса, «Атамыздың төрінен көрі жуық. Ертең олай-былай боп кетсе, жақсылап жоқтауымыз керек...» - «Салмақ екеумізге түседі. Кеше келген «орыс» келін ненің мәнісін білер дейсің!» - «Ел-жұрт сынайды ғой, елге сыйлы ақсақал жоқтаусыз кетті деген сөзге қалмауымыз керек», - дейді де екеуі оңаша жерде «репетицияны» бастап кеп жібереді. Жас келіншек екеуінің әр сөзін ден қоя тыңдап, көкірегіне тоқи береді. Тасада отырып, бәрін үйреніп алады... Өздеріне байқатпай, үнемі іздеріне ілесе кеп.

Алайда, бір күні ыңқыл-сыңқылы көп атамыз емес, сапсау әжеміз ұйқыдан оянбай қалады. Ойда-жоқта тосын қайғыға тап болған біздің үйге алыс-жақыннан ағайын-тума, көрші-көлем ағылып келеді. «Пани София» жұртты сай-сүйекті сырқыратар жоқтаумен қарсы алғанда, елдің бәрі әрі таңғалып, әрі риза болған екен...

Әжеміз қайтқасын, көп ұзамай көкелерім – әкемнің екі ағасы бөлек шықты. Еншілерін алып. Жеке отау боп. Атамыз кенже ұлының – менің әкемнің қолында қалды. Ежелгі дәстүр бойынша. Құс базарындай ертелі-кеш дуылдап жататын үй олар көшіп кеткесін, қаңырап бос қалған сияқты. Мүлгіген тыныштық. Әкем күндіз-түні жұмыста жүруші

еді. Мінезі қыңырлау атамның бар еркелігін «пани София» қабақ шытпастан көтерді ғой.

Әлі есімде анам тамақтың бәрін түнде пісіретін. Түс кезінде жұмыстан сәл ертерек келетін де жанталасып аулаға самауырын қоятын. Тоңазытқыш асқа толып тұратын. Түсте сол дайын тамақты ысытады. Тәтті-дәмдінің бәрі атам екеуміздің алдымызда. Сонда да, ол кісі тырнақ астынан кір іздеп, мін тақпаса отыра алмайтын. Кей-кейде: «Әй, Сапия, сен өзіңе үнді шәй демдеп, бізге дәмі жаман грузин шәйін құйып отырсың ғой!»-деп тиісетін.

«Ой, ата, не деп отырсыз, бәрімізге шәйді бір аққуманнан құйып отырған жоқпын ба?»-деп ол жыларман болушы еді. Атам дәмге толы дастарханды сілкіп тастап, не үстелді төңкеріп тастап, үйден шыға жөнелетін.

- Сонда қайда кетеді?

- Қайда кетуші еді?! Көршілердің үйінен шәй ішетін шығар. Жазықсыздан жазықсыз жәбірленген «пани Софияны» қатты аяйтынмын. «Атаң қартайды ғой, қарағым, қазір қайтадан сәби болған кезі. Оның үстіне, қасында бабын тауып, шүйіркелесіп отыратын әжең де жоқ. Әкеңе ештеңе айтпайық. Ол білсе, уайымдап қалар», - деп, жанары жасқа тола, маған жалынышпен қарайтын.

Атам түс ауа, түк болмағандай үйге келгенде, «пани София» ыңылдай әндетіп, үйді сыпырып, жерге шашылған тамақ қалдықтарын, ыдыс сынықтарын жинап жүретін. «Осы сен неңе жетісіп әндетесің?»-деп атам оған тағы тиісетін. Сондайда қайран анашым: «Құдайға шүкір, бас – аман, бауыр – бүтін, мен әндетпегенде кім әндетеді, ата-ау?»-деп жымиятын да шаруасын істей беретін. Атам айтарға сөз таппай, үнсіз қалатын.

Бір жақсысы, ол кісі де кешкісін әкем келгенде күндізгі жайсыз оқиғаны ауызына алмайтын... Сөйткен атам да тоқсанға таяп, өмірден өтті ғой. Ол кісі кеткесін, көп ұзамай, біз күн көріс қамымен қалаға көштік.



- Ассалаумағалейкүм, бауырым!

- Уағалейкүм-ассалам!

- Сенің анаң мен атаң жайлы әңгімең көпке дейін көңілімнен кетпей қойды. Атаң жиі-жиі жанын жара-лап, жазықсыз ренжітсе де, кек тұтпай, жылап-сықтап, әкеңе жамандамай, кешіріммен қарап, өле-өлгенше сыйлап өткен анаң қандай кеңпейіл, парасатты жан еді!

- Қазақтың небір жақсы келіндері бар ғой!.. Біз бұрын ауылда жасы тоқсаннан асқан кәрі әжемен көрші болдық. Ұлы мен келінінің қолында тұрды. Тік мінезді, бірдеңе ұнамаса бетке айтып салатын кісі еді, жарықтық. Апам: «Ар жағында жамандығы жоқ, өсек-аянды білмейтін жақсы адам», - деп сыртынан мақтайтын. Мен сол көрші әженің немерелерімен ойнап өстім.

Бір күні сол үйге барсам, қарт әже бар тәуір көйлек-жаулығын киіп апты. Тап қазір, алыс бір жаққа жол жүретін адам секілді. Қасында ауызы ашық үлкен ала сөмке. Іші толы – түрлі-түсті жылтыр маталар, дорба-дорба кәмпит, басталмаған шайдың қораптары дейсің бе...ауызы-мұрынына шыға толып тұр. «Әй, келін, сен мені барар жер, басар тауы жоқ, жаман кемпір деп жүрсің бе? Жақсы ит өлігін көрсетпейді. Болды, қызыма кетемін! Құдай саған енді күнімді қаратпасын! Такси шақырт, кетемін дегесін кетемін!»-дейді қолындағы ақ таяғымен еденді тарсылда-тып.

Келіні аспай-саспай, қолына телефонды алып, «Алло, такси! Тезірек біздің үйге келіңізші. Апам жолға шығатын еді!»-деп дереу біреумен сөйлесе бастады. Сосын: «Апа, біраздан соң келеді. Бос такси жоқ екен. Таза ауаға шығып, сыртта күте тұрыңыз. Қалың киініп алыпсыз ғой, терлеп кетерсіз», - деді байыппен.

Немерелерінің үлкендері дәу сөмкені мықшия көтеріп, кішкентайлары әжелерін екі жағынан қолтықтап, бәрі шуыл-

дасып сыртқа беттеді. Ол кісі тәлтіректеп, таяғына сүйеніп, аяғын әзер алып жүруші еді. Аулада жапырағы қалың, діңі жуан жалғыз жаңғақ ағашы өсіп тұратын. Соның саясындағы темір керуетке әжелерін отырғызды да, балалар керуеттің бас жағынан ұстап, ақырын ғана секіре жөнелді. Кәрі әже көп ұзамай, бесікте тербетілген сәби құсап, қалғи бастады. Келіні ақырын ғана қасына келіп, керуетке ыңғайлай жатқызды да басына жастық салып, үстіне жеңіл жамылғы жауып, үйге кіріп кетті.

Мен аң-таңмын. Қанша жыл көрші тұрғанда бұл кісінің қызын көрмек түгілі, бар деп естімеп ем. Өзі ылғи: «Шалым иті жоқ ауылға ертеректе көшіп кетті. Артында қалған жалғыз ұлын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, бір өзім бағып-қақтым. Аллаға шүкір, халық қатарына қостым», -деп отыратын. Бастапқыда «Иті жоқ ауылы несі?» -деп бас қатырушы ем. Кейін жауабын таппағасын, атамнан сұрасам, «Түбі бәріміздің баратын ауылымыз ғой», -деп төбе басындағы қалың қорымды иегімен нұсқаған.

Ал, сонда бұл кісі жас уағында біреуге қызын асырауға берген бе? Түсінсем бұйырмасын. Бірақ, сол «құпиясын» келіні білетін сияқты. Өйткені ол: «Апа, ол неғылған қыз, қайда тұрады?» - деп тіпті сұраған да жоқ қой. Енесі қанша ауыр сөз айтып жатса да, қыңқ деместен, телефон шалып, такси шақыртты. Тоқта, тоқта! Такси демекші... «Алло, такси! Тезірек біздің үйге келіңізші», - деген жоқ па? Таксиге өзінің үйін, мекен-жайын айтқан жоқ. Телефонмен өтірік сөйлесіп, жылап отырған жас балаға: «Қазір апаң келеді, жылама», -деп, алдаған сияқты көрініп кетті.

Біраздан соң көрші әже ұйқысынан оянды. «Әй, мына шіркіндер, әжелеп мойныма асыла ма, десем, бірі жоламайды ғой түге! Өз ұлымнан туған немерелеріме бұлар қайдан жетсін! Жиен ел болмайды деген рас екен-ау, ә!» -деп, ағаш көлеңкесінде рахаттана ойнап отырған өз немерелеріне ал кеп өкпелесін. Машиналарына құм тиеп, ойын қызығына берілген кішкентай балалар әжелерінің сөзін шыбын



шаққандай көрген жоқ. Тек енесі оянатын шама болды-ау дегендей, жіпке кір жайып, самауырын қойып аулада жүрген келіні ғана қасына таянды.

«Өй, айналайын, амансың ба, жарығым! Өңің тым жүдеу ғой, бір жерің ауырып жүрген жоқ па?»-деп кәрі әже оны бас салып, құшақтап, маңдайынан мейірлене иіскеп жатыр. Сосын: «Құда-жекжаттар аман ба? Күйеу балам қайда, жұмысында ма?»-деп аз-кем амандық саулық сұрап отырды да, «Әй, мынау балаларың тіпті жабайы ғой. «Жиен ел болмайды» деген рас-ау, ә?! Менің немерелерім «әжелеп», қойнымнан кіріп, қонышымнан шығып жатушы еді. Олардың маған деген ықылас, пейілдері бөлек қой! Бөлек! Мыналарды қалай тәрбиелегенсіңдер өзі?!» - деп «қызына» ұрса бастасын.

«Өй, неғып отырсыңдар, бері келіңдер! Көп жасағыр келін бәріңе базарлық салып жатқан. Соны алсаңдаршы, ең болмаса!»-деп жалынады. Мұрын сіңбіруге мұршалары келмей, ойын қызығынан шыға алмай жатқан өңшең қара сирақтар орындарынан созалаңдай тұрып, танауларын қор-қорс тартып, тер-тер маңдайларын, шаң-шаң беттерін әжелеріне тосып, ала сөмкедегі кәмпиттен уыс толтыра алып жатыр. Оларға өз «рольдері» үйреншікті сияқты. Сырттарынан қарап отырып, қайран қалдым.

Көрші әже күні бойы үйге кірсе де, шықса да «жалғыз қызын» айналып-толғанумен болды. Көп ұзамай, бар жылы сөзі таусылды ма: «Әй, әлгі жаман байың менің келгенімді жақтырмай жүр ме? Неге үндемейді? Ең болмаса, қасыма келіп, жалғыз ағаңның амандығын да сұрауға жарамады ғой!»,-деп тиісе бастасын. Сосын: «Қой, есім барда елімді табайын. Кең сарайдай өз үйім тұрғанда, тар жерге тығын боп, мен неғып жүрмін бұнда?»-деп өзімен-өзі күңкілдеп сөйлеумен жүрді.

Кешке таман: «Қарағым, өзінді көрдім, мауқымды бастым. Енді аман тұрғанымда үйіме қайтайын. Ойда-жоқта шиқ ете қалсам, сүйегі қыздың үйінен шықты деп, жұрт

күлер. Анау жалғыз ұлға жаманат келтірмейін. Балаларға, жеңгеңе базарлық сал, құр қол жетіп барғаным ұят болар!»-деп, қайту қамына кірісіп, жолға дайындала бастады.

- Өзі «әкелген» жылтырақ маталар, шәй, кәмпиттер қайтадан ала сөмкеге салынған шығар?-деп күлді Жандос.

- Әрине. Базарлық мәселесі шешілгесін, «жалғыз қызы» үйге такси шақыртты. Қайтадан ұсақ-түйек бар бала енді «нағашы» әжелерін темір керуетке отырғызып, тербете бастады. Көзін бір ашып, бір жұмып, қалғып отырып, өз үйіне қалай «тез кеп қалғанын» өзі де байқамай қалған шығар. Біраздан соң көрші әже ұйқысынан оянып: «Әй, мына шіркіндер, әжелеп мойныма асыла ма, десем, бірі жоламайды ғой түге! «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деп қазақ бекер айта ма? Жиендеріме қайдан жетсін бұлар!»-деп, ағаш көлеңкесінде ойнап жүрген өз немерелеріне жат та кеп өкпелесін. Ойын қызығына басы бүтін кіріп кеткен балалар оның сөзін қайтсін. Тек енесі оянатын шама болды-ау дегенде, самауырын қойып, аулада тауықтарға жем шашып жүрген келіні мен гаражда машинасын сипалап жүрген ұлы ғана қасына таянды.

«Айналайын, амансың ба, жарығым! Өңің тым жүдеу ғой, бір жерің ауырып жүрген жоқ па?»-деп кәрі әже ұлын бас салып, құшақтап, маңдайынан мейірлене иіскеп жатыр. Со-сын келініне бұрылып: «Құда-жекжаттар аман ба? Құдабала, құдашалар бұрынғы жұмыстарында жүр ме?»-деп амандық саулық сұрауға кіріссін. «Әй, мыналар жүдә жабайы ғой. Менің жиендерім қойнымнан кіріп, қонышымнан шығып жатушы еді. Олардың маған деген ықылас, пейілдері бөлек қой! Бөлек! Мыналарды қалай тәрбиелегенсіңдер өзі?!» -деп сәлден соң баласы мен келініне ұрса бастағаны...

«Әй, неғып отырсыңдар, бері келсеңдерші! Жалғыз апаларың бас-басыңа базарлық салып жатқан. Сендерден не аясын! Ең болмаса, мынау алма, алмұрттарынан ауыз тисеңдерші!»-деп жалынды. Ойын қызығына тоймай жатқан, қара домалақтар мұрындарын бір тартып қойып, ала



сөмкеден шыққан, өз аулаларында өскен алма, алмұрттарды сыртын жумастан, көйлектерінің омырауына бір-бір сүйкей сап, гүрт-гүрт шайнап, қайтадан ойынға кетіп бара жатты,- деп Еламан ұзақ-сонар әңгімесіне нүкте қойды.

- Ия, «Күлсең, кәріге күл» деген осы екен-ау!-деп Жандос күлімдей, басын шайқады, - Байғұс әже ішінен «Шіркін, бір қызым болса, қысы-жазы жалғыз ұлдың үйінде қамалып отыра бермей, анда-санда қыдырып барар едім, бой жазып қайтар едім», - деп армандаған шығар, бәлкім...

- Бастан-аяқ өзім куә болған осы оқиғаны үйге айтып барғам, апам: «Ой, Алла, өзің сақтай гөр! Айтқан жерде бәле жоқ! Тфэ, тфэ! Күлгеннің басына бермесін!»- деп шошып кетті.

- Әрине, тым ұзақ өмір сүріп, бала-шағаға мазақ болғанның несі жақсы дейсің?! Мен бірақ көрші әжеңнің келініне риза болдым. Қандай ақылды адам. «Алжиын дегенсіз бе? Баржоғы бір ұлдан басқа бала таппаған адамсыз ғой. Қайдағы қыз?»- деп енесіне ренжімейді. Айдай әлемге жария қып, көршілерге, тума-туыстарға, жолдас-жораларына жаман-дамайды. Тек сәбилік халге түскен кәрі адамның көңілін жықпай, бар дегенін жасап жүре береді. Не деген сабырлы жан!- деді Жандос.

- Жасаған жақсылығы кейін өзі кемпір болғанда алдынан шығар,- деді Еламан. «Ата-анаңа не не істесең, алдыға сол келеді» демей ме...

«Сағыныштан жүрегім жарыла ма деп қорқамын...»

- Мында, Америкада, балалар кәмелет жасына жетісімен, жөн-жөндеріне кетеді. Өз күндерін өздері көріп. «Қайда жүр, не істеп жүр?»- деп әке-шешелері ойлап, уайымдамайды. Балалары да: «Анашым, ауырып қалған жоқсыз ба? Әкетай, халіңіз қалай?»- деп, әке-шешесіне жиі-жиі телефон шалып, амандықтарын сұрай бермейді.

Катрин ханымның күйеуі ертеректе қайтыс болыпты. Балалары, немерелері бар. Бірақ: «Қартайғанда жалғыз қалғым келмеді. Сосын сені асырап алдым. Аналық мейірімге шөліккеп жүрген бір балаға жүрегімнің жылуын бергім келді», - деп жасырмай, шынын айтып отырады. Мен дегенде шығарда жаны басқа. Интернеттен сені тауып берген де Катрин ханым ғой. «Жас шамасы сен қарайлас мына бір бала ағылшын тілін терең үйренгісі кеп, сөйлесетін дос іздеп жүр екен», - деп.

- Катрин ханымға көп рахмет! Сені тапқанымға қуаныштымын.

- Мен де... Жаным қатты жалғызсырап жүрген. Жақсы болды... Америкаға ес біліп, оң-солымды танып қалған кезде келдім ғой. Туған жер күндіз - есімнен, түнде түсімнен кетпейді. Шынымды айтсам, жапырайған жаман үйіміз, ауырып, төсек тартып жатқан «пани Софиям», қырау қатқан терезе алдында бұрқырата шылым шегіп, буалдыр түтіннің ортасында бұлдырап тұрған әкем түсіме жиі енеді. Кей-кейде сағыныштан жүрегім жарылып кете ме деп қорқамын.. Алдымда тағдырдың қандай сыйы тұр, болашағым – бұлыңғыр... Ойлаудың өзі қорқынышты.

- Еламан, сен поэзияны ұнатасың ба? Мына өлеңді оқышы...

- Қалай аталады?

- «*Аттанғанда*»

«Қош!»-

Деп, қанат қағады құстар маған,

«Қош!»-

Деп, мені құшақтап, құшқан далам.

Аманаттап біреуге жатыр мені:

-Аманат,-деп, -ұямнан ұшқан балам.

Гүлдер дағы қоштасып, қиылып тұр.

Қош айтады талдар да иіліп бір.



*Неге бәрі қоштасты меніменен,
Қандай тағдыр алдымда бұйырып тұр?!.*

*Неге көлдер қоштасып, шайқалады?
Қош, қош деген жаңғырық қайталады.
Салбыраған таулардың қабағынан,
Бір кейістік, білмеймін, байқалады.*

*Барлығы да қоштасып, ерікті алар,
(Қойшы, бәрі әшейін желік болар...)
Телеграф сымдары ызыңдайды,
Жатқандайын суық бір беріп хабар.*

*Қарсы алдымнан қара жол қарсы ағады,
Бүкіл өлке қоштасып жар салады.
Аттанып кетіп барам әлдеқайда,
Қандай тағдыр, білмеймін, қарсы алады?!.*

- Не деген әсерлі өлең еді! Америкаға аттанар алдында жаздың ба?

- Жо-ға! Мұқағали ақын... Сол кісінің өлеңі ғой. Тура менің көңіл-күйімді дөп басқан. Өзімнің ішімнен, көкірегімді жарып шыққандай болды. Бұны да таяуда интернеттен тауып алдым.

- Шынымен де өзің шығарған өлең екен деп қалғам. Келесі «жүздескенше» сау-саламат бол, бауырым! - Еламан көңілі алай-дүлей боп, Жандоспен қоштасып, компьютерін өшірді.

Тағдырдың тәлкегі

- Еламан, хал жақсы ма? Көңіл-күйің қалай?

- Аллаға шүкір, Жандос! Жаман емес...

- Сен ылғи атаң жайлы айтып жүресің. Сол кісіден естіген мақал-мәтелдеріңді ауызыңнан тастамайсың. Өзің жайлы, отбасың жайлы көбірек білгім келеді.

- Жандос, шынымды айтсам, атам - тумаса да туғанымнан артық адам еді. Мені кішкене кезімде жетім балалар үйінен асырап алып, апам екеуі бағып, қағып, тәрбиелеген.

- Сонда қалай? Сен...сен де?...

- Ия, мен де. Және бір емес, екі рет жетім балалар үйіне тап болдым.

- Қойшы, рас па?

- Алғашында, туа сала, түстім. Сосын шаңыраққа ие болатын бір ұл перзентке зар боп жүрген атам мен апам тап болдым. Маған азан шақырып ат қойып, ат шаптырып той істепті. Жан дегенде жалғыз қыздары түрік жігітіне күйеуге шығып, Түркияда тұрады екен. Тілім алғаш «ата» деп шығыпты да, асырап алған әкемді «ата» деумен кетіппін. Ол кісінің өзі де «ата» деуге лайықты, салиқалы, салмақты адам еді. Ақ кіре бастаған шоқша сақалы бар, ақ самайлы, кескін-келбеті келісті, тұлғасы ірі жан еді. Тақия киген кезде тура ақын Абайдан айнымай қалатын. Әлі күнге ақын атаның суретіне қарасам, өз атам есіме түседі.

Апам да, жатқан жері жайлы болсын, өте мейірімді, жақсы адам еді. Басынан өмірі аппақ шатырдай орамалы түспейтін. Үстіне көлбеңдеген кең етек көйлек, мақпал қамзол киген ақ жаулықты апаларды көрсем, ол кісі тіріліп келгендей боламын. Терең әжімге толы күнқақты маңдайы, нұры көше бастаған ойлы жанары, күміс шалған самайы, тарамыс қолдары әлі көз алдымда. Бала кезімде апам зімпара сияқты, күс-күс алақандарымен арқамды сипамаса, ыңылдап ән салып, аяғына шайқамаса ұйқтамайды екем. Кейін өсе келе, әр түн сайын атамның қиялыма қанат бітіретін керемет ертегілерін тыңдап жатып көз ілетінмін. Екеуі кейде мені бірінен бір қызғанып та қалатын.

Мектепке барар жылы мені сүндетке отырғызды. «Балам, енді сен нағыз жігіт болдың!»-деп атам балаша қуанды. Апамның жанары жасқа толып, менің қашан жарақатым жазылғанша, жанын шүберекке түйіп, бар тілеуі менің үстімде болды. Тайға мінгізіп, балалармен күрестіріп,



менің әр ісіме атам сүйсіне қарап жүрсе, апам балапанын қорғаштаған тауық құсап, шып-пыры шығатын. «Сенің де бір шығармайтының жоқ екен! Құдайдан сұрап алған жалғыз ұлды майып қыларсың», -деп. Сондай жандардың мол мейірімдеріне шомылып өстім. Аллаға мың сан шүкіршілік етемін. Қатыгез, тас жүрек біреулердің қолына түссем, қазір қандай болар едім деп ойлаймын. Ойлаймын да шошып кетемін.

- Ия, өмірде ондай да жандар бар ғой, -деп Жандос оның сөзін тірілтіп қойды.

- Көрші ауылда тұратын жақын туыстардың бірі қайтыс болды деген хабар алып, атам мен апам түн ортасында жолға шыққан... Мені көршілерге аманаттап. Сол түні жол апатына ұшырап, екеуі тіл тартпастан кетті. Көлік жүргізіп келе жатқан атам таң алдында қалғып кеткен секілді... Әлде қарсы шыққан үлкен машиналардың жарығынан көзі шағылысып, байқамай жолдан ұшып кетті ме, кім білсін... Осылайша аяқ астынан тағдыр соққысына тап болдым. Жасым онға келгенде, жанымға жақын екі адамнан ойда-жоқта айрылып қалдым.

Кейбіреулер: «Асарын асап, жасарын жасады, бұл кісілердікі той ғой!» -десті. Соны естігенде қатты ыза болдым. Қайдағы той? Жасы нешеге келсе де, өмірден жақсы адамның кетуі нағыз қайғы емес пе?! Мен үшін әлі күнге атам мен апамның орыны үңірейіп тұр.

- Ия...Жаныңа жақын адамдарды енді ешқашан көрмейтінің қандай жаман!

- Қолды-аяққа тұрмай, шырылдап жылап, еңірегінде етегім көл-көсір жасқа толды. Жұрт мені жұбата алмай жатқанда, бір әйел: «Әу бастан бағы ашылмаған бала екен байғұс. Тумай жатып, өз әке-шешесінен бір айрылып, асырап алған ата-анасынан екі айрылып отыр бүгін», -деп қойып қалсын. Осы кезге дейін «Атасының баласы» деп маңдайыма жел боп келмеген адамдар әлгі ауызы жеңіл әйелге «Қой, не деп тұрсың!» деп ұрсудың орнына, «Ия, шынымен де құтсыз

бала екен!», «Марқұмдар тумаса да туғаннан бетер өбектеп, шашасына шаң жұқтырмай бағып еді», -деп әр жерден сыбырласа бастасын... Біреу үстіме бір шелек мұздай су шашып жібергендей шошып кеттім.

Өмірі көрмеген жалғыз апайымның Түркиядан келуін асыға күткем. Атама да, апама да мүлде ұқсамайтын, қабағы қалың, түсі суықтау жан екен. «Күйеуімнің мінезі өте жайсыз. Орхан бейдің рұқсатынсыз, сені Түркияға әкете алмаймын. Тек үй мен дүние-мүлікті сату үшін ғана ұшып келдім. Сені кезінде әке-шешем асырап алған. Сенбесең, мөр басылған мына қағаздарға қара! Негізі, сенің өз шешең тірі. Ойнақтап жүріп, от басқан жас қыз болуы мүмкін», -деп қарап тұр. Дәу балғамен қақ маңдайдан тарс еткізіп, бір соққандай болды. Тағдыр мені өзім сияқты жетім балалар арасына қайта әкеп қосты. Балалар үйінен басқа барар жер, басар тауым да жоқ еді.

- Сұмдық-ай! -деп, Жандостың жаны ышқынып, айтарға сөз таппай қиналды.

- Жарайды, қалған әңгімені кейін естірсің. Менің мектепке кететін уақытым болды!

Тірі жетімдер

- Сенің әсерлі әңгімеңнің жалғасын естігенше, көңілім көншір емес.

- Сонымен, араға он жыл салып, жетімдер үйіне қайта айналып келдім. Уайым-қайғысыз жүрген ерке бала едім, бірер аптаға жетпей, мүсәпір болдым да қалдым. Ендігі бар ой-арманым, мақсат-мұратым мені жат ұяға тастап кеткен «көкек» - анамды табу болды. Жатсам да, тұрсам да сол ой басымнан шықпайтын. Сосын беттің арын белбеуге түйіп, бастық апайдың кабинетіне жетіп бардым.

- Ешкім бетіңе жел боп тимей, ерке де еркін өскеннің бір пайдасы сол болған шығар.

- Ия, жұрттың қас-қабағына қарап, жалтақтап, жасқаншақ



боп қалған басқалардай емес, батыл едім. Өжет едім. Ойымдағыны ірікпей айтып, қыр ізінен қалмай жүріп, ақыры өз дегеніме жеттім. Анам мен әкемнің тайға таңба басқандай ап-анық қып, өз қолдарымен жазған қолхаты қолыма түсті. «Біз мединституттың 2-курс студентіміз. Оқу бітіргесін баламызды аламыз. Қазір бағуға мүмкіндігіміз жоқ», - деп, әкем-шешем өз аты-жөндерін жасырмай, мекен-жайларын толық көрсетіп, мені балалар үйіне уақытша тапсырыпты. Бірақ олардың қайтып келуін күтпей, мені ерлі-зайыпты егде кісілерге беріп жіберген екен.

- Алып-ұшқан он сегіз жасар қыз бен жігіт үйленіп, сосын осы шарананы іздеп келер дейсің бе?! Екеуі де өрімдей жас, бәлен жыл оқиды деп ойлаған шығар.

- Кім білсін?!..

- Сосын не істедің?

- Олар оқыған мединститутқа барып, сұрау салдым. Екеуі жас маман ретінде шалғайда жатқан бір ауданға жолдамамен кетіпті.

- Міне, қызық!

- Менің ол жаққа өз бетіммен бара алмайтыным айтпаса да түсінікті ғой. Басымда - билігім жоқ. Қалтам - тесік. Үстімдегі киімнің де киім сиқы шамалы... Сөйтіп жүріп, тоғызыншы сыныптан соң, өзім сияқты балалармен бірге, токарь, электрик, дәнекерлеуші, ағаш ұсталарын дайындайтын кәсіптік-техникалық колледжге кеттім. Түпкі ойым – қалайда бір кәсіп игеріп, қара жұмыс болса да бірдеңеге тырнақ іліктіру.

- Сосын әке-шешенді іздемексің ғой. Ойыңның үстінен түстім ба??

- Ия, әрине қалтаға аздап тиын-тебен түссін деп жүрдім ғой. Бірақ... Олар мені қалай қабылдайды, құшақ жая қарсы ала ма, жоқ әлде теріс айналып, бастарын ала қаша ма? Менен басқа да балалары бар шығар? Олар мені аға деп сыйлай ма, жоқ әлде қайдан келген қаңғыбассың деп шоши ма? Түн сайын, басым жастыққа тисе болды, осындай шым-

шытырық сұрақтарға бас қатырушы ем.

- Жап-жас болып, ойыңа келмейтіні жоқ екен өзіңнің!

- Өмір адамды тез есейтеді екен.

- Оның рас...Ал сонымен, әрі қарай не істедің?

- Жазғы демалысқа шығып, бірге оқитын ұл-қыздар ауылдарына кетті. Біз, жетім балалар үйінен келген төрт-бес бала жатақханада қалдық. Жаз ортасы болса да аяғымызда - керзі етік, үстімізде – мақтадан жасалған, көкшіл түсті сырмақ фуфайка. Колледж асханасынан бір мезгіл ыстық тамақ ішеміз, қалған уақытта қолымыз бос. Уақыт өтіп болмайды.

Құдай айдап, бір күні біздің жатақханамызға телестудиядан бір топ адам сау ете қалсын. Аудан орталығында өтетін үлкен бір жиынды түсіруге келіпті. Жалғыз қонақүй жан-жақтан ағылып кеп жатқан депутаттар, газет-журналдардың басшылары мен басқа да мәртебелі меймандарға лық толы. Тележурналистерге біздің жатақхананың темір керуеттері бұйырды. Екі қолымыз алдымызға сыймай, зерігіп жүрген бізге де ермек табылды. Асханадағы аспаздарға картоп, сәбіз, жуа аршып көмектесеміз.

Әрі күніне үш мезгіл дәмді ас, ыстық сорпа ішіп, қарнымыз тойып, қабағымыз ашылып, рахаттанып қалдық. Күніне үш рет тележурналистер мен операторлардың тамақтарын тасып, керзі етігіміз гүрсілдеп даяшы орнына жүгіріп жүреміз. Экраннан көргенде боянып-сыланып, қуыршақтай боп отыратын. Олар да кәдімгі біз сияқты қарапайым адамдар екен. Шыжыған шілдеде керзі етік киіп гүрп-гүрп етіп, мақта күртешемен қорбиып жүргеніміз көрер көзге ерсі болды ма, бізден бұрын өздері сөзге тартты:

«Бұнда оқитындардың бәрі баяғыда-ақ демалысқа шығып, үйді-үйлеріне тарап кеткен жоқ па? Сендер демалыс уақытында бұнда неғып жүрсіндер?»-деп. Қасымдағы кілең жасқаншақ, жігерсіз балалар қойылған сұрақтарға жауап бермек түгілі, тап бір өмірі адам көрмегендей, бірін-бірі итеріп, топырлап менің артыма тығылсын. Қысылмай-қымтырылмай, мән-жайды түсіндіріп бердім. Менің аспай-



саспай, байыпшен сөйлегеніме олар да риза боп, жылы ұшырай қарап, іштартып қалды.

Сол күні түнде «Алла маған мүмкіндік беріп тұрған шығар, теликтен айтсам қайтер екен? Анам мен әкемнің аты-жөндерін де, қанша жылдан бері мені бір іздеп келер деп ол екеуін күтіп жүргенімді де жасырмайын», - деген ой басыма келді.

Өйткені мен екінші рет жетімдер үйіне бара сала, бөлмелес бір бала тележурналистердің көмегімен, өз анасын тапқан. Өзі туа бітті мүгедек еді. Аяғының екі тізесінен төмен жағы мүлде жоқ. Оның кемтар боп туғанын білген бойда, шешесі алмай кеткен екен. Себебін кейін білдік қой. Тума-туыстары: «Бұның аяғы ғана емес, ақыл-есі де кем шығар. Мүгедек сәбиді қайтесіңдер? Өмір бойы жылайсыңдар ғой, одан да қазір осында қалдырып кетіңдер. Бұндай сәбидің болғанынан болмағаны жақсы ғой. Өзі де көпке ұзай қоймас», - деп, үгіттепті. Бірақ ол бәрінен ақылды, бауырмал, кең пейіл бала боп өсті. Тәрбиешілеріміз оны «Шеф» деп ерекше еркелетуші еді. Екі аяғы болмаса да, екі қолы керемет күшті болатын. Арқанға өрмелеуден алдына жан салмайтын. Қол күрестіргенде де оған тең келетін ешкім жоқ еді. Шахматты да мықты ойнайтын.

Тәрбиешілеріміз қалалық телеарна басшыларына барып: «Осылай да – осылай... Бізде бір ақылды бала өсіп жатыр. Әттең, мүгедек. Шетелге апарып, аяғына протез салдыртуға болады екен. Бірақ, оған қаржыны қайдан табайық?! Телехабардан сол баланы көрсе, бәлкім демеуші де табылып қалар», - деп өтініш жасаса керек. Туа бітті аяғы жоқ, бірақ түрі сүп-сүйкімді ақсары баланы көріп, әке-шешесі бірден таныпты. Ертеңіне екеуі іздеп келді. Жылап-еңіреп. Бәлен күн бастығымызға жалынып-жалбарыныпты: «Өзіміз шетелге апарамыз, протез салғызамыз», - деп. Ақыры, қоярда қоймай жүріп, біздің «Шефімізді» алып кеткен... Сол есіме түсті.

Көрер таңды көзіммен атырып, ертеңіне елең-алаңнан журналистер мен телеоператорлар жатқан бөлменің есігін

қақтым. Сау болғырлар, сөзімді жерге тастамады. Таңғы оразаларын ашар-ашпастан, жатақхананың алдындағы жапырағы жерге төгілген мәжнүн талдың түбіне тұрғызып қойып, менің сөзімді камераға басып алды. Қуанышым қойныма симай, сона-аау көк аспанда қалықтап жүргендей халде едім, маңымдағылар: «Ой, солар сені көрсетер дейсің бе? Былай шыға беріп, ұмытып кетеді ғой!», «Осы араға сонша жерден сен үшін келген жоқ қой», «Көңілің қалмасын деп жай түсіре салған шығар», «Телеарналар негізі көп ақша төлемесең, көрсетпейтін шығар!»-деп, зар-заманға бассын.

«Сарыуайымнан басқа түк білмейсіңдер! Ауыздарыңнан бір жақсы сөз шықпайды. Сосын ғой жолдарың болмай жүргені. Өз жолдарыңды өздерің жауып жүрсіндер!» - деп, қатты ыза болдым. Екі қолыммен құлағымды тас қып жаптым да, бөлмеге кетіп қалдым. Ешқайсысын көргім келмеді. Басымды жастықтың астына тығып, екі көзімді тарс жұмып жатқам, ұйықтап кетіппін.

Түсіме атам марқұм еніпті. «Жарығым, алған бетіңнен қайтпа»,-деп дәл қасымда арқамнан қағып тұр екен. Түсім емес, өңім секілді. Дауысы да ап-анық құлағымда қалып қойды. Оянып кетсем, жолдастарымның бірі екен: «Ой, сен не бізге ренжіп қалдың ба? Жүр, тамағыңды іш, суып кетпей тұрып»,-дейді арқамнан қағып. Өңім емес, түсім болғанына ішім удай ашып, тамағыма өксік тірелді...

«Саған не болды? Түрің бұзылып кетті ғой?»-деп жаңағы бала бәйек боп асты-үстіме түссін. «Жай, ештеңе болған жоқ. Жаңа түсімде атамды көрдім. Бекер оятып жібердің ғой. Қатты сағынып жүр ем, мауқым басылмай қалды»,-деп шынымды айттым. «Мен де кейде түсімде марқұм әкешешемді көремін. Көргеніме қуанып, жақсылыққа жоримын. Желеп-жебеп жүрген шығар деп. «Түсті көруінен емес, жоруынан» демей ме?! Жақсылыққа жорысаң, жақсылық болады,-дегенде, таңғалдым. Қой ауызынан шөп алмайтын, тым момын бала еді.

Көп ұзамай, мені бір емес, бірнеше рет телеарнадан көрсетті. Артынша, әке-шешем мені өз аяқтарымен іздеп



келді. Жетімдер үйіне. Бұрын да байғұс анам талай келіп, таппай кеткен екен. Жылап-жылап... Не өлі екенімді, не тірі екенімді біле алмай... «Студент кезде жастықпен, артымызды ойламастан, асығыс қосылдық та, қатты қиналды. Менің әкем жоғары лауазымды бастық еді. Мінезі өте қатал жан болатын. Анам екеуі менің жап-жастай күйеуге тиюіме қатты қарсы болды. Ал әкеңнің қарт әкесінен басқа ешкімі жоқ еді. Сосын сені оқу бітіргенше жетім балалар үйіне тапсыра тұрайық», - деп шештік. Бірақ, бізге ескертпей, басқа біреулерге беріп жіберер деп мүлде ойлаған жоқпыз», - дейді анам көз жасын көлдетіп...

Менің кішкентай інім бар екен. Әкем үлкен бір ауруханада хирург боп істейді. Анам да дәрігер...

«Қорқынышты түс көргендеймін...»

- Салам, Еламан!

- Салам, Жандос!

- Сенің өткендегі әңгімең де қанша уақыт бойы ойымнан кетпеді. Қаншама қым-қуыт оқиғалардың ортасынан аман-сау шыққаныңа сенер-сенбесімді біле алмадым. Ештеңеге ұшырамай. Өмірден түңіліп кетпей.

- Қып-қысқа ғұмырымда талай нәрсені бастан өткергеніме өзге түгіл, өзім де сене алмаймын. Бір қорқынышты түстен ояғандай сезінемін кейде.

- Дегенмен, бұл әдемі ертегі сияқты әсерлі әңгіме болды мен үшін. Ертегілердің көбі басты кейіпкерлерінің «бай болып, барша мұратына жетуімен» аяқталатын еді ғой. Сен үшін қуаныштымын.

- Рахмет! Ертегі демекші, бұрынырақта бір газеттен оқығаным есіме түсіп отыр. Әуелде Польша президенті болған Лех Качинскийдің әйелі, аты-жөні дәл қазір есіме түспей тұр...-деді Еламан.

- Жарайды, айта бер, аты маңызды емес шығар... -деді Жандос.

- Ия. Ия... Сол кісі әлем халықтарының ертегілерін поляк тіліне аудартуды қолға алған екен. Сонда, көбінесе, қазақтың ертегілерін таңдапты ғой. «Шортанның бұйрығымен, менің қалауыммен» деп пеш үстінде жатып бұйрық беретін жалқау, өзінің жан рахатын ғана ойлайтын есалаң Иван туралы орыс ертегілерін емес.

- Қызық екен!..Неліктен таңдаған?-деп сұрады Жандос.

- Өйткені біздің қазақта тезірек ер жетіп, туған елін жаудан қорғауға асығатын, қартайған ата-анасына қамқор болатын, ақылды да қайырымды батырлар жайлы ертегілер көп қой.

- Солай ма?! Бұрын-соңды ойыма да кірмепті. Бірақ бір білетінім: қазақ халқының ән-күйлерін ерінбей-жалықпай жинап, жарыққа шығарған Затаевич те поляк ұлтынан. Ауыл-ауылды аралап, ойын-сауықтарына қатысып, өнерпаздармен танысып дегендей... Менің нағашы атам Януштың да, бар ғұмыры қазақ арасында өткен екен. Халқымыздың тұрмыс-салтын жақсы біліпті. Сосын жалғыз қызын «қызға қырық үйден тиым салатын» қазақ дәстүріне сай, қатал тәрбиелеген екен,-деді Жандос.

- Януш нағашың тірі ме?

- Қайда-а-а, баяғыда-ақ, о дүниелік болған.

- Жаны жәннатта болсын!

- Әке-шешенмен тіл табысып кеттің бе? Інің сені жатырқаған жоқ па?

- Арамызда әлі де көзге көрінбейтін бір кедергі тұрған сияқты. Ішімдегі жылдар бойы қатқан мұз оңай ерімейтін шығар. Әке-шешем менің алдымда өздерін кінәлі сезінеді. Екеуі де қалада өскен қазақтар ғой. Атам мен апамдай кеңқолтық, ауыл адамдары емес... Іштей солармен салыстыра беремін.

Ішетін-жейтін тамақтары да бөлек: колбаса, бутерброд, шөп-шалаң кілең. Киген киімдері де ерсілеу... Әкем үп-үлкен басымен жас бала құсап, үйде қысқа шортик киіп жүреді. Шешем екеуі бір-бірімен орысша сөйлеседі. Маған



орысша сұрақ қойса, мен әдейі қазақша жауап беремін, немесе түк түсінбей отырғандай түр көрсетемін.

Олар да менің бойымнан көп мін тауып, ыңғайы келсе, мені қайта тәрбиелеуге әзір. Оған мен өлсем көнермін бе?! «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» дегендей ғып, көбінесе, ініме «Өйтпе, бүйтпе, сорпаны сораптама, ет жегенде ауызыңды шылпылдатпа, пышақты ана қолыңа ұста, шанышқыны мына қолыңа ұста!»-деп ескертпелерді үйіп-төгіп жатады. Маған ол ескертулердің түк қатысы жоқтай, селсоқ отыра беремін.

Анда-санда шешемнің: «Балам, не жегің келеді?»-деп сұрайтыны бар. «Суши, пиццалардан жалығып кеттім. Котлет, мәңті, палау, лағманның да керегі жоқ маған. Жақсылап, қазақша ет жейік», -деймін. Ортаға табақ толы ет келгенде, тәрелке, пышақ, шанышқыларын ысырып тастап, табаққа әдейі қолымды саламын. Екеуі бір-біріне ұрлана қарап, түрлері бұзылып кетеді. Шешем ерінін тістелеп, басын шайқайды. Тап бір Маугли сияқтымын оларға. Қанша жыл ну орманның ішіндегі жабайы аңдардың арасынан табылған. Одан сайын, қырсығып, екеуін ренжіте беремін. Сөйтіп ұрланған балалығым үшін өш алғым келеді. «Ет жегендей болғаным жоқ. Түк дәмі жоқ. Су татып тұр. Апамның қазықарта, жал-жаясы бар, қазанға асқан сүр етіне, құрт қосқан сорпасына не жетсін, шіркін!»-деп, бетімді бір сипап орнымнан тұрып кетемін. Бұлар тіпті тамақ ішіп болғасын, ас қайыру, бата беру дегеннің де не екенін білмейді.

Қазір мен олардың өз айла-тәсілдерін өздеріне қарсы қолданудың жолын ойлап таптым. Кішкене ініме: «Тамақты бисмилляһ деп оң қолыңмен же. Тұрып жүріп, тамақ жеуге болмайды. Дастархан басында төрт көзіміз түгел отырғасын, бәріміз бірге жейміз. Әуелі әкем бастамай тұрып, тамаққа қол созба», -деп ақыл-кеңес айтуға көштім.

Әкеміздің менімен қалай жақындасудың амалын таба алмай, басы қатып жүргенін ішім сезеді. Бір күні дене шынықтыру залына апарды. Бір орнында тапжылмай тұрған дөңгелексіз велосипед сияқты бірдеңеге отырып алып, ақ

тер-көк тері шыға педальды айналдырсын кеп. Мен анадай жерде қарадым да отырдым. Шыққасын, «Осы да спорт па? Шіркін, атқа мініп алып, кең далада көсілте шапқанға не жетсін!»-дедім. Ол маған таңғала қарады: «Сен не атқа отыра аласың ба?»-дегенді сол көзқарасынан түсіндім. «Ауылда менің өзімнің тайым болған», -деп, атам екеуміздің асауға қалай бас білдіргенімізді айтып бердім. Ол сөзімді ден қоя тыңдап, ойланып қалды. Көп ұзамай, екеуміз ат ойындарын көрсететін ипподромға бара бастадық.

- О, бұның өзі кішігірім жеңіс қой!-деп Жандос сүйсінісін жасыра алмай.

- Атам «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деуші еді. Сүттей ұйып отырған бір отбасын шірітетін құмалақ емеспін. Бірақ жалғыз болсам да бір өзім бұларды ептеп ұлттық салт-дәстүрге қарай бейімдей алады екем, -деп ойлап жүрмін.

Әйтеуір жөн білетін үлкен кісілерден шешем ет баптаудың қыр-сырын сұрап, ден қойып үйрене бастады. Менің бабымды тапқысы келді ме... Қазір енді ет таңдау, оны тұздау, сүрлеу, қазы айналдыру сияқты істерге төселіп қалды. Бастапқыда илеген бауырсағы онша көтерілмейтін, қазір үлпілдетіп, тым тәуір пісіретін боп жүр.

«Еламан айналайын, сен мына ініңе ұйықтар алдына ертегі оқып берші», -деп әкем бір күні қолыма «Нуф-нуф, Ниф-ниф, Наф-наф» деген үш торай туралы ертегі кітапты ұстатқан. Оны жаймен ысырып қойдым да, ешкімге көрсетпей, қойын-кітапшамның ішіне сақтап жүрген, көлемі қысқа, мысал-ертегілерді бірінен соң бірін дауыстап оқып бердім. Ініме ғана емес, әке-шешеме де қажет әңгімелер еді.

- Ол қандай әңгіме? Маған да салып жіберші, бос уақытымда оқийын.

- «Тауық балапаны мен қарғалар» деп аталады.

Тауық балапаны ақ жұмыртқаны жарып шықты. «Алақай! Өмір неткен тамаша!» деп ол жан-жағына сүйсіне көз салды. Оған төңіректің бәрі қызық. Кенет «қарқ», «қарқ» деп ұшып-қонып жүрген қап-қара құстарды көзі шалды.



- Не деген керемет құстар! Өздері де, көздері де қап-қара! Қандай тамаша! Мен де солардай қарқылдасам ғой, шіркін! - деді балапан таңдайын қағып.

- Қыт-қыт... Сен - тауықсың, ал олар қарғалар ғой! - деді шұбар тауық балапанына бәйек болып. Балапанның сол сөзін құлағы шалып қалған маңғаз қораз қатты намыстанды. Ол биік қақпаның үстіне ырғып шықты да:

- Ку-ка-ре-ку-у! - деп жарқын дауысын барынша созды.

- Қыт-қыт... Дауыс деп міне осыны айт!..

- Қыт-қыт!.. Айдары қандай қып-қызыл! - деп сүйсіне шуласты тауықтар.

- Қарашы, сенің әкең қандай аппақ! - деді шұбар тауық балапанына мақтанышқа толы үнмен. Алайда сарыауыз балапан:

- Ой, оның несі керемет. Мықты болса, анау қарға құсап биікке ұшар еді ғой! - деп тұмсығын шүйірді... Қызыл айдарлы ақ қораз шұбар тауықты жұбатты:

- Өкпелемеші, ол әлі кішкентай ғой. Өскесін, ақылы кірер.

- Алайда, кішкентай балапанның бар арман-мұраты - қарғаға ұқсау еді. Өскен сайын, ауыл-үйдің арасында тары шұқып, алысқа ұша алмайтын тауық балапаны боп өмірге келгеніне сұмдық намыстанды. Топ-топ қарғаның ізінен күні-түні қалмай жүріп, ол ақыры қарқылдауды үйреніп алды. Оның ендігі ойы - аппақ қауырсындарын қайткенде қара түске бояу еді. Бір күні оның да орайы келе кетті. Күн сайын тауықтары мен қаз-үйректеріне жем шашып, су беретін мейірбан әйел өз үйінің іргетасын қара бояумен сырлап жатқан. Соның көзін ала бере, балапан қап-қара бояу толы ыдысқа күмп ете түсті. Ойбай!.. Иісі қандай сасық еді! Өткір иіске тұншыға жаздады. Қаймақ сияқты қоймалжың сырға бір батып, бір шықты. Қанатын сабалай жанталасып:

- Қарқ-қарқ! - деді ышқына. Алайда, қарғалар байғұс балапанға мойын да бұрмады. Тәкаппар балапан өз анасын қапелімде көмекке қалай шақырарын білмей, қатты састы. Өйткені ол ешқашан «қыт-қыттап» көрмеп еді. Сау болғыр,

әлгі әйел дер кезінде келе қалғаны. Әйтпесе, балапанның саудасы бітіп еді. Қанат-қауырсындары үстіне жабысып, қоп-қою қап-қара бояуы жерге тамшылап, лезде сүмірейіп қалған балапанды көріп, ауладағы барлық қаз-үйректер:

- Анау тауықтың ақымақ балапаны боқ шұқитын жаман қарға болам деп жүріп, арам қата жаздады,- деп мазактай күлді.

- Қарандаршы, балалар, өз ана тілінен, табиғи болмысынан бас тартып, басқаларға көзсіз еліктегендер осылай жұртқа күлкі болады,- деді әйел ұл-қыздарына.

- Еламан, бұны кім жазған? Өзің бе?

- Ия. Әдейі інім үшін жазғам. Соны оқып беріп, сосын мазмұнын талдап, асықпай түсіндіре бастадым. Ол өте ұғымтал, ақылды бала екен. Көзі жәудіреп тым жақсы тыңдады.

«Енді сен қарғаға еліктеген тауық балапаны құсамай, алдымен жақсылап қазақша сөйлейтін бол. Таза сөйлеуге тырыс. Орыс сөздерін қосып, тілімізді шұбарлама. Сен қанша орысша жақсы сөйлегеніңмен, бәрібір олар саған «О, өзіміздің бала екен ғой!» деп құшақ жаймайды. Құдай сені қазақ қып жаратты ма, қазақ боп қалуың керек», - деймін. Өңгімеге сырттай құлақ түріп, ана жақта жүрген әкешешемізге естірте. Сол күннен бастап, ол екеуінің де өзара орысша шүлдірлесуі азая бастады. «Көш жүре түзеледі», біртіндеп екеуінің де тілдері түзелер деген үміттенемін.

- Бәрекелде! Жарайсың! Аз уақытта біраз шаруа тындырыпсың ғой! Сен өзің мықты педагог екенсің?! Қандай ақылды жансың!

- Атам: «Екі қарияның ортасында өскен бала дана болады, екі баланың ортасында жүрген қария бала болады», - деуші еді. Менікі даналық емес, сол екі қариядан жұққан бірдеңе ғой.



«Арман деген досым бар еді...»

- Салам, Жандос!

- Салам, Еламан! Сабағың қалай? Біраздан бері хабарсыз қалдың ғой. Әкең тағы интернетке шығуға тиым салды ма деп қорқып ем.

- Сабақ па, сабақ жаман емес...

- Не жаңалығың бар?

- Жаңалық деуге келмес. Дегенмен...менің ең жақын досым ауырып қалды. Түнімен соны ойлап, көрер таңды көзіммен атырдым.

- Клиникада ма? Дәрігерлер емдеп-жазатын шығар, уайымдама.

- Жо-оқ, ауруханада емес, үйінде. Қатарға енді қайтып қосыла ма, жоқ па, білмеймін.

- Оған не болған?

- Бір-екі ауыз сөзбен жеткізу қиын. Бәрін басынан айтсам, уақытыңды аламын ғой.

- Айта бер, уақытым бар. Сенімен сөйлесуге қалай асыққанымды білсең ғой!?

- Арман - менен бірер жас үлкен. Досым емес, туған ағамдай қамқор боп жүруші еді. Екеуміз спорт секцияларына бірге баратынбыз. Өзі орыс, ағылшын, түрік тілдеріне жүйрік. Бірақ қазақша сөйлегенде бөтен тілді араластырмай, тап-таза сөйлейтін. Шынымды айтсам, мен барлық жағынан соған еліктеуші ем. Содан үлгі алуға тырысатынымын. Сыпайы, инабатты жігіт. Бар арманы – шетелдің әйгілі бір университетінде оқу еді. Жатпай-тұрмай, ағылшын тілін үйренді. Халықаралық олимпиадаларға қатысып, жүлделі оралып жүрген.

- Еламан, сөзіңді бөлсем, кешір. Сен неге, өмірден өтіп кеткен адамды еске алғандай, «сөйтуші еді», «сондай болатын» дейсің? Бәлкім тәуір боп кетер.

- Саған қалай түсіндірсем екен... Иә, менің өзіме де ол туралы өткен шақпен айту оңай болмай тұр.

- Сонымен...

- Таяуда әкеммен бірге ауылға барып, атам мен апамның бейітін көтердік, құлпытас қойдық. Олар қайтқалы, ел жаққа ат ізін салмағам. Кішкентайымызда бірге ойнап-өскен досым, өсіп, үлкен жігіт боп, қамыстан сарайкөтеріп жатыр екен. Мен бір аптадай ауылда қалып, соған көмектестім. Әкем жұмысына асығып, қалаға қайтып кетті. Көп ұзамай, «Арманчик грант ұтып алды!»-деп анам телефонмен сүйінші сұрады.

Арман досым, мен ауылға кетерде, шетелдің айтулы бір универіне бару үшін бір қырғын додаға қатысып, бағымды сынап көремін деп жүрген. Өзіне қанша рет қоңырау шалсам да, телефоны сөндірулі болды. Қалаға келген бетте алып-ұшып, бірден үйіне жетіп бардым. Қуанышымен құттықтайын, шетелге қашан жүргелі жатыр екен, білейін деп. Ойымда түк жоқ.

Үйлерінде бірнеше бейтаныс әйел бар екен. Бір табақ етті алдына қойып, Арман соларға ет турап отыр. Ылғи әйелдің ортасында жалғыз жігіттің отырғаны көзіме оғаштау көрінді. «Кел, келе ғой, қарағым»,-деп анасы бұрынғыша құрақ ұшып, дастарханға шақырды. Бірақ көзі мұңдылау, жүзі сынықтау көрінді. Өзі жағы қушыып жүдеп кеткен.

Арман болса, мені мүлде танымайтын адам сияқты. Майы сорғалаған сүр етті жүзі қылпылдаған ұзын сапты пышақпен ұсақтап тураған күйі үнсіз отыра берді. «Болды, болды! Осы турағаның жетер! Мұның бәрін тауыса алмаймыз!»-деп әлгі әйелдер жан-жақтан шулап тоқтатпаса, сол күйі, таудай етті турай беретін түрі бар. Анасы: «Арманжан-ау, тамақ жесеңші»,-демейінше, пышағын қолына ұстап, асқа қол созбай, мелшиген күйі отыра берді. Тек сырты ғана – Арман, өзі мүлде бөтен адам сияқты. Ішім бір түрлі мұздап кетті. Ет желініп, жұрт қол жууға орындарынан тұрды. Ал ол дастархан басында тапжылмай отыр. «Арманжан-ау, жүр, қолыңды жуайық»,-деді анасы жас балаша бәйек болып. Өзі маған жалтақ-жалтақ қарап қояды.



«Жақсы, айналайын, балаң аман-сау жазылып кетсін! Алла шипасын берсін!»-деп қонақтар асығып-үсігіп қоштаса бастады. Жақын туыстары ма, әлде қызметтестері ме, әйтеуір мен бұрын-соңды көрмеген апайлар ма. Сол кезде ғана Арманның әлде бір түсініксіз дертке шалдыққанын ұқтым. Ұқтым да жаным шырқырап кетті. Ал ол болса, ванада суды сырылдатып, әлі қолын жуып тұр еді.

Кісі аяғы басылар-басылмастан: «Арман досың аяқ астынан осындай халге тап болды»,-деді де, Күләш апай қыстыға жылап жіберді. Көзінен тоқтаусыз аққан мөлдір жасын орамалының ұшымен тынымсыз отырып, оның айтқан әңгімесі санама симады. «Жоқ, жоқ, мүмкін емес!»-дей бердім алқымыма өксік тіреле.

- Ойпырмай, ол сонда жол апатына тап болған ба?-деді Жандос әңгіменің аяғын күтуге шыдамы жетпей.

- Арман грант ұтып алғанын айтып, үйіне телефон шалады. Тілеуін тілеп, хабарын күтіп, жолына қарап елеңдеп отырған әке-шешесін қуантпақ боп. Олар да қуаныштары қойындарына симай, дереу көрші-көлем, тума-туыс, жора-жолдастарына дастархан жаяды. Жалғыз ұлдарынан нені аясын. Ертеңіне кешке таман Арман Астанадаң үйге келеді. Қатты жабырқау. Жүзі шаршаңқы. Ештеңеге хошы жоқ. Тамаққа да қол созбайды.

«Қанша сыннан сүрінбей өтіп, қанша адамның ортасынан қара үзіп шығу оңай ма, қатты шаршаған екен!»-деп, бастапқыда әке-шешесі онша мән бермейді. Кейін: «Неге ұнжырғаң түсіп кеткен? Үйге келгелі еңсең бір көтерілмей, теріс қарап, бүктүсіп жата бердің ғой? Қарағым-ау, оқуға түскенің рас па өзі? Мында ел-жұрт құттықтап келіп жатыр, біз жүрміз шашылып-шабылып»-деп анасы ақырын ғана мән-жайды сұрайды.

«Пойызға билет алмақ боп, кассада тұрғам. Біреу: «Ей, жігіт, мынау арқандағыны ары тартшы!»-деп зіркілдегесін, рюкзағымды қол созым жердегі орындыққа қоя салдым. Билет алып боп, қайтып барсам, біреу рюкзағымды алып кетіпті.

Санымды бір соқтым. Барлық құжат соның ішінде кетті. Азын-аулақ ақшам бар еді. Оны қойшы, анау қағаздарым болмаса», - деп Арман жасырмай бар шынын айтады.

Оны естіген әкесі: «Ой, сен мына тұрған Астанадан үйге жете алмай жүрсің!!! Сен бе, сен, шетелде оқып қарық қылмассың! Ынжық неме! Сен адам болмайсың!» - деп ауызынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, туғалы дауыс көтермеген ұлына айғайлап ұрсады. Арман көзінен аққан жасы бетін жуып, өз бөлмесіне кіреді де жатып қалады. Таңертен тұрғанда, мүлде бөтен адам боп оянады... Менің әкем дәрігер ғой, сол кісінің айтуынша, қатты күйзелістен жүйке жүйесінің нәзік бір талшығы үзіліп кеткен сияқты.

- Ой, сұмдық-ай! Онсызда жаны күйзеліп, тығырыққа тірелген баласына сонша ренжігені несі екен?!.. Жанын тыныштандыратын, уайымынан сергітетін жылы сөз айту орнына!

- Ашумен артық кеткенін сезбей қалған шығар. Біздің қазақтың әдеті емес пе, ашуын баласынан алатын...

- Жоғалған құжатты қайта жасатуға болатын еді ғой. Сол ешкімнің ойына келмегені ме?!

- Ия, Арманның не себепті кешігіп жатқанын сұрап, шетелдегілер хабарласыпты. Оның оқуға түскенін дәлелдейтін қағаздарын жоғалтқанын естіп, «Тезірек келсін. Біздің компьютерлік базамызда бәрі тұр ғой», - депті.

Ол болса, күндіз-түні көзін бір нүктеге қадаған күйі, сағаттар бойы қозғалмастан, отырады да қояды. Дәретханаға кірсе, біреу шық демей, шығуды білмейді. Құләш апай ертелі-кеш ізінде жүргені... Анам сыртынан: «Әп-әдемі жігіт боп өсіп келе жатыр еді, тіл-көз тиген шығар оған», - деп жорамал жасайды.

- Байғұс әкесі іштей өзін кінәлайтын шығар?

- Кім білсін?! Ол кісінің өзі де соңғы кездері жиі ауырып жүр. Біресе қан қысымы көтеріліп, біресе жүрегі қысылып... Екі күннің бірінде есік алдында «Жедел жәрдем» тұрады.



- Еламан, тауық балапаны мен қарғалар туралы мысал-әңгімең ұнап қалды. Осы сияқты, қысқа да нұсқа жазғандарың болса, маған жіберші.

- Қазір...Мынаны оқып көрші. «Жалғыз тамшы» деп аталады. Мысал-әңгіме.

- Бір қария қаулай өскен қалың шалғынды қол орақпен шауып, ал немересі шапқан шөпті ұқыппен жинап жүрген. Кенет күн күркіреп, жаңбыр жауа бастады. Екеуі діңіне құшақ жетпес алып еменнің түбін паналады. Көп ұзамай жаңбыр басылды. Көк аспанға күлімдеп күн шықты. Бала үзілер-үзілмес боп, жапыраққа әзер ілініп тұрған жалғыз тамшыны көрді. Моншақтай мөлдір, күн сәулесімен сан алуан түске ене құбылған тамшыға қызыға қарады. Сірә, еменнің қалың қабығының қатпарына жасырынып қалса керек. Жалғыз тамшы ыршып жапырақтан жапыраққа секірді.

- Ой, мен қандай әдемімін! Жұп-жұмыр, мөп-мөлдір! Менен асқан сұлу ешкім жоқ! – деді шаттанып. Жерде дән сүйреп бара жатқан титімдей қыпша бел құмырсқаны көрген ол:

- Ей, сен мен секілді секіре аласың ба? Кел, ойнайық! – деді мақтана. Оның жіп-жіңішке нәзік үнін естіген қара құмырсқа:

- Ренжіме, ойнауға уақытым жоқ. Қыста жейтін азығымызды тезірек жинап алуымыз керек! – деді. Сөйтті де мықшия дән арқалап, тынымсыз жөңкілген тума-туыстарына қосылды. Тамшы томсырая өкпелеп қалды. Сосын:

- Қандай бақытсыз! Өмірдің рахатын білмейді! Ал маған дәннің де, іннің де керегі жоқ! Мен қыстан қорықпаймын! – деп лепірген ол одан әрі әр жапыраққа бір секіре берді.

- Тамшы! Құр босқа секіре бермей, маған қарай секір. Сонда аман-сау қаласың! – деді суы мөп-мөлдір, өзі мұздай тау бұлағы жанашыр көңілмен. Ол кәрі еменнің дәл жа-

нынан сылдырай ағып жатқан. Оған биіктен менсінбей қараған тамшы:

- Мен биіктемін. Төңіректің бәрі маған ап-анық көрінеді. Қандай керемет! Ал сен болсаң, төмендесің. Байғұс бұлақ, бұл өмірде не қызық көресің? Ағып жатсың, ағып жатсың.... Алды-артыңа қарауға бір мұршаң жоқ. Сонша қайда асығып барасың?- деді.

- Өзенге тезірек жетуім керек,- деді бұлақ сыңғырлай күліп.

- Өзендер қайда барады?

- Олар көлдер мен теңіздерге құйылады. Тіпті алып мұхиттарға да қосылатындары бар,- деді ерке бұлақ тастан тасқа секіре, жалғыз тамшыдан алыстап бара жатып. Күн қыза түсті. Жалғыз тамшы жанын қоярға жер таппады. Сәт сайын оның көлемі кішірейе берді. Ақыры көзге көрінбей мүлде жоғалып кетті... Орнында тек болар-болмас дақ қалды. Бала жоғалып кеткен тамшыны қатты аяды. Атасы оған:

- Қарағым, өз ұлтын менсінбей, өзінің бастау-бұлағы - салт-дәстүрінен бас тартқан кез-келген адам жаңағы тамшы құсап із-тұзсыз жоғалып кетеді, - деді байыпты үнмен.

- Еламан, сен бұны да кішкентай ініңе оқып бердің бе?

- Әрине. Ініме оқыған боп, үйдегілердің бәріне дауыстап оқып бергем. Әкем де, анам да тыңдады. Бұрын орысша шүлдірлеп жүрген інім қазір қазақша кітаптар оқып жүр...

-О, онда сенің алғашқы жеңісің құтты болсын, бауырым!

«Сен жалғыз емессің!»

- Еламан, білесің бе, сенің жалғыз тамшы жайлы мысал-әңгімең маған ерекше әсер етті. Кенет өзімді сол титімдей тамшы секілді сезіндім. Өзімнің бастау бұлағымнан жырақта жүрмін. Мүлде із-түзсіз жоғалып кетемін бе деген үрей бойымды билейді. Елде қалған көкелеріме - әкемнің екі



ағасына іштей өкпелеп жүруші ем. Қиын шақта олар бізді неге іздемеді, неге келмеді, неге көмектеспеді деп. Оным ақымақтық екен.

- Ия, заман астаң-кестең боп, қоғам өзгеріп жатты. Олардың да басынан не өтіп, не қойғанын кім білген?!.

- Бұрын айдалада жалғыз жүргеніме қатты қапаланушы ем. Туған жерге деген түпсіз сағыныштан шаршап, тура өлгім келетін. Жанымды қинаған алапат аңсаудан мені тек ажал ғана құтқаратындай сезінуші ем... Бірде тіпті шыдай алмай, бақ ішіндегі бір жуан ағашқа жіп байлап жатқам. Катрин ханым сыртымнан көріп қап, мені құтқарып қалды. Кейін әлгі ағашты кестіріп тастады. «Бірақ, бұдан басқа да ағаштар көп қой», - деп ойлағам.

Сол жағымсыз оқиғаны Катрин ханымның немерелері естіп, жылапты. «Джони, саған анамыз бар жағдайды жасады ғой. Елінде, үйінде көрмеген жақсылықтың бәрін...Саған не жетпейді сонда?» - деп балалары да таңғалды. Катрин ханым қаншама уақыт мені психологтарға апарды. Түрлі спорттық үйірмелерге, концерт залдары мен көрмелерге сүйреледі. Бірақ ештеңеге зауқым болмады. Ол кезде мүлде өмір сүргім келмейтін...

- Жандос, мүлде ондай ойды басыңа жолатпа!.. Сен - жалғыз емессің. Бұнда - біз бармыз. Менің әкем де, анам да сені жатсынбайды. Олар - өте мейірімді жандар. Сені олар менен кем көрмейді.

- Жо-жоқ, ол бұрын ғой... Сенімен танысқалы, өмірге құштарлығым оянды. «Шіркін, біздің Қазақстан да АҚШ сияқты мықты ел болса ғой!» - деп ойлаймын. Қазіргі арманым тек - сол. Соған үлес қоссам. Тамшыдай болса да...

- Ол үшін жақсылап оқы. Біздің елге мықты мамандар керек.

- Дұрыс айтасың. Алдымен жан-жақты білім алуым керек. Сосын Отаныма ораламын. Туыстарымды іздеймін.

- Әкеңнің ағалары болмаса да, сол кісілердің балалары бар шығар.- Әрине. Ең бастысы, сені көргім келеді, бауырым!.. Осынау жаһандағы жалғыз жақыным - сенсің.

Айсәуле қас қарая Алатаудан ескен кешкі самалға бетін тосып, жап-жасыл саябақ ішінде жайбарақат, серуендеп жүрген. Кенет тап жанына бірдеңе пысылдай жетіп келіп, жалаңаш балтырына дымқыл тұмсығын тигізгені. Иман-зәресі ұша шыңғырып жіберсін. Дереу бас демей, көз демей, төпелеп ұрып тастады. Қолшатырымен. Аспан алабұлттанып тұрған соң, аяқ астынан жаңбыр жауып кетер деп үйден ала шыққан. «Қолымда бұның болғаны қандай жақсы!» деп ойлап та үлгерді. Жұдырықтай қара күшік шәу-шәу етті де салпаң құлағы жерге тие жаздап, қыңсылай, иесіне қарай қашты. Көзілдірікті, ұзын бойлы, арық денелі, жас шамасы он алты-он жетілердегі, толқынды бұйра шашы иығына төгілген жасөспірім түймедей сым-тетікті құлағына тығып ап, тербеле музыка тыңдап, сәл кейіндеу келе жатыр екен. Ендіге жетті де, күшігін жерден көтеріп алды.

- Болды, болды, қоя ғой, Бакс, қойшы енді!-деп, тұла бойы дір-дір еткен күшігінің арқасынан сипады. Бейшара мұңын шағып, ұзақ қыңсылады. Иесінің жылы сөзі жүйкесін босатып жіберді ме... Әлде шынымен-ақ, қыздың соққысы қатты тиіп кетті ме... Аңтарыла тұрып қалған Айсәулеге бейтаныс бозбала түсін суыта қарап:

-Қандай тас жүрек қыз! -деп басын шайқады да, асыға адымдап, әрмен қарай кете барды. Кішкене күшікті қан қақсатып қойғанына Айсәуле қатты ұялды. «Шынымен-ақ, не деген тас жүрек едім!? Мені талап тастаған жоқ қой. Жәй ғана тұмсығы тиіп кеткенге сонша ұрғаным не қылғаным!» -деп өзін-өзі кінәлады. Дереу күшігін бауырына қысып, ұзап бара жатқан ұзын бойлы балаң жігіттің соңынан тұра жүгірді.

-Тоқтай тұрыңызшы! Тоқтаңызшы! Иті бар жігіт, сізге айтамын!-деп айғай салды. Күшігін құшақтап, күңкілдей сөйлеген ол иығы бүрісіп, артына бұрылмастан кете берді. Бәлкім, бұған қатты ренжіген болар.



Әрине, бейшара күшіктің түк жазығы жоқ еді ғой. Бәрі өткендегі азу тісі пышақтай қасқыр-иттің кесірінен... Ат шаптырым биік аулада бос жүр екен. Тайыншадай бәле тарпа бас салып, талап тастай жаздады...Бұл онда отбасылық шағын ауруханада тәжірибеден өтіп жүрген. Балалар дәрігері сол маңайдағы хан сарайындай зәулім үйлердің біріне жұмсады. Жаңа туған жас нәрестенің жай-күйін тексеруге. Үй күзетшісі дер кезінде құтқармағанда, шаруасы бітіп еді. Артынан ол: «Свет тексеруге келген біреу ме деп, итті шынжырдан босатып едім», -деп өзінше ақталған болды...(Сірә, электр қуатын күндіз-түні пайдаланғанымен, ақшасын айлап-жылдап төлемейтін сараң қожайыны солай әмір берсе керек.) Сол жолы өзін Құдай сақтады. Тіпті ойлаудың өзі қорқынышты...«Дегенмен, мына титімдей күшікке обал қылдым. Иесінен ертең кешірім сұрауым керек. Ұят болды-ау!» -деп Айсәуле бармақ тістеп, бас шайқап қала берді.

Бейтаныс бозбаланың: «Қандай тас жүрек қыз!»-деген сөзі келесі күні де Айсәуленің көңілінен кетпей қойсын. Сол сөзді айтқан кезде ол бұған оқты көзбен ата қараған секілденді. Әлде бұған солай елестеді ме. Кім білсін, сөйтсе сөйткен де шығар?! Көз алдына иесіне қыңсылай шағынған қара күшік келе берді...

Әшейінде таң атса болды, лезде күн батардай көрінуші еді. Айсәуле кешті болдыра алмады. Қолы ештеңеге батпай қойды. Құдай-ау, беті шара табақтай шақырайған Күнді біреу зеңгір көкке мықтап тұрып шегелеп қойғандай, бедірейе мелшиіп тас төбеде тұра берді, тұра берді. Со-яудай-со-яудай алтын кірпіктері қайқиып. Бұның төзімін сынағандай. Алқызыл бояуы көкжиекке жайылып күн байыр шақта асығып-үсігіп саябаққа барды. Содан қас қарайып, көз байланғанша құр босқа сенделіп жүрді де қойды.

Кешегі түбіт мұрт балаң жігітті қанша күткенімен, келмеді. Сосын көңіліне қауіп ұялады. Байғұс күшігінің

бір жері майып боп, мезгілсіз көз жұмба жарар еді. Ол да Құдайдың жаратқан тіршілігі емес пе... Ұшы сүп-сүйір, ұп-ұзын, тастай қолшатыр жұдырықтай күшіктің жіп-жіңішке қабырғаларын қаусатып, нәп-нәзік сүйектерін сындырып жіберген жоқ па екен?! Кім білсін, кім білсін. Бейшара түні бойы қинала қыңсылап, таңға жуық үзіліп кетті ме екен?

«Ит пен мысықтың қарғысы жаман болады» дегенді бала кезінде үлкендерден талай естіген. Баяғыда біреу қора маңында жусап жатқан малымды үркітті деп ауыл иттерін шетінен атып, қырып салыпты. Артынан өзі оңбай опық жесе керек. Сорлының ер жеткен балалары бірінің артынан бірі өліп, әйелі жазылмас дертке шалдығады. Жұрт әлгінің сыртынан тон піше: «Жазықсыз иттердің обалы жібермеді» деген екен. «Иттердің қарғысы атқан адамға емес, жазықсыз бала-шағасына неге тиді екен?!»- деп Айсәуле марқұм анасынан таңғала сұраған.

Бәлкім кешегі бейтаныс бозбала да өліп бара жатқан күшігіне істер қайраны болмай, қимастықтың мөлдір тамшылары көзінен бырт-бырт тамып: «Қолың сынғырай!» деп назаланған шығар. Алла сақтасын. Айсәуленің тұла бойы түршігіп кетті. Кенет...иә, кенет!.. Өз көзіне өзі сенбеді. Қанша уақыт бойы жолына қарап, екі көзі төрт болып күтіп жүрген бұйра бас бозбала ізіне қара күшігін ертіп ап, жайбарақат бұның тап тұсынан өтіп бара жатыр екен. Айсәуле бар екпінімен құстай ұшып барды да, құлағына түймедей сым-тетігін тығып ап, тербеле музыка тыңдап бара жатқан балаң жігітті орағыта, қарсы алдынан тұра қалды.

Сүйкімді қара күшік қыңсылап иесінің балағына оратылды. Құлағы шашақ секілді жерге төгіледі. Қарақат көздері жылт-жылт етіп, бұған қарап қояды, жеген таяғын әлі ұмытпаған сыңайлы. Жасөспірім жігіт болса, Айсәулені өмірінде бірінші рет көріп тұрғандай аң-таң.

- Сәлем!

- Сәлем! Не керек сізге?

- Кешірім сұрайын деп едім. - Бозбала үн-түнсіз тесіле қарады да, теріс айнала берді.



- Мен...мен сіз айтқандай тас жүрек емеспін. Байқамай қалдым, кешіріңізші. Шын айтамын... – Бейтаныс қыз тағы ұрып тастай ма дегендей, жасөспірім жігіт күшігін қолына көтеріп алды да, үн-түнсіз жүре берді. Айсәуле өзін адам ғұрлы көрмей, елемей кетіп бара жатқанына ыза болды. «Дегенмен, оның реніші орынды, дұрыстап кешірім сұрайын. Титімдей күшіктен неге шошынғанымды түсіндіруім керек», - деп ойлаған Айсәуле оның соңынан жүгірді. Ал ұзын сирақ бозбала аяғын аннан бір, мыннан бір басып, «Family park»-пен іргелес шеткі үйге кірді де кетті.

Ертеңіне сабақтан шыға салып, Айсәуле сол үйдің маңына барды. Өткен ғасырдың соңында салынған бес қабатты ұзын үй екен. Бірінші қабатынан біреулер - дүкен, біреулер - шаштараз, біреулер туристік фирма ашып алыпты. Әркім шамашарқы жеткенше жөндеу жүргізген сияқты. Қай-қайсы да сыры кетіп, күн жеп, жауын-шашын тоздырған ағаш терезелерді осы заманғы ақ, сұр пластиктермен алмастырыпты. Үйдің сыртын бірі - жасанды гранитпен, бірі - табиғи жұмыр тастармен, бірі жай ғана тегіс сұр қаптағышпен әрлеген. Әрине, түгелдей емес, тек өздеріне тиесілі жерін ғана.

Бірі - қос қапталында демеуіші бар, ою-өрнекті жіңішке темір саты орнатыпты. Бірі – биік тіреулі жалпақ мандайшасы бар, мәрмәр баспалдақтар жасатқан. Ал ана біреуінің сән-салтанаты мүлде бөлек. Зәулім сарайларға ғана жарасатын, жұп-жұмыр аппақ бағаналар, екі жақ қапталда ұзыннан көсіліп, ауызын арандай ашқан қос арыстан, ақ гипстен жасалған бедерлі өрнектер көрген жанның көзін қызықтырады. Ежелгі грек шеберлерінің қолынан шыққан өнер туындыларының көшірмесі.

«Алайда, бұл үстіңгі қабаты - социализм, төменгі қабаты капитализм, ала-құла үйге мүлде үйлеспей тұр», - деп ойлады Айсәуле. «Осында дүкен, кеңсе, шаштараз ашқандар

орталарынан ақша шығарса, сосын үйдің сыртын біртегіс әктеп, не сырлап, сыртқы есіктерін жөндесе, маңайға сан алуан гүлдер ексе ғой, шіркін! Онда қаламыз әдемі бола түсер еді-ау!»-деді іштей. Сосын өз ойына өзі мырс етіп күліп жіберді. Бұдан кім ақыл сұрап жатыр!? Ол жасыл бүршіктері енді ашыла бастаған бәйтерек аясындағы ағаш орындыққа тізе бүкті. Осы үйге кірген-шыққанды көзімен бақылап, тым ұзақ отырды.

- Біреуді күтіп отырсың ба, қарағым?-деді үстіне ақ сұр түсті, ескі болса да тап-таза жұқа бешпент киген, қолына имек бас таяқ ұстаған, көзілдірікті бір қария бұның қасына жайғасып жатып. Айсәуле не дерін білмей сасып қалды.

- Күнде кешкісін өзің қарайлас жастар осы араға жиналады. Таңға дейін гитар тартып, шулап ән салады. Шемішке шағып, есік алдын ат көпір етеді. Қусақ та кетпейді иттің балдары. Сен соларға ұқсамайсың. Мектепте оқисың ба?-деді жылыұшырай. Айсәуле басын шайқап, сыңғырлай күліп жіберді:

- Жоқ, ата, мен бе? Мен ... студентпін. Осында біреуді іздеп келгем. Қай пәтерде екенін білмеймін. Бәлкім өзін кездестіріп қалармын деп күтіп отырмын.

- Ол кім болды екен, а? Байырғы көршілердің бәрін танимын ғой. Іздеген кісіңнің аты кім, қарағым?

- Қалай десем екен... Кішкентай қара күшігі бар, көзілдірікті, ұзын бойлы бұйра бас жігіт... Шашы иығына түскен. Атын білмеймін.

- А, әлгі... ешкіммен араласпайтын, араласу түгілі амандаспайтын кісі-киік әйелдің баласы ма?!. Әлек...

- Әлек емес, Алик шығар?

- Бар болғырдың шын атын білмейді екем. Әйтеуір «Әлек, Әлек, тамақ іш!»-деп, шешесі балконға шығып алып, дауыстап шақыратын да жататын. Кішкентай кезінде. Ешкімге қосылмай, жалғыз өзі күшігімен ойнап жүретін бала еді. Олар баяғыдан бері 75-пәтерде тұрады ғой.

- Ой, ата, көп рахмет сізге!-деп, Айсәуле лып етіп орны-



нан ұшып тұрып, алба-жұлба хабарландырулар желімделген сыртқы есікке жүгірді. Қоқыс шелек көтерген біреу іштен шығып келе жатыр екен. Қария қалтасынан етектей қол орамалын алып, асықпай төрт бүктеп, сосын самайынан сорғалаған терін ұзақ сүртті. Сүртіп отырып:

- Ойпырмай, түріне қарасаң, иманжүзді, ибалы бала сияқты. Бірақ, жігітті өз аяғымен іздеп келуі қайбір жақсылық дейсің?!-деп, біразға дейін күңкілдеді. Айсәуле аяғын тез-тез басып, жоғары қабатқа өрлей берді. Іздеп келген пәтерінің қоңырауын имене түртті. Іштен тырс еткен дыбыс болмады. Біраздан соң батылдығын бойына жиып, есік қапталындағы қара түймені қайта-қайта басты. Бастапқы қобалжуы жайына қалды: ой үстінде тұрып, күллі әлемді ұмыта, ұзақ шырылдатты. «Демек, үйде ешкім жоқ!» деп ойлап, теріс айнала берген, іштен біреудін:

- Кімсіз? Кім керек?-деп сұрамасы бар ма. Сірә, өзін бағанадан бері есіктің оймақтай көзінен сығалай қарап, сырттай бақылап тұрса керек. Айсәуле өз құлағына өзі сенбеді. Не дерін білмей, сәл сасқалақтап қалды да:

- Мен бе, мен... Әлек...ой, Алик үйде ме? -деп сұраққа сұрақпен жауап қайырды. Темір сейф секілді сұр есік бірнеше жерінен құлыптаулы тұр екен. Сәлден соң, салдырлаған кілттерін алма кезек сұғып, әйтеуір зілбатпан темір есікті іштегі адам ұзақ ашты.

- Апай, сәлеметсіз бе?

- ... (Әйелде үн жоқ).

Көзден таса, көлеңкелі жерде, күн тимей өскен шөп секілді өңі боп-боз, қан-сөлсіз жүдеу әйел иегімен түпкі бөлмені нұсқады. «Іздеп келген адамың ана жақта!»-дегені болар. Ал өзі көзін төмен салып, босағада мелшиген күйі үнсіз тұрып қалды. Сірә, туғалы тұңғыш рет көріп тұрған бейтаныс бойжеткен шексіз таңғалысымды жанарымнан біліп қоймасын деп қауіптенсе керек. Үйдің іші мұнтаздай тап-таза, тап-тұйнақтай екен. Басы артық тұрған ештеңе жоқ. Аяқ киімін шешіп болғанша, Айсәуле соның бәрін байқап үлгерді.

Көзілдірікті арық бозбала құлағына сым-тетігін тығып алып, компьютер алдында мүлгіп отыр екен. Күллі әлемді ұмытып. Бұған көзінің қиығын да салған жоқ. Тек дәл аяғының астында ұйқылы-ояу бұйығып жатқан салпаңқұлақ қара күшік елең етіп, басын көтерді. Сосын шәу-шәу ете үріп, балағынан тістелегенде ғана иесі қызға басын бұрды. Аспаннан түскен «ғарыш қонағы» құсап, дәл қасында тұрған Айсәулені қайдан көргені оның есіне бірден түсе қоймады-ау, сірә, көзілдірігін бір шешіп, бір киіп, көзі жыпылықтап үнсіз қалды. Әлде өз көзіне өзі сенбеді ме екен...

Иығына төгілген қалың бұйра шашын жіңішке резеңкемен желкесіне тастай ғып жинап қойыпты. Оның маңдайы жарқыраған осы кейпін Айсәуле таныс біреуге ұқсатты. Құдай-ау, кімге ұқсайды? Әйтеуір сондай жанына жақын бейне. Тесіле ұзақ қарауға қымсынды.

- Сәлем! Отырсам бола ма?-деді Айсәуле тым ұзаққа созылып бара жатқан үнсіздікті алдымен өзі бұзып.

- Ия, ия...-деп, бозбала отырған орнынан атып тұрып, өзінің айналмалы орындығын ұсынды. Бұл бөлмеде содан басқа орындық та жоқ еді. Соған қарағанда, бұны іздеп келіп, қасында жайғаса отырып, әңгіме-дүкен құратын бірде бір жолдасы жоқ екен деп түйді Айсәуле. Қайда отырарын білмегендей, бөлме ортасында аңтарылып аз-кем тұрған бозбала, сәлден соң сылқ етіп өзінің керуетіне отыра салды.

- Не тыңдап отырсыз? -деді Айсәуле ауызына басқа сөз түспей.

- «Одинокий пастух»...-деді ол, бұл тап бір ұрлығының үстінен түскендей қипақтап.

- О, Джеймс Ласт! «Жалғыз бақташы» маған да ұнайды. Талғамымыз ұқсас екен. Музыкадан. Жарайды, айтайын дегенім ол емес...Кешірім сұрауға келдім.

- Неге? Не үшін?

- Өткендегім дұрыс болмады. Әлі күнге ұялып жүрмін. Қол басындай күшікті қолшатырмен аямай ұру, шынымен де қатыгездік, жо-жоқ...жауыздық!-деді Айсәуле дауысы қобалжи шығып. Өз дауысы өзіне ұнаған жоқ.



- Жарайды!..– Көкөрім жас жігіт қысыла қызарақтап, ұзын қолын ебедейсіздеу ербең еткізді. Айсәуле оның салалы саусақтарының өмірі қасық пен шанышқыдан басқа ауыр ештеңе ұстап көрмегенін бірден байқады. Тым сүйіріктей екен.

- Жақсы, мен кетейін!

-Неге?.. Неге кетесіз? Жаңа ғана келген жоқсыз ба?.. – Ол не айтып-не қойғанын өзі де білмей, абдырап қалды,- Жарайды, кетем десеңіз өзіңіз біліңіз. Мейлі, кете беріңіз, кетіңіз!

Айсәуле жалт бұрылып, шығар есікке беттеді. Жүдеу өнді аққұба әйел бұлардың сөзіне құлақ түріп, басқа бөлмеде тым-тырыс, қыбырламастан отыр екен. Дереу ауызғы бөлмеге шығып, салдырлаған бір бума кілтін қалтасынан алды. Әр кілтті бір салып, зілмауыр есікті асықпай ашып жатып:

- Оның бала кезден жалғыз досы – тек компьютер. Ермегі де сол. Түгел ақтарып, шашып тастап, қайта жинай береді. Басқа ештеңе қолынан келмесе де, әйтеуір жөндеуді қатырады. Егер компьютеріңіз бұзылса, келіңіз,-деп міңгірледі. Өз үйінде дауысын шығарып, қаттырақ сөйлеуге бата алмайтын не деген жасқаншақ жан деп ойлады Айсәуле. Тап бір жаңа ғана әзер ұйықтатқан, жылауық, беймаза сәбиі оянып кетпесін деп аяғының ұшымен жүрген жас анадан бетер.

Айсәуле күнделікті тіршілік ағынымен жүргенде осынау жарық дүниеде құлағы жерге төгілген сүйкімді қара күшіктің, «кез-келген компьютерді ақтарып, шашып тастап, қайта жинай беретін» өндірдей жас жігіттің, «ешкіммен араласпайтын кісі-киік» әйелдің барын мүлде ұмытып та кеткен еді.

Қысқы демалыста Керекуге, үйіне барды. Ысқырған жел, ұйтқыған боранда қайда қыдырсын?! Ақ қар, көк мұзда үйден аттап шыққан жоқ. Талдан тоқылған, тербелмелі креслоға жайғасып алып, тас ошақтағы сырт-сырт етіп,

қызыл шоқтанып, мың құбыла жанған отқа үнсіз қарап отырған әкесін әңгімеге тартты. Екеуі сыртқы мақпал мұқабасының тозығы жеткен фото альбомдарды армансыз ақтарды. Құдай қосқан қосағынан айырылғалы еңсесі түсіп, көп сөйлеуден қалған әкесі төрт құбыласы түгел, басы - аман, бауыры - бүтін, уайымсыз-қайғысыз күндерін еске түсіріп, бір жасап қалды.

Кенет... Айсәуле шет-шеті жырымдалып, уақыт сарғайтқан көне суретті ұстай бергенде, алақанын ып-ыстық шоқ қарып түскендей болды. Әкесінің бозбала шақта түскен жалғыз суреті екен. Жазық маңдайы жарқырап, бұйра шашы толқындана қобыраған бозбала. Айнымаған тап сол – әлгі қара күшіктің иесі! Алғаш көргенде, танысы, тіпті танысы емес, ең жақын адамындай көзіне жылыұшырағаны бекер емес-ау. Тоқта, тоқта!.. Ал сонда, айдаладағы біреу бұның туған әкесіне қалай ұқсайды?

Әкесінің алды-артында аға-інілері жоғы өзіне аян. Әлде бұрын басқа әйелі болғаны ма? Жо-жоқ, Алла сақтасын! Айсәуле әке-шешесінің өмір бойы жұптары жазылмай бірге жүргендерін жақсы біледі. Бір мектепте, бір институтта оқып, тіпті бір мекемеде бірге қызмет еткен жоқ па?! Жолдас-жоралары екеуін қос аққуға теңеп, ерекше сыйлайтын. Өмір бойы бір-бірінің қас-қабақтарына қарап, аялағандары үшін Айсәуле де әке-шешесін іштей мақтан тұтып жүретін... Уақыт сарғайта бастаған анау ескі суреттер – жарасымды жұптың тату-тәтті ғұмырының бұлжытпас айғағы, тілсіз куәсі емес пе.

Өзі періште санап жүрген әкесі қарапайым көп пенденің бірі боп шықты ма сонда?!.. Тәтті жүзімді айналшықтаған аралар секілді күдікті ойлар Айсәуленің көңілінен кетпей қойды. Әкесін біресе «соттап», біресе «ақтап», қанша күн өзімен өзі арпалысты. Ойына келмегені жоқ. Әйтеуір әлгі өрімтал бозбала мен екеуінің арасында бір құпия сыр бары айдан-анық.



Бейжіңге оқуға барып, қытайлық біреудің етегінен ұстап, жат жерде қалып қойған Айгерімге телефон шалып, сыр тартып көрмек болды да, ол ойынан лезде айныды. Анасы өлгенде елге келіп, топырақ салуға жарамаған жалғыз апайына мүлде іші жылымай жүрген. Енді оның қалың қытайды қынадай қырып жатқан «коронавирус» деген бәледен басы қатып отырған шығар...

Әкесі бұл Алматыға аттанар сәтте: «Сәулешім, мынау жарық дүниеде сенің Айгерімнен басқа жақын ешкімің жоқ. Мені қойшы, мен қанша жыл жүрер дейсің... Алдыңда - арқа сүйер ағаң, ізіңде - еркелетер інің болса, уайымдамас едім. Тек екеусіңдер ғой...Айгеріммен хабарласып тұр, бір-біріңнен көз жазып қалмаңдар», - деді жанарына жас үйіріліп. Бұл үнсіз басын изеді.

Іші сәнді - мүлікке толы, қаңыраған қос қабат үйде бір өзі қалып бара жатқан, әкесін Айсәуле қатты аяды. Жаны жабырқады. Алайда қанша күннен бері түн ұйқысын төрт бөлген тылсым сырдың түйінін шешкісі келіп, Алматыға жеткенше асықты.

Күн сайын ақ ұлпа қар басқан саябақты кезгенімен, Айсәуле Аликке кезіге алмады. Осы жерге қара күшігін ертіп, әйтеуір бір келер деген үміті үзілді. Ақыры ойлап тапқан сылтауы – оның үйіне бару, жай бара салу емес, та-яуда сатып алған ноутбугіне сабаққа керек бағдарламалар орнаттыру еді. Бірақ өзінен жасы кіші көкөрім жігітті іздеп баруға қатты ыңғайсызданды. Тіпті бетімен жер басқандай болған.

Бірақ бұл жолы зіл батпан сұр есіктің қоңырауын басып, ұзақ тұрмады. Оның келуін көптен күтіп отырғандай, ашаң жүзді арық әйел тергеп-тексерместен есігін тез ашты. Жүзі абыржулы екен. Жылаған ба, көзі де қызара ісіп тұр. Үйдің іші астаң-кестең, жиналмаған төсек, шашылған дәрі...

- Сәлеметсіз бе? Аликке келіп ем. Сіз өткенде «компьютерлерді жақсы жөндей алады», - деп едіңіз...

- Аллаберген - ауруханада,-деді жүдеу әйел қыстыға сыбырлап. Кенет шыдай алмай, еңіреп қоя берді. Айсәуле оны не деп жұбатарын білмей:

- Алла-берген... дейсіз бе? Аликтің шын аты Аллаберген бе еді?!—деді сасқалақтап.

- Ия, оны маған Алла берді ғой! Жалғыздықтан құтқарушы періштем ғой менің... -деді әйел ботадай боздап.

- Оған не болды? Ауырып қалды ма? Әлде жол апатына ұшырады ма? - Әйел басын шайқап, көз жасын тия алмай, ұзақ солқылдады. Тек біраздан соң ғана тілге келді:

- Балам бір қызды кішкене кезінен ұнатушы еді. Мектепте екеуі бірге оқитын. Кеше сол қыздың туған күні екен... үйіне шақырған.

- Баптанып, бар тәуірін киіп, қонаққа кеткен. Үйге өте кеш келді. Ондай әдеті жоқ еді бұрын... Күте-күте, шаршап жатып қалғам. Есікті өз кілтімен ашып, тасыр-тұсыр кіріп келе жатқанын білемін. Аман-сау келгенін көрген соң, көңілім жайланды ма, талмаусырап ұйықтап кетіппін. Мәнжайды таңертең асықпай сұрармын деп ойлағам...

Ұйқыдан тұрсам, «Мама, кешір. Әкесін танымайтын, ата-бабасын білмейтін, тексіз біреу боп өмір сүргім келмейді.»-деп бір жапырақ қағаз жазып, төсегімнің бас жағына қойыпты. Иман-зәрем қалмады. Жүгіріп бөлмесіне кірсем, өңі құп-қу боп, еденде сұлап жатыр. Жан-жағы - шашылған дәрі... Сол бойда, «жедел жәрдем» шақырдым. Аллаға шүкір, татар дәмі таусылмаған екен.

- Әкесіне хабар тиді ме?

- Әкесі?! А...а...әкесі дейсің бе? Ол кісі тіпті Аллабергеннің бұл өмірде барын да білмейді. Оның отбасына зияным тиген жоқ. Ешқашан салмақ салған емеспін. Мен оны өзім үшін тудым. Ол - тек қана менің балам.

- Сонда қалай?

- Көңілімдегідей адам кезікпей, көп жыл жалғыз жүрдім. Сосын күйеуге тимесем де, дені дұрыс біреуден бала сүйейін деп шештім...

- Сосын?..



- Сосын не болсын... Алматыға көштім де кеттім. Қанша дегенмен, үлкен қала ғой. Аядай Кереку емес. Мені бұнда кім біліп жатыр?!-деді арық әйел тынымсыз сорғалаған көз жасын қолының сыртымен сүрткілей отырып.- Алла-берген - тек менікі, ешкімдікі емес! Ол әкесінің кім екенін білмейді. Айтпаймын да! Ол менің - өлсем өзіммен бірге кететін кұпиям! – Екі миллион тұрғыны бар алып шаһардан мұңын шағар бір пенде таппай отырғанда, Құдай айдап келіп қалған қаршадай қызға қанша жыл іште шемен боп қатқан шерін ақтарып, егіле, езіліп отырған егде әйел көз жасын күрт тиды.

- Кешіріңіз, сізді ренжіту ойымда жоқ. Медакадемияда соңғы курста оқимын ғой. Мықты дәрігерлердің көбін танимын. Айтыңызшы, ол қазір қай ауруханада? - ... (Әйел мылқау адам кұсап, жақ ашпастан, меңірейіп отыра берді.)

- Сенесіз бе, мен оны өз інімдей көремін. Ия, ия... Ол тура менің туған інім сияқты. Осынау үлкен қалада жападан-жалғызбын. Жалғыздықтан жалықтым..

- Жетімсің бе?

- Қалай десем екен... Анам қайтыс болды. Әкем – Керекуде. Өзімнен үлкен апайым – Қытайда.

Мәрмәр бет әйелдің түсі өзгеріп кетті:

- Сен жаңа бір сөзінде: «әкем - Керекуде» деп айтып қалдың ғой...Сонда сені бізге Аманжол Қайырбекович жіберді ме? Ақыры бізді тапқан екен, ә? Ұлы барын білсе, тартып әкетер деп, қорқып жүруші ем...Қанша дегенмен, белді мекеменің беделді басшысы ғой...кұрығы ұзын,—деді иегі дір-дір ете.

Айсәуленің жұдырықтай жүрегі ауызынан торғай кұсап пыр етіп, ұшып кете жаздады... Байғұс әкем, жалғыздықтан жапа шегіп жүр еді, ержеткен ұлы барын естісе, қандай күйде болар екен? Оны қабылдай ма? Мойындай ма? Енді шегінерге жолы жоқ.Көзден таса, әке мейіріміне шөліркеп өскен жалғыз інімді енді ешкім кемсіте алмайды. Әкесіздігін бетіне басып. Оған жол бермейміз. Оны бізге Алла берген!..-деп күбірлей берді Айсәуле.

«СИҚЫРЛЫ ЖӘШІК»

Бала кезімде әкем жұмыстан келе сала, беті қалың ақшыл сары матамен қапталған жылтыр ағаш қорапты тоққа қосатын. Жер, әлемнің жаңалығын содан естіп-білетін де, тамақ үстінде қай елде алапат жер сілкінісі болғанын, қай мемлекетте әскери төңкеріс болғанын әжептәуір әңгіме ғып, апам мен әжеме айтып отыратыны еміс-еміс есімде.

Біздің үйдегі мыңқылдап сөйлейтін, кейде быжылдап ән салатын сол бір сарғыш қоңыр қораптың «Родина» деген радио екенін кейін білдім ғой. Онда әлі мектепке бармаған кезім. Бөтен тілде былдырлап жатқан радионың не айтып жатқанын, қанша құлақ түргеніммен, ұқпаймын. Бірақ сөйлеген кезде кішкене шамы жылт-жылт етіп тұратын қалың матаның ар жағында не барын соншалықты білгім келеді...

Сөйлеп жатқан кісілердің шағын қорап ішіне қашан, қалай кіріп кіріп кеткендерін түсінсем, бұйырмасын. Тіпті соған басым қатады. Қатты қайран қалушы ем. Жан-жағы тұйық, бір саңылауы жоқ ағаш қорап ішіндегі титімдей адамдардың түрін көргім келетіні есімде. Сол сиқырлы қорап анда-санда «Алматыдан сөйлеп тұрмыз!»-деп кәдімгі біз түсінетін тілде саңқ ете қалған кезде, тап бір жақын адамның дауысын естігендей жүрегім жарыла мәз-майрам боп, шадымен шаттыққа кенелетінмін. Күнде кешке қарай «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде...»-деп басталатын ойнақы да көңілді әуен мені ертегілер әлеміне еліктіре шақырып, еріксіз ізіне ерте жөнелетін.

Төрт жасқа келгенімше үйде өзімнен басқа бала болмады да, көбінесе, радиодан естіген ертегілердің әсерімен, өзім ойлап тапқан қиялымдағы «достармен» ойнап жүруші ем. Жасы сексенге таянған кәрі әжемді бөлме-бөлмеге сүйрелеп, «Түлкінің үйіне қонаққа барайық!», «Қайнағаның үйіне



тойға барайық», - деп қинайтынымды әке-шешем кейін еске алып, күліп отыратын.

Радио ішіндегі, қанша ай бойы айтса да ертегілері таусылмайтын, ғажап ертегішіні көруден басқа арманым жоқ еді сол кезде. Ақыры, бала күнгі арманның жетегімен, мектеп бітірісмен Алматыға бардым, сол қаладан «сөйлеп тұратын» радионы да, бар қазақтың баласын радиоға телміртіп, күн сайын балдай тәтті ертегі айтатын адамдарды да көрдім. Кейін...Студент болған кезімде...

Үйдегі үлкендердің айтуынша, мен өте аурушаң бала болыппын. «Үсті-басыңа көз жара шығып, күндіз-түні шырылдап ұйықтамайтынсың, сені 6 ай бойы қолымнан түсірмей көтеріп жүрдім», - дейді апам. Жасы жиырмаға толар-толмас жап-жас келіншектің жарты жыл бойы түнде - ұйқы, күндіз күлкі көрмей, құндақтаулы бөпесін көтеріп жүргені мені мүлде есімде жоқ. Сірә, ол кезде тым шикіөкпе нәресте болсам керек.

Бірақ, әкемнің бет қаратпас ақ түтек боранда мені қалың тонының ішіне тығып алып, ауруханаға апара жатқан кезі кейде есіме түседі. Сірә, апам ақырған ақпанның орта тұсында үлкен інім - Марсты босанған уақыты-ау деймін. Тіпті, әкемнің қой терісінен тігілген қалың қара тонының ашқылтым иісі әлі күнге мұрныма келгендей болады. Сол күні кенеттен қызуым көтеріліп, қатты ауырдым. Қызуым күрт көтерілгені сонша, ауыз жаппай сандырақтап сөйлей бастадым.

Бір қызығы: сондағы айтқан сөздерімнің бәрі есімде: «Папа деймін, папа, мен өскенде бар ғой, радиодан сөйлеймін. Бірақ сіздер мені радиодан көріп отырасыздар», - деймін. Қатты қызудан екі бетім албырап, ентіге демалып, үсті-үстіне, тоқтамастан айтып жатқан сөздеріме әкем сол сәтте мән бере қоймағаны айдан-анық.

«Ия, қоңыр қошақаным, сөйлейсің радиодан, сөйлейсің... Тек аман-сау жазылып кетші», - деп, өрттей жанып тұрған маңдайымды мұп-мұздай саусақтарымен сипалап тұрған әкемнің уайымға толы жанары жадымда сақталып қалды.

«Мені радиодан көріп отырасыздар» деген сөзді сол кезде аузыма Алла салған болар, өйткені менің бала кезімде біздің жақта теледидар мүлде болған жоқ еді.

Теледидар біздің ауылға өткен ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы мен сексенінші жылдарының басында ғана келді. Онда да...желдің өтінде, елдің шетінде жатқан аядай ауыл – Қазақстанның Ресеймен шектесетін батыстағы нүктесі – Сүйіндікке алғаш әкелген менің әкем еді. Жақын маңда қазіргідей телехабарлар қабылдайтын станция болмаған кезде.

Жылда каникулға барған кезімде әкемнің ұзын темір құбырларды бір-бірімен дәнекерлеп, бір-біріне бұрандалар арқылы жалғап, әуреге қалып жататынына көзім үйренген еді. Барынша биік қылып жасаған сол антенналарының басына өрмелеп шығып, әр түрлі бағытқа бұрап көріп, ақ теркөк тер боп жүретін. Еріккен ауыл адамдары алғашқыда топтала жиналып кеп: «Ой, Әмір-ай, босқа әуре боп қайтесің? Бәрібір біздің ауылдан телевизор көрсетпейді ғой. Жан-жағымыз Ресейдің әскери полигондары, солар да бөгет боп тұрған шығар! Қанша биік қылсаң да антеннаң бәрібір ұстамайды-ау, ұстамайды!» - деп, қара аспанды суға алдырып, сарыуайымға толы «ғақлияларын» айтып-айтып тарасатын.

Тек апам ғана әкемнің дйттеген мақсатына жетпей қоймайтын табандылығына іштей сенетін. «Оны қайдан білдің?» дейсіз ғой... Бірде ол кешкі тамақ үстінде: «Баяғыда, елуінші жылдардың ортасында ұсақ-ұсақ бірнеше колхоз бірігіп, совхоз құрылды. Оның орталығы осы Сүйіндік болып жатқан кезде, осы әкелерің біздің ауылға ең алғаш электр жарығын әкелі. Жұрттың бәрі ол кезде әйнек пиала-



сы бар, пілтелі керосин шам жағатын түнде. Ток дегеннің не екенін көрмеген кезіміз. Іргедегі Астрахань, Волгоград, Саратовқа жаңа құрылып жатқан совхоздың шаруасымен жиі барып жүретін.

Бір күні қаладан лампочка, сатып әкелді де трактордың моторынан тікелей үйге дейін сым тартты. «Қазір майсыз шам жанады», - дегенге жұрт сенбей, алыстан үрпие қарап тұр еді. Трактор моторы күрк-күрк жөтеліп, қақалып-шашалып, дар ете қалды. Үй сыртынан жапырылай қарап тұрған балашаға, қатын-қалаш оқыс бірдеңе боп қалардай кейін серпілді де, сәл сығырайып барып-барып, шам жарқырай жанған кезде, бір-бірін басып-жаншып, ішке лап қойды. Кейін жұрт бізге осындай майсыз жанатын шам орнатшы», - деп Әмірге жалынатын болды», - деп апам біз үшін тың, бұрын-соңды естімеген әңгіме айтып бергені бар.

Әкем ауылдағы кез-келген техниканың тілін білетін, және ылғи олардың қызметін одан әрі жетілдіре, жақсарта түсудің амал-тәсілдерін ойлап тауып, сол өнертапқыштық жаңалықтарын «Білім және еңбек» журналына жазып жүретін. Ара-тұра сол журналдан әкеме хат келетін, кейде сол басылымнан аты-жөнін көріп, таңғалатынмын.

Кең ауламыздың ішінде кейде түрлі көліктер тізіліп тұратын. Өз ауылымыз тұрмақ, көршілес жатқан Орал, Сайхын, Жәнібек, Орда жағынан адамдар әкемді арнайы іздеп келіп, жеңіл көліктерін жөндететін. Тап бір алыстан ат арытып, тон тоздырып, дертіне дауа болар емші, сынықшы, тәуіп іздеген кісілер сияқты бізге қызық көрінетін.

Әкеміз алдымен әр машинаның дыбысын тыңдап көріп, сосын ақауы қай жерінде екенін тап басып айтатын. Тек зауыттар ғана ашатын моторды ол өзі ашып, жөңдей беретін. Туған бөлем - Марат ағамның тұңғыш баласы Талант әкемді «Бипеп ата» дейтін, өйткені көбінесе соны машинасына отырғызып, «бип-бип» деп сигналын басқызып, ауылды айналдыра алып жүретін.

Күнде кешкісін жұмыстан келе сала, тамағын ішер-ішпестен, солардың астына кіріп, үстіне шығып, үсті-басы

май-май болып, жөндеуге кірісіп кететін. Байғұс апам: «Ең болмаса, үстіндегі таза киімдерінді ауыстырсаңшы. Тағы да қара май қылатын болдың ғой, ақ көйлектің жеңінің ауызы қанша жусаң да кетпейді сосын», - деп шырылдап жүретіні есімде.

Бір таңғалатыным – әкем ит сілікпесі шыққан көліктерді жөндеп, аяғынан тұрғызғаны үшін ешкімнен бір тиын ақша алмайтын. Ақша, мал бермек болғандарға ренжіп, «Ендігәрі маған келме!» - деп неге ұрсатынын өсе келе түсіндім. Жұртқа жасаған талай жақсылығы кейін біздің алдымыздан шығып, көп шарапаты тиді. (Ол енді бөлек әңгіме...)

Таяуда бір газеттен оқыдым, кезінде америкалық атақты «Форд» деген автомашинаны жасаған адамнан журналистер: «Егерде Сіз өмірге қайтадан келер болсаңыз, кім болуды қалар едіңіз?» деп сұрағанда, «Кім болсам да маған бәрібір, бірақ қасымда осы әйелім жүрсе болғаны», - деген екен. Өйткені қатардағы қарапайым инженер Фордтың жаңа машина жасап шығаратынына ешкім сенбеген кезде, мұздай гараждың ішінде, қол шам жағып, керек құралдарын әперіп, әйелі ғана қасында жүріпті. Кейін ол жасаған машинасын көшеге алғаш рет айдап шыққан кезде, жүрегі жарыла қуанып, шашы желмен желбіреп, қасында әйелі түрегеп тұрған екен.

Соны оқып отырғанымда, өз анам - Қазима ойыма түсті. Ол да... ешкім әкемнің күндердің күнінде теле-антеннаны жасайтынына және сол антенна телехабарлар көрсетеріне ел сенбеген кезде сеніп еді. Жалғыз өзі ғана.

Сол жылдары, яғни әкем антенна жасаумен әуреленіп жүрген жылдары, Кавказ жағынан жылма-жыл шешендер үйелмендерімен келіп, совхоздың мал қораларын салу, үй тұрғызу сияқты жұмыстарға уақытша жалданатын. Бір жазда олар біздің үйдің қарсы бетіндегі ашық алаңқайға, күллі ауылға электр жарығын таратып тұратын электр станцияның



тап жанына кенеп шатырларын тікті. Салт-дәстүрлерін қатты ұстанатын шешен әйелдері ер адамдардың көзінше бас жуып, шаш тарауға қымсынып, ара-тұра оңаша сәттерде біздің үйге кеп жүретін.

Бір күні әкем биік антеннаның басына шығып, ең ұшындағы алюминийден жасалған бөлігін басқа жаққа бұру үшін қозғап тұрған сәтте, жан-жақтан жерге тарттырып қойған жуан темір сымдардың бірі шорт үзіліп кетіп, сонау шырқау биіктен құламасы бар ма?!. Сол кезде жан-жақтан шешен әйелдер ұлардай шулап, жоқтау сарындас сөздер айтып сұңқылдай жылап қоя берсе керек.

«Апырмай, домбыраның қатты тартылған шегіндей керулі сым үзілгенде біреуіне қате тиіп, тіл тартпай кеткен жоқ па екен?»-деп зәрем ұшты», - деді әкем артынан. Өзінің бас айналар биіктен құлап келе жатқаны, ыңғайсыз жерге түссе қол-аяғы сынатыны ойында жоқ, жазықсыз біреудің обалына қалдым ба деп уайымдауы ол кісінің үлкен жүректілігінің айғағы еді. Алла сақтаған болар, сол жолы әйтеуір ешкім зардап шекпеді. Жасынан спортпен айналысқан әкем де өз денесін дереу меңгеріп, үрейленбей, жерге оңтайлана түсіп, сынудан, қираудан аман қалды.

Азаптанып жасаған талай антеннасын қатты жел шайқап құлатса да қайсар әкем алған бетінен қайтпады Әкемнің еңбекқорлығы мен ізденімпаздығына, әлі күнге таңғаламын. «Біз бала кезде ауызымыз жарып ас ішпедік, иығымыз жарып киім ілмедік. Қабырғамыз қатып, бұғанамыз бекімей жатып, майданға кеткен үлкендердің орнын бастық. Құдай сендерге біз көрген бейнетті енді көрсетпесін. Алаңсыз оқындар, үлкен биіктерге ұмтылыңдар, балапандарым. Уақытша ойын-күлкімен жүріп, өмірді босқа өткізіп алмаңдар», - деп отыратын бізге әкем.

Қазір ойлаймын: егер әке-шешесінен ерте айрылып, жетімдік көрмесе, балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келмесе, үйленіп, балалы-шағалы болғасын, еңбек ете жүріп білім алмай, біз құсап, студенттік өмірді бастан кешіп, бір үлкен

университетте терең де жан-жақты білім алса, әкем атағы жер жарған ғалым болар еді, әттең!..

«Тама берсе, тамшы да тасты теседі» деген сөздің жаны бар. Әкемнің қанша уақыт бойы төккен тері текке кетпеді. Алматыдан қысқы демалысқа келгенімде екі інім мен сіңлім ғана емес, көршілердің балаларына дейін түгел жиналып, «Ну, погоди заяц!» деген мультфильмді шек-сілелері қата көріп отыр екен. Алыс ауыл балаларының да өркениет жемісін тата бастағанына шын жүректен қуандым.

Бір аулада, көрші үйде тұратын нағашы апам Өзипа: «Мына Тәкөн Бипеп атаның үйінен қасқыр көрейік деп, қыңқылдап жылап отырғызбады. Ой, Алла-ай, осы Әмірдің шығармайтыны жоқ, бір жақтан қасқыр соғып әкелді ме, әлде тірілей бөлтірігін ұстап әкелді ме?»-деп кішкентай немересі – Талантын жетелеп келіп, ыстық пешке арқасын сүйеп, қитұрқы қоянның тәлкегіне тап бола беретін сорлы қасқыр туралы мультікті тапжылмай отырып тамашалағаны бар.

Кейін, университет бітірген соң Жезқазған облыстық телерадио комитетінде, республикалық «Хабар» Агенттігіне қарасты «Каспионет» телеарнасында қызмет істедім. Шынымен де мені «көрінетін радиодан» әке-шешем, бауырларым, бала-шағам анда-санда көретін болды.

Жазушы ретінде талай-талай республикалық телехабарларға қатысып жүремін.

МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК

– Ал, ағайын, туыстар! Мынау жетім қалған үш баланы қалай қыламыз енді? «Тас түскен жеріне ауыр» деген сөзді бабаларымыз бекер айтпаған шығар баяғыда. Төрт көзіміз түгел тұрғанда, соның бетін ашып алайық,- деп сөз бастады біреуі. Ұялас күшіктердей бір-бірінің бауырына тығыла



бүрісіп отырған үш бала елең ете қалды. Ойпырмай, «жетім» деген қандай жағымсыз, күзгі қара суықтай тұла бойынды түршіктіретін сөз еді!..

– Иә-иә... туыстығымызда кемдік жоқ. Дегенмен... Ой жеткен жерге қол жетпей, өзіміз жанымызды азар бағып жүргенде, бұл қиын болды-ау, ә?!.

– Марқұмдар қай-қайсымызға да бөтен емес еді. Алайда, менің жайымды өздерің де білесіңдер. Қатын ауру, бала жас, бауырын көтере қойған бірі жоқ...Әркімнің пәтерін жалдап, қаланың әр бұрышында жүрміз. «Ұшарымызды жел, қонарымызды сай білетін» бізден не үміт, не қайыр?! Құдай бетін әрмен қылсын, егер алда-жалда олай-бұлай боп кетсем, менің де бала-шағам осылар құсап, үйсіз-күйсіз қаңғып қала ма деп қорқамын кейде.

– Ана жылы баламыз үйленгенде жұрттан қалмай тыраштанып той істейміз деп, тақыр жерге отырып қалдық. Онысызда арқа етім арша, борбай етім борша боп, тапқан азын-аулақ тиын-тебен қанша жылдан бері банк деген жалмауыздың көмейіне кетіп жатыр.

– Менің де жетісіп жүргенім шамалы. Баламыздың оқу ақысы-ақ дінкелетіп болды. Айлығым шайлығыма жетпей жүрсе де, қатарынан қалмай, әйтеуір бір диплом алып шықсын деп ақылы оқуға түсіріп едім кезінде...Әйтпесе, бұлардан немді аяйын?!

– Сендер немене бәрің ауыздарыңды қу шөппен сүртіп, зарлап отырсыңдар. Айналып келгенде бәрің үй-жайы кең, дәулеті жетеді деп мынау жетімдерді маған ысырып тастамақсыңдар ма? Иә, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жатқаным рас. Бірақ, мен бұларды маңым түгілі шаңыма жуытпаймын!

– Ой, астағифирула! Бұл не дегені?

– «Тентектен тез хабар» демей ме?! Бұл өзі әу бастан өтің жарылып кетсе де шыңғырған шындықты шыжғырып тұрып бетке айта салатын қасқа ғой!

– Бұлардың әке-шешелері туберкулезден кетті ме? Кетті.

Мыналар да сол аурудан аман деп ойлайсындар ма? Әрине, аман емес. Сондықтан, балаларыма ауру жұқтырар жайым жоқ! Так что, маған қарап иектерің қышымай-ақ қойсын.

– Қайтсын-ай, бұны да түсінуге болады. Желге, күнге тигізбей, үпілеп бағып отырған көзінің ағы мен қарасындай, Құдайдан сұрап алған балаларын ойлайды ғой.

– Қара жер хабар бермесін, марқұмдар қалаға келгенде кімге сеніп, не ойлады екен? Қанша жыл әркімнің сыз пәтерінде жүріп, тапқан пайдалары мынау енді!..

– «Ойбай, ауылда жұмыс жоқ!»-деп, тап бір қалада өздерін салулы төсек, салқын үй күтіп тұрғандай балаларын шұбыртып қалаға көшіп жатқандарды түсінбеймін...Ауылда да ешкім аштан өліп, көштен қалып жатқан жоқ қой. Айра-нын ұрттап, қойын құрттап, талайлар тірлік етіп жатыр.

– Иә, несін айтасың, баяғының қазақтары бұрын ауылда мыңғырта мал өсіріп, баланы да шүпірлете туып, үріп ішіп, шайқап төгіп, керемет молшылықта өмір сүрген жоқ па?!.

– «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар» демекші, мал бағып, егін салып, күн көруге болар еді. Алайда, қазір шұрайлы жердің бәрі ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетті ғой. Иесіз жатқан иен далада пішен орайын деп орағынды оңайлай бастасаң, одырандап біреу жетіп келеді: «Менің жекеменшік жерім, аулақ кет!» -деп.

– Сосын орыс та, қытай да сиған қаладан өйтіп-бүйтіп күнімізді көрерміз көшпегенде қайтеміз? Оның үстіне жығылғанға жұдырық дегендей, заман болса мынау, дағдарыс дей ме, кризис дей ме... Иә, әркімді Алласы аясын!

– Иә-ә... Тағдыр тайқы маңдайларына не жазса, соны көрер.

– «Жетім қозы тас бауыр, маңырар да отығар» деген...

– Байғұс жетімдерді Құдай өлтірмес...Қой, көше тығын басталмай тұрып, үйге жетіп алайық...

– Иә, ә, дұрыс айтасың... Қазір адамнан машина көбейіп кетті ғой. Осы күні бір үйде бірнеше машинасы барлар көп.

– Құдайға шүкір, маңымыздағы көрші елдермен салыстырғанда біздің елдің жағдайы көш ілгері ғой.



– Әйтеуір ойда – орыс, қырда қытай аман боп, ел тыныш болса екен...

– Құдай халқымызға қанағат, патшамызға нысап бергей!..

Жиналған жұрт біртіндеп үйді-үйлеріне тарай бастады. Үй-күйі жоқ, жалғыз басты бір жетім шал ғана күйбеңдеп балалардың қасынан кете алмай жүр. Әлі оң қол, сол қолдарын тани қоймаған үш бала елдің шетінде желдің өтінде қалғандай. Көңілдері құлазыды.

– Балалар, ертең үйді босатындар, давай! Менің де балашағамды асырауым керек. Басқа квартиранттар кіргізем. Сендерді тума-туыстарың керек қылмағанда, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын мен қайтем? -деді пәтер иесі, сосын бұлардың дағдарған түрін көргісі келмеді ме, аядай бөлмеден тез шығып кетті.

– Енді не істейміз?- деді ағасы мен інісіне кезек жалтақтаған он бір жасар қыз бала дауысы дірілдеп. Неше күннен бері жылай-жылай беті домбығып ісіп кеткен. Екі көзі қып-қызыл. Он бес жасар ағасы не айтарын білмей, көзімен жер шұқып, үнсіз отырып қалды да булығы ұзақ жөтелді. Көзіне жас келді. Бірақ бұларға көз жасын көрсетуге болмайтынын жан жүрегімен терең сезінді де, жүзін терезеге бұрды. Терезе алдында сүйеулі тұрған әкесі мен шешесінің жас, әдемі, аман-сау кезде бас түйістіре түскен фотосуретіне көзі түсті. «Қарағым, бойың өсіп, бұғанаң бекімей жатып, тағдырдың бар ауыртпалығы бір өзіңе түсті-ау», -деп анасы аянышпен қарайтындай. «Сен азамат емессің бе?! Мынау өзіңнен екі жас кіші інің мен жалғыз қарындасыңды қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға шоқыттырма», -дейтіндей әкесі жігер бере... Бірақ, қалай, қайтып? Қолынан келсе, іні-қарындасынан ештеңе аямас еді-ау!? Жеткіншек бұл түгілі, ересек өздері не тындырды?

– Егер жетім балалар үйіне барсақ, үшеумізді үш жаққа бөліп жібермес пе екен?

– Кім біледі, бәрімізге бірдей бір жерден орын табыла қояр дейсің бе? Өткенде телевизордан бір депутат ағай

біздің елден бәленбай мың жетім баланы шетелдіктер асырап алды деп сөйлеп жатыр еді ғой. Сірә өзіміз елде орын болмағасын шетке жіберіп жатқан шығар.

– Бізді де бір шетелге жіберер, бәлкім.

– Қойшы, керек емес! Сендерден айырылғым келмейді, – деді қыз бала жанары жасқа толып. Бір-бірінің қолынан тас қып ұстаған үш бала, «Құдай енді бізді бір-бірімізден айырмағай», деп іштей тілеген қалпы үн-түнсіз ұзақ отырды. Бала-шағасы жоқ, көрінген туыстың есігін сағалап жүретін жалғыздікті жетім шал әлі кетпеген екен. Үйге бір кіріп, бір шығып, түйтінектеп әр нәрсені жинастырып жүрген:

– Қарақтарым, сендерді мешітке апарайын, «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады» деген бар ғой. Сендерге Құдайдың көзі түзу болсын, «Құдай деген кұр қалмайды», «Жалғыздың жары Құдайы» деген ғой...,- деді.

Барар жер, басар тауы жоқ үш бала қалбалақтаған қарияның ізіне еріп, қаланың қақ ортасындағы еңселі мешітті бетке алды. Мұнайлы өлкенің астанасы іспетті айбынды Атыраудың кең көшелерімен іркес-тіркес жүріп келеді. Әйнектері күнмен шағылыса көздің жауын алған зәулім үйлер... Ерсілі-қарсылы жүйткіген сәнді көліктер. Жұп-жұмыр, жүні жылтыраған, асыл текті бұзаудай иттерін жетекке алып, үй маңындағы тыныш жолдармен серуендеп жүрген бірен-саран біреулер болмаса, жұрттың бәрі әлдеқайда асығулы... Әлі құрылысы біте қоймаған көп қабатты үйлердің тұсынан өтіп бара жатқан:

– Шіркін, мынадай су жаңа үйде тұратын адамдар қандай бақытты!- деді қыз бала.

– Құдай бұйыртса, біздің де осындай үйіміз болады әлі!- деді қалтасында көк тиыны жоқ, барлық тума-туыстан көңілі қалған ағасы сенімді де жігерлі үнмен. Неге олай дегенін өзі де білмейді., бақыт бұлардан теріс айналған сәтте ауызынан осы сөздің қалай шыққанына өзі де таң. «Жақсы сөз жарым ырыс» деген рас-ау, оның сөзі дәтке қуат боп, бір түрлі еңсе



басқан ауыр қайғыны сейілткендей, інісі мен қарындасы кәдімгідей серги, серпіліп қалды. Бәрі Жайық үстіне салынған жалпақ көпірмен жүріп келе жатқан, жағалауда балық аулап отырған балықшыларды көзі шалған кіші бала:

– Анау балықшылардың қасына барып, қармақ салсам. Сосын қармағыма алтын балық ілінсе. Ол менен «Әй, балақай, қандай қандай тілегің бар?» деп сұраса...– деді өз қялына өзі елти. Қанша дегенмен, әлі бала емес пе?!

– Иә, сен алтын балықтан не сұрар едің?-деп сұрады ағасы.

– Онда ма, онда... Қазір ғана біз тұсынан өткен, бітуге таяу қалған жаңа үйден пәтер сұрар едім.

– Төрт қабырғасы қаңқиған кұр пәтерде қалай тұрамыз? Сұрағасын, ішіндегі дүние-мүлкі, төсек-орынымен сұра,-деп оны мазақтай күлді ортаншысы.

– Ой, оны алтын балық сұрамасақ та береді ғой, сен одан да бәрімізге мықты денсаулық бер деп сұра. Бағана анау туыстарымыз «бұлардың әке-шешелері ауру болған, бұлар сау дейсің бе, балаларымызға ауру жұқтырар», деп, бізге жолауға қорықты ғой.

– Жарайды, бұның дұрыс екен.

– Ертегідегіде алтын балық бар-жоғы үш тілекті ғана орындаушы еді ғой. Ал енді алтын балық үшінші тілегінді сұраса не айтар едің?

– Иә, не сұрасам екен?

– Көп ақша сұра.

– Күн сайын дастарханымыз тәтті, дәмді тамаққа толып тұрсын де...

– Ой-дөйт деген! Ішіп-жеп, шошқа құсап семіріп жатамыз ба сонда? Көкем бізге теледидардан «Халқымызға қалаулы, елімізге елеулі осындай азамат болындар өскенде », -деп бір ағаны көрсететін еді ғой, естерінде ме?

– А-а...Әлгі осында облыс әкімі болған анау ағаны айтасың ба? Аты тілімнің ұшында тұр еді. О, Құдай-ау, кім еді...Имаш, Иман...

– Иә, иә.. Иманғали ағаны айтасың ба?

Әңгімеге жол бастап келе жатқан қария араласты:

– Мына біз іздеп келе жатқан үлкен мешіт соның азаматтың атында. Кезінде осы жақтың тұрғындары жоғарыға хат жазып, соның атын қоюға рұқсат алған. Ай, өзі де атына заты сай, иманды азамат қой.!

– Ата, сіз ол кісіні көрдіңіз бе?

– Е, ол қазір Астанада ғой. Осында үлкен бастық болған кезінде де алдына барып, шаруа салып көрген адамым емес. Бізді ондай әкімдерге кім жолатсын?! Бірақ теледидардан анда-санда көргенде, «Түсі игіден түңілме» деген ғой, түсі жылы бала деп іш тартып жүремін. Айналайын, аман жүрсін. Құдайдың көзі түзу болғай!-деді қарт кісі бар тілек-батасын күбірлей айтып, одан әрі өзімен-өзі болып кетті. Бұрын-соңды мешітке кіріп көрмеген үш бала қол-аяқтары қалтырап, буын-буындары дірілдеп, табалдырықтан именен аттады. Бұларға бәрі таңсық. Жиналған қауым алдында Құран оқып отырған жас имамның әуезді үні тұла бойды шымырлата қалықтай көтеріліп, мешіт күмбезінен асып, жеті қат көкке кетіп бара жатқандай. Күллі ғаламда ата-анасыз, баспанасыз қалған үш бала құдыреті күшіт Жаратушы Иеге жалынып жалбарынды. Аурудан азап шегіп, жұмыр жер үстінде уайым-қайғысы мол ғұмыр кешкен әке-шешесінің енді о дүниеде жаны рахатта, жайы жаннатта болғай еді деп тіледі. Олардың көрмеген жақсылығын бізге көрсете көр деп жалбарынды...

Үкінің балапанындай үрпиіп, өзгелерден оқшау отырған үш бала көңілін көбірек аудары берді ме, оңаша қалған сәтте имам олардың жанына таяу кеп, сөзге тартты. Жас та болса, бас имамның бұларға не көмек көрсетерін білмей басы қатты. Ақыры ақылдасайын деген оймен, жасы сексеннен асса да қажыр-қайраты қайтпаған, өзінің сүйікті ұлының есімі берілген мешітке көз қырын салып, ақыл-кеңесін беріп жүретін қажы апа – Ділдә Матайқызына телефон шалды. Барлық мән-жайды айтып берді.



–Е, қарағым, «Жерде жетім жыласа, көкте періштелер қоса жылайды» деген де сөз бар. Жас кезімізде өзіміздің 5 баламызға қосып, 4 жетім бала асырағамбыз. Екеуі Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан қайынағамның баласы еді. Жесір қалған шешелері тұрмыс құрып кетіп, балалар біздің қолымызда өскен. Бір бала тас жетім...Сосын марқұм жездеміздің баласы еді. Құдайға шүкір, қазір солардың бәрі де бір-бір шаңырақтың иесі болып, халық қатарында жүр. «Жетімді жетім деменіз, Жетімнің хақын жеменіз, Жетімнің хақын жесеңіз, О дүниеде де, бұ дүниеде де жақсылық көрем деменіз», деген ғой, баяғы заманда өткен бабаларымыз да. «Жетім жерде жыласа, көкте періштелер қоса жылайды» деген де сөз бар. Қолдан келгенше, жетім қалған үш балаға қамқорлық жасаудан қашпаймын, - деді жігерлі де кесімді үнмен...

Сол сөзінде тұрған Ділде апа қаймана қазақтың үш баласының мұңын мұндап, жоғын жоқтап, қолында билік кілтін ұстаған беделді мекемелердің, қаржылы мекемелердің талайының табалдырығын аттады. Әуелі Алла, сосын қанша жылдан бері Елбасының сенімін ақтап, елдің де көңілін тауып жүрген Имашының азды-көпті абыройының арқасында ешкім бетін қайтармасын өзі де білген. Әйтпесе, қарапайым қай әйелді осы жердің мұнай, газ сияқты қазба байлықтарының кілтін қолдарына ұстап отырған алпауыт компания басшылары түгілі, облыс, қала әкімдері маңайлатар еді?!.

Бұрын-соңды баласының атын алға тартып жұрттың алдына барып, өзінің бір шаруасын шешіп көрмеген Ділде ана үш жетім үшін ештеңеден аянған жоқ. Сәті түсіп, таяуда кілті тапсырғалы тұрған көп пәтерлі үйдің екінші қабатынан үш бөлмелі пәтерге қол жеткізді. Ішіне «Сый қылсаң сыпыра қыл» деп, тоңазытқыш, теледидар, төсеніш, көрпе-төсек, ыдыс-аяқ, үстел, орындық, керуеттеріне дейін қойғызды. Балалардың қуанышында шек жоқ. Мешітке балаларды ілестіріп келген жалғызбасты қарияны соларға бас-көз бол-

сын деп жаңа пәтерге бірге тұрғызды. Бірақ, бәрін әріден ойлайтын ақылды жан: «Кім біледі, күндердің күнінде бір туысы табылып, «Менің де үлесім бар» деп үш бөлмелі пәтерге көз алартып жүрмесіне кім кепіл?!», деп ол кісіні тіркеуге тұрғызбады.

Саналы ғұмырының жарты ғасыра жуық уақытында дәрігер боп істеген Ділдә Матайқызы жұқпалы дертке шалдыққан үш баланы алдымен дәрігерлік тексеруден өткізді. Сосын оларға мезгілінде дәрі-дәрмек, дәрумен беріп, күтім жасайтын – медбибі, жарты ай сайын денсаулықтарын тексеретін дәрігер бекіттірді. Еврей халықның мынадай бір нақыл сөзі бар екен: «Сен маған балық ұстап берме, балық аулауды үйрет» деген. Шынымен-ақ, кім қашан не береді деп ешкімге көз сүзіп, ешкімнің алақанына телмірмеу үшін бұл балалар мамандық алуы керек, сонда ғана өз қолдары өз ауыздарына жетеді дегенді ойлаған Ділдә ана, олардың оқуына да көп көңіл бөлді. Қазір енді балалар техникалық колледжде оқып жүр, ұл баланың үлкені болашақта дәнекерлеуші болмақ. Қыз бала – бухгалтерлік колледж студенті. Көп қиындықтар көрген басты кейіпкерлері ең соңында бай болып, барша мұратына жететін кәдімгі ертегі сияқты...

Ауызынан – Алласы, қолынан Құраны түспейтін қажы ана соның бәрін атын шығару үшін, біреуден мақтау, марапаттау алу үшін емес, тек сауап үшін істеп жүргені сөзсіз. Біреуге жақсылық жасаудан жаны рахат табатын осындай қайрымды адамдар өмірде көп болса ғой, шіркін! Онда жер бетінде жетімдік те, жоқшылық та, қатыгездік те болмас еді-ау!

Сосын... тек беделді, белгілі адамдардың анасына ғана емес, кез-келген қарапайым қарт аналардың қай-қайсысына да лауазымды, құзыретті есіктер кеңінен ашық тұрса ғой. Ол енді қиял-ғажайып ертегі болып кетеді.



1989 жылдың күзі. Ол кезде біздің Қазақ елі КСРО құрамында еді. Шетелдегі қандастарымыздың ешқайсысы елге әлі аяқ баспаған уақыт. Республикалық қазақ басылымдары Түркияда туып-өскен, Жапонияда шеберлігін шыңдап, Германияда өз спорт мектебін ашқан, әлемнің талай-талай мықтыларымен күш сайыстырған қазақтан шыққан тұңғыш таэквандошы Мұстафа Өзтүріктің Алматыға келгенін, Алматыдағы орталық циркте шәкірттерімен бірге халық алдына шығып, өнер көрсеткенін жарыса жазды.

Елден жырақтағы қазақтардың бәрін жау тұтып, кеңестік теріс идеологиямен өскен біз үшін бұл бір тосын оқиға болды. Мен ол кезде Жезқазған облыстық телерадио комитетінде тележурналист боп істеп жүргем. «Құлағың естігенді көзін көреді» деген рас екен. Бір күні басшымыз: «Ертең Мұстафа Өзтүрік Жезқазғанға келеді. Таңертең ерте тұрып, әуежайға барыңдар. Сұхбат алыңыздар деп Базаргүл Үмбетова, Тоғанбай Құлманов үшеумізге тапсырма берді.

Сол күні, басқаларды қайдам, мен үшін күн батпай, таң атпай қойғандай болды. Жұрттың бәрі «Катафалка» атап кеткен, (шынымен-ақ, қақ ортаға табыт қойып, екі жақ қапталына адамдар тізіліп отыратындай етіп жасақталған) шағын автобусқа телеоператорымыз камерасының асай-мүсейлерін салған соң, жүрегіміз алып-ұшып, әуежайға тарттық.

Сыңғыр-сыңғыр күліп, құшақ-құшақ гүл шоқтарын ұстаған жас қыздар толып жүр. «Жақсыны көрмек үшін» деп, шетелдік қонақты қарсылауға келген қаланың басшы-қосшылары бір шетте шоғырлана бөлек тұр екен. Көкшулан шашы бұлттай будыраған белгілі жыршы-жырау Шымболат Ділдебаев ағамыз көптің арасынан көзімізге оттай басылды. Үстінде оқалы мақпал шапаны, қолында үкілі домбырасы бар.

Біз де эфирде киетін ұлттық киімдермен жүргенбіз. Үшеуімізді сыртымыздан танитындар қасымызға келіп, жылыұшырай амандасып, бізбен фотосуретке түсіп жатты. Ал біздің бар ойымыз – тек Мұстафа Өзтүрікте. Туғалы атажұртын көрмеген жігіт қазақ тілін білмейтін шығар, одан қалай сұхбат алсақ екен, орысша сөйлесек, түсінбейді-ау деп сан сұраққа бас қатырып тұрғанымызда, Алматыдан шыққан ұшақ аман-сау Жезқазған жеріне келіп қонды.

Жолаушылар асықпай траптан түсіп жатыр. Басқа ғаламшардан келген «ғарыш қонағын» күтіп тұрғандай, анталай ұшаққа қараймыз. Мойнына қылғына галстук тағып, үстіне қымбат костюм киіп, көзіне қара көзілдірік тағып, сызданып, сырқырап, аяғын эзер басып келе жатқан біреулерді сол емес пе екен деп ұмсынып қаламыз да бойымызды тартамыз. Іштей ол болмай шыққанына қуанамыз.

Бір кезде үстеріне етегі жерге төгілген әдемі көйлек, бастарына биік сәукеле киген, қуыршақтай екі қыз көрінді. Екеуінің ортасында толқынды шашы желмен желбіреп, орта бойлы, бидай өнді, жасы отыздар шамасындағы жігіт жүзінен шуақ шаша, ұшақтан шығып келе жатыр екен. Оң қолын жүрек тұсына қойып, басын сәл ғана иіп, жұртшылықпен сәлемдескенде, бәріміз талай жыл көрмеген ең жақын туысымызды, тіпті бірге туған бауырымызды көргендей қобалжыдық. Толқыдық. Тебірендік...

Шымболат ағамыз қоңыр домбырасын күмбірлете, халқымыздың арғы-бергі тарихын қозғап, арнау жырын төпелете төгіп жатыр. Ақ жаулықты әжелер сырлы тостағанға құйылған қымыздарын ұсынып, ел ағалары «хош келдің» сөздерін айтып, қызғалдақтай құлпырған қыздар жапырлай гүл шоқтарын тапсырып, әуежай басы у-ду, мәре-сәре... Дәл сол сәтте Мұстафа ағамыздың маңына таянып, онымен сұхбаттасу мүлде мүмкін емес еді.

Жоспар бойынша, ендігі кездесу - үш жүздің басын қосқан киелі жер - Ұлытауда. Қошеметшіл жұрт Мұстафаны қаумалай апарып, жеңіл көлікке отырғызды. Салдырлақ



автобусымызға міне сап, біз кілең жүйткіген жүйріктің соңынан ердік. Оларға ілесу қайда бірақ?!. Ойлы-қырлы дала жолының көк ала шаңын көкке көтеріп, аудан орталығына әуіріммен жетсек, жер қайысқан көп халық орталық алаңға жиналып қалыпты. Тұңғыш рет шетелден келген қазақ баласын көрген де - арманда, көрмеген де – арманда...

Мұстафа ағамыз елдің алдына шығып, түрікше, немісше, жапонша араластырмай, тап-таза қазақ тілінде сәлемдескенде, араның ұясындай гуілдескен жұрт сілтідей тынды. Қаншама жылдар бойы ата-бабасы сағынып, аңсап, армандап өткен қазақ жеріне, қалың қазақтың ортасына келген ұлдың: «Біздің ақсақалдар «Жан тартпайды, қан тартады» деген мақалды жиі айтатын, сол сөздің растығына бүгін көзім жетті. Қаным тартқасын, мен сіздерді іздеп келдім», - деген сөзі қаншама жанның тоң боп қатқан көңілін жібітті. (Шынымды айтсам, бұрын-соңды ондай мақалды өз басым естімегем...)

Сонау зұлмат жылдарда алдымен Қытайға шұбырып, одан шыбын жандарына пана таба алмай, Түркияға бет алған ұлы көштің Ыстамбұлға там-тұм сілемі ғана жеткенін айтқанда, тыңдаушылардың көбі көзіне жас алды. Мұстафа түбі бір түрік еліне табан тіреп, тамыр жайған, атамекеннен жырақта жүрген сол қазақтардың бүгінгі ұрпақтары уақыт өте келе өз ана тілдерін ұмытып, тарихи тамырларынан қол үзіп кете ме деп алаңдайтынын да жасырған жоқ. Қазақстанда, өз елінде, өз Отанында жүріп, қазақ тілін менсінбей, орыс тілінде сөйлегенді мақтаныш, дәреже көретін Алматының дүбәра қазақтары жайлы жаны күйзеле айтып, тіл тазалығы жайлы ойларын ортаға салды.

Ол білуге ынтазар жұрттың қойған сұрақтарына байыппен жауап беріп, өзінің шыққан тегі, ата-бабасы, әке-шешесі туралы әңгімеледі. Кездесу аяқтала берген сәтте...кенет бір қария ентіге жетіп келсін. Келе сала: «Қарағым, мен бір жаққа құдай жолы - садақаға барамын деп кешігіп қалдым. Айып етпе, сүйегің қай елдікі? Әке-шешең тірі ме? Өзің не

істейсің? Бала-шағаң бар ма?»-деп сұрақтарын үсті-үстіне жаңбырдай жаудырсын. Төрде отырған бастықтардың бірі: «Кешікпей келу керек еді! Соның бәрін жаңа айтып кетті ғой! Сізге бола, тағы қайталап айта ма?! Естіген жұрттан сұрап аларсыз!» -деп, қарт кісіге зекігенде, Мұстафа шыдамай шыр ете қалды: «Жоқ, мен сіздің сұрақтарыңызға жауап беремін. Ата, отырыңыз!»-деп.

Тарауға бет алып, бұзылған сендей алды қозғала бастаған алаңдағы адамдар оның сөзіне қайтадан құлақ түрді. Ұшқан шыбынның ызыңы білінердей тыныштықта тек Мұстафаның ғана қоңыр үні естіліп тұрды. Ол бұл жолы бәрін егжей-тегжейлі әңгімеледі. Тың деректермен толықтырып айтқан әсерлі әңгімесі бәрімізді тебірентті. Асықпай-аптықпай, қарияның барлық сұрағына байыппен жауап берген жігіттің кішіпейілдігі мен қарапайымдылығына келген жұрттың бәрі риза болды. (Бұл – бір!)

Кездесу ұзаққа созылды. Обком комсомолдың бірінші хатшысы, осы іс-шараға ұйтқы болған Меңжамал Әлпейісова тықыршып, қайта-қайта сағатына қарай берді. Сценарий бойынша, түскі қонақасыдан соң, Мұстафаны Алашахан, Жошыхан мазарларына апару керек еді. «Сендер кетпендер, сол жерлерге барғанымызды камераға түсіріп аласыңдар!»-деп, бізге де алдын-ала ескертіп қойған.

«Тамақ ішіп, жолға шыққанша күн қауысады. Автобуспен салдырлап біз жетеміз дегенше, қараңғы түседі. Тас қараңғыда қалай түсіреміз?» - десек, «Саспандар! Мазар басына барғасын, барлық машина жарқыратып фарын жағады, солардың жарығымен түсіріп аласыңдар», -дейді. Оның сол сөзін құлағы шалып қалған Мұстафа ағамыздың көзі шарасынан шыға жаздасын:

«Оу, күн батқасын қорым басына барып, аруақтардың мазасын алуға бола ма екен? Таң атсын, ертең-ақ барармыз. Мен ешқайда асығып тұрған жоқпын ғой», -деп, атеистік тәрбие әбден сүйегіне сіңіп кеткен хатшы қыздың жосықсыз әміріне ақылымен тосқауыл қойды. Оның сол жүйелі сөзіне тағы да іштей тәнті болдық. (Бұл- екі!)



«Шабан үйрек бұрын ұшар» деп, ертеңіне біз елден бұрын жолға шықтық. Ойымыз: желден жүйрік жеңіл көліктердің соңында шаң қауып қалғанша, барар жерімізге алдын-ала барып, сыйлы қонағымызды күтіп алу. Даланың шаңын басымызға көтеріп, автобуспен салдыр-күлдір жүріп келе жатсақ, кенет көз ұшынан қара-құра адамдар көрінді. Жақын барсақ, айдалада өсіп тұрған, бұтақтарына алақұла шүберектер байланған жалғыз ағаштың көлеңкесінде бірнеше адам отыр екен. Сірә, жолдан сәл бұрыстау Қаракеңгір, Сарыкеңгір ауылдарының азаматтары болса керек. Мұстафа Өзтүріктің Алашахан, Жошыхан мазарларына баратынын естіген соң, ең семіз қойларын арнайы-лап сойып, қазанға асылған ет пен тобылғыға ысталған бал қымыздарын әкеліп, екі көздері төрт болып, күтіп жүр екен.

Көп ұзамай басқа жолаушылар да жетті. «Мұстафа қарағым, ауылымызға арнайылап шақырсақ, келе алмассың, жол шалғай, уақыт тығыз. Сосын өзіңмен дидарласып қалайық, дастарханымыздан дәм татырайық деп жолыңды тосып отырмыз», - дегенде, сонау ата-бабадан жеткен жол-жоралғының жөнін білетін, парасат-пайымы мол, көңілдері кең, көшелі жандардың ықылас-пейіліне Мұстафа дән риза болып, «Дәмнен үлкен емеспіз», - деп, көліктен түсті. Ол ауыл адамдарымен амандасып, асықпай қолын жуып, ағаш көлеңкесіне жайылған ақ дастарханға жетем дегенше, бір мұртты жігіт құс жастықты қолтығына жұмарлай қысып, ұзыннан түсіп, дастархан маңында сұлап жатқан.

Алматыдан бірге ере келген, республикалық спорт басылымында қызмет істейтін серігінің бұл жатысын ерсі көрді ме, Мұстафа: «Оу, не болды, сырқаттанып қалдыңыз ба? Бұл не жатыс? Әлде біреуге өкпеледіңіз бе?»-деп сұрады. «Жоқ, жай, демалып жатқаным ғой»,-деді мұртты жігіт жайбарақат. «Бір жері сынып, мерткікен немесе біреуге өкпелі кісі ғана бүйтіп жатады. Біздің ақсақалдар дастархан басында жастардың серейіп жатқанын көрсе, қамшымен жон арқадан тартып жібереді»,-деді Мұстафа байыпты үнмен. Мұртты

жігіт өз ісінің сөкеттігін енді сезінді ме, қипақтап, қысылып, үйелеп қалған жылқыдай орнынан әзер тұрды. (Бұл - үш!) Мұстафаның әр сөзін, әр ісін іштей өзіме өнеге, үлгі тұттым.

Ет жеп, қымыз ішіп болған соң, ауыл ақсақалдарының бірі кестелі тілмен керемет бата берді. Қателеспесем, «Қаракенгір» ауылының басшысы Әліпбек Бекетаев болса керек. Сосын ол кісі үлкен көкжал қасқырдың иленген терісін Мұстафа ағамыздың аяғының астына төсеп, «Қарағым, біздің қазақта осындай ырым бар. Дұшпаның табаныңның астында жатсын!», - деп еді.


Алайда, «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген сөз рас-ау. Көп ұзамай, Мұстафа бауырымыз қапияда қатыгез дұшпанының қолынан ажал тапты. Ең өкініштісі - жазылмайтын дерттен, тосын апаттан емес...кісі қолынан көз жұмды. Суық хабарды естігенде, күллі қазақ даласы күңіренді. «Орны толмас ауыр қаза» деген сөзді әдетте жиі естиміз, алайда сол сөздің батпандай салмағын Мұстафа бауырымыздан айырылып қалған күні ғана тұңғыш рет сезіндім.

Арада жылдар өткесін, өткен уақытты көңіл сүзгісінен өткізгенімде, Мұстафа ағаның жанында аз күн болса да сапарлас, дәмдес болып, әңгімесін тыңдағанмызға шүкіршілік етемін. Кезінде ол туралы үлкен телехабар жасадық, халық оны ыстық ықыласпен қабылдап еді. Өкінішке орай, сол телехабар да сақталмады. Жезқазған облысы тарап, Қарағанды облысының қарамағына қосылып жатқан аласапыран уақыт еді...

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы қарсаңында, Мұстафа Өзтүрік әлемнің әр түкпірінен келген қандастарымызбен бірге, Жезқазған - Ұлытау жеріне тағы да келді. Бұл жолы ол қонақ емес, осы жердің бір баласындай көптің ішінде елеусіз жүруге тырысты. Бірақ көзтаным боп қалған қарапайым адамдар оған қуана құшақ жайып, риясыз ілтипат, құрметтерін көрсетті. Ол көптің көңілін баурап, жүрегін жаулаған ерекше шуақты жан еді.



Өзі өлгенмен, оның бастап кеткен ісі өлген жоқ. Қазір Қазақстанның әр өңірінде таэквандо спортымен айналысатын қазақ жастары аз емес. Солардың әр қайсысының жүректерінің терең түкпірінде Мұстафа Өзтүрік бауырымыздың есімі сақталарына сенімдімін. Қазақстанның көк туын желбіретіп, әлемнің додалы сайыстарынан жеңіспен оралатын, елін сүйетін, ұлтын сүйетін кішкентай Мұстафаларымыз көбейе берсе екен!..



**“МЕНИҢ ЕКІ БАЙЛЫҒЫМ БАР:
БІРІ – КІТАПТАРЫМ,
БІРІ – БАЛАЛАРЫМ”...**

(Белгілі балалар жазушысы Марат Қабанбайдың жары – Сәуле апаймен сұхбат)

З.Ж.:-Марат ағаның қойын кітапшасына түртіп жүрген көкейге түйгендерін 1994 жылы “Жас алаш” газеті “Тентек тіркестер” деген атпен жариялаған екен, сонда: “Балалар туралы шығарма, әдетте, ересектердің мынау қатал да жалған өмірден қашуы үшін жазылады,” депті. Ағамыз балалар әдебиетіне қалай келді?

– Ең тұңғыш әңгімесі 1966 жылы “Сөну” деген атпен “Жұлдыз” журналына шыққанда, Мұқағали Мақатаев ағамыз: “Мынауың сөну емес, жану ғой!” -деп риза болып, Мараттан тамаша жазушы шығатынына сенім білдірген екен. Шын таланттар ғана таланттыны тап басып таныса керек. Тұңғыш кітабы “Бақбақ басы толған күн” 1975 жылы “Жазушы” баспасынан шықты. Әр жылдары балалар мен жасөспірімдерге арналған таңдаулы шығармалардың республикалық бәйгелерінде бірнеше повестері жүлделі орындарға ие болды. “Бақбақ басы толған күн” повесі бойынша толық метражды телефильм түсірілді.

Балаларға арналған бірнеше шығармасы неміс, украин, молдован, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. “Жалын” баспасынан 1977 жылы “Арыстан, мен, виолончель және қасапхана”, /ол кейін 1982 жылы Мәскеудегі “Детская литература” баспасынан орыс тілінде жарық көрді/, 1979 жылы “Кермек дәм”, 1981 жылы “Жиһанкез Тити”, 1983 жылы “Айшылық алыс жол”, 1985 жылы “Қала және қыз бала”, 1986 жылы “Горький вкус”, “Қазақстан” баспасынан 1991 жылы “Эхо”, “Балауса” баспасынан 1994 жылы “сурет

салғым келмейді” деген повестер мен әңгімелер жинағы, 1995 жылы “Қазақ қайда барасың?” деген публицистикалық мақалаларының жинағы жарық көрді.

Қазақстан Журналистер одағының Т.Жанұзақов атындағы, Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атындағы сыйлықтарының иегері болған еді. 1990 жылы ЮНЕСКО-ның екі жылда бір-ақ рет беретін, әлемде тұңғыш рет тіршілігінде құрметтеп ескерткіш орнатылған, өмірден өткенде корольдің өзі бас болып соңғы сапарға шығарып салған жазушы Х.К.Андерсен атындағы Халықаралық Құрметті Грамотасымен марапатталды.

“Раритет” баспасынан 2004 жылы “Туған жердің төрт мезгілі” деген кітабы басылып шықты. Марат өмірден өтсе де, кітаптарын жарыққа шығарып, рухани демеушілік жасап, жыл қабақ танытып жүрген азаматтар аз емес. Олардың ешқайсысын бөле-жармай шексіз ризалығымды айтқым келеді. Жасаған жақсылықтары алдарынан шықсын!

З.Ж.:- Марат ағамыз: “Балаңды ұрып-соғу мынау жалпақ жиһанда жападан жалғыз тентіреп қалғаныңды мойындау деген сөз,”-деп ой толғапты. Жалынды Публицист, дарынды Жазушы Марат Қабанбай қандай әке еді?

– “Менің екі байлығым бар: бірі – кітаптарым, бірі – балаларым”-деп отыратын. Балалар әкесі жазумен отырғанда, ойнап, жүгірсе, мен тиым салатынмын, бірақ ол олардың шулағанына ренжімейтін. Тіпті балалар кішкене кездерінде қолжазбаларын шимайлап тастаса да кейімей: “Менің қателерімді түзеп, жазып, маған өздерінше көмектесіп жатқандары ғой!”-деп күлетін... Балалардың қылықтарын, ойындарын, сөздерін кейде сырттай қызықтап отыратын, кейін байқап отырсам, кейіпкерлерін шынайы суреттеу үшін өз балаларын зерттеген сәттері көп екен.

Үлкендердің өміріне жан дүниесі тап-таза, сезімі тұнық бала көзімен қарап, түйін жасауға тырысатын... Жалпы, өзінің мінезі тұйықтау, түрі сұстылау көрінгенмен, аса балажан еді. Әсіресе, екі қызын ерекше еркелететін. Пәтерден пәтерге

көшіп жүрген кезімізде көбінесе баласы бар адамдарды пәтерге алмайтын болғасын, тұңғыш ұлымыз Айбек кішкене кезінде ауылдағы нағашы ата-әжелерінің тәрбиесінде болды. Балаларға әкесі тез зерігіп, тастай салатын қымбат ойыншықтардан гөрі, түрлі-түсті бояу қарындаштар мен сурет дәптерлерін, қызық кітаптарды сыйлағанды ұнататын. Олардың теледидарға телміріп отырғанынан гөрі, кітап оқығанын құптайтын.

Бірақ, ешуақытта “Кітап оқындар,”-деп күштеп, қинап, міндеттеген емес. Газет-журналдар ішінен балаларға керек, аса пайдалы деген мақалалардың ғана астын сызып, таңдап, талғап ұсынушы еді. Мектепте жазушының баласы деп көтермелеп “5” қойғандарын байқап қалып, ата-аналар жиналысында ренжіп сөйлегені бар: “Бала мектепке жақсы баға үшін емес, жақсы білім алу үшін барады,”-деп...

Балалар не жағдай болса да шындырын айтса, жазалап, ұрыспайтын. Кішкентайларынан еңбекке баулыды. Үлкен баламыз оқып жүрген кезінде түнде бармен болып істеді. Айбектің маңдай терімен табыс тауып жүргеніне әкесі үлкен құрметпен қарайтын. “Баланы 16 жасқа дейін жұмсау керек, ал он алты жастан асқасын сырлас досыңдай көруің керек”,-дегенді жиі айтатын. Балаларына өле-өлгенше, аналарыңды сыйлаңдар дегеннен танбай кетіп еді. Шүкір, үш баламның үшеуі де алдымнан жел боп келген емес. Біреуінің әкесіне сөзі, біреуінің көзі, біреуінің өзі ұқсайтын сияқты. Үшеуінен де Марат ағанды көргендей боламын кейде...

Кешкі серуендердің бірінде Мәкең маған “Құрығанда, бір катаклизмді бастан кешпеген адам жақсы жазушы бола алмайды,”-дегені есімде. Оңашада ойларын бөлісіп, пікірлесетін. ”Кітап беттерінің арасынан бала сақылдап күлмесе, яки бақырып жыламаса, футбол добы зырқырап ұшып, су шолпылы оқушының құлағына жетпесе, ол балалар әдебиеті де емес,”- деген ой-пікірлері кейін газеттерге де шықты ғой.



Бәріне уақыт емші деп жатады ғой, біздің жұбанышы ететініміз оның артында қалған қалың оқырманы – халқының әлі күнге ұмытпай, іздейтіні, бізге тілектес болып жүретіні.

З.Ж.:-Марат ағамыз, журналистігінен бұрын, балалар жазушысы ретінде шетелдерге де дарынын ерте мойындатқан қаламгер еді. Оралхан Бөкей ағамыз қаламдас достарының ортасында: “Дарындылар көп жасамайды, оларды өз жүрегінің шоғы өртеп жібереді,”- дейді екен әзілдеп. Сол айтпақшы, ердің жасы елуден асар-аспастан өмір көгінен құйрықты жұлдыздай сорғалап түсуіне жан жүрегімен өртеніп жазған шығармашылық жұмысының залалы тиді ме?

– Шынында да, Марат ағаң бар ғұмырын ең алдымен – отбасына емес, Отанына арнаған жан. Қаламгер ретінде халықтың рухани олқылығын толтыру үшін уақытпен санаспай тер төкті. Үйленгеннен кейін тұрмыстағы ірілі-ұсақты проблемалардың бәрін мен өз мойныма алдым. Оның шығармашылықпен алаңсыз айналысуына барынша мүмкіндік туғызуға тырыстым.

Қойын дәптеріне: “Адам өмірі онсыз да қиындыққа толы. Жазушы оны құдайдың құлы ретінде басынан кеше отырып, әр кейіпкерінің күйініш-сүйінішін тағы бастан өткеруі керек. Ондай азапқа жазушының өзінен басқа ешкім шыдамайды,”- деп жазған екен.

Үйленген бойда маған ескертіп еді: “Мен сенің күйеуің болсам, менің де күйеуім бар – ол шығармашылық. Соған адал қызмет етуім керек,”- деп. Ол сол сөзінде тұрды. Газеттің қауырт жұмысынан қандай шаршап келсе де, бірер сағат демалып, тамақтанып, теледидар қарап, жаңалықтармен танысып, сосын мені ілестіріп, бір-екі сағат бой жазып серуендеп келісімен, тапжылмастан таң атқанша жазу жазып отыратын.

Ойын-сауық, той-томалаққа әуестігі жоқ еді. Оңашалықты жаны сүйетін. Түнде ешкім ойын бөлмейді, өзімен-өзі емін-еркін болады. Ол қысқа ғұмырында балалар мен жасөспірімдерге арналған бірнеше кітап жазды. Өзінің адам

болып қалыптасуына бала кезде оқыған кітаптардың әсері көп болғаннан кейін, өзі де кітап арқылы балаларды түзу жолға бағыттауды мақсат еткен сияқты.

З.Ж.: - Кесек мінезімен, кесімді сөзімен, қаламгерлік қайратымен қазақ публицистикасының шырқау шыңына көтерілген, азаматтық ұстанымы атқан оқтай түзу, соңғы демі біткенше жүрегі елім деп, ұлтым деп соққан, жазушы, публицист Марат Қабанбайдың адал жары болуды Құдай кез-келген қыздың маңдайына жазбаған. Сәуле апай, Сіз осындай тағдыр сыйына қалай ие болдыңыз?

– Марат ағаң да көзі тірісінде өзі туралы айтқанды ұнатпайтын. Періште емес, пенде болғасын, оның да кем-кетігі бір басында аз болған жоқ. Марат ағаң екеуміз негізінде бір ауылда туып өскенбіз. Оның менен тоғыз жастай үлкендігі бар. Студент кезінде қаладан ауылға келіп жүргенін бір-екі рет сыртынан көргенім бар. Онда мен 5 класта оқитынмын. Кім ойлаған?!

Кейін мен мектеп бітірген соң, Алматыға шетел тілдері институтына оқуға келіп, түсе алмадым. Ауылға қайтып баруға намыстанып, тігін фабрикасына жұмысқа тұрдым. Сол тұста оның Ырысбек деген жолдасы менің жақын құрбыма үйленді де, солардың шаңырағында екеуміз алғаш тілдесіп, жақынырақ таныстық. Жүзі сұсты болғанымен, жүрегі нәзік жігітті жан-жүрегіммен ұнаттым... Әкелерінен ерте жетім қалып, анасы өте қатты ауру болып, жастайынан бейнет көріп өскен көп баланың бірі екен. Жұрт қатарлы мектепке баруға, киетін жөні түзу киімі де болмайды. Күндіз кірпіш құйып, тамағын тауып, жұмыстан соң кешкі мектепте оқыпты.

Талантты ақын Ұлықбек Есдәулеттің анасынан мектепте тәлім-тәрбие алғанын үлкен тебіреніспен еске алатын. “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы” демей ме, мектеп бітіре сала, Зайсандағы “Достық” деп аталатын аудандық газетте тілші, кейінірек бөлім меңгерушісі болып істеп, азын-



аулақ қаражат апақан соң, жоғары білім алу үшін, әрі әдеби орта іздеп, Алматыға аттанған екен. “Егер өз өмірімде бастан кешкендерімді жазар болсам, ешкім сенбес еді. Әрі ондай кітапты ешбір баспа баспас еді. Өйткені біздің елде бәрі жақсы, бәрі тамаша деп тұрған кезде, кемелденген социализмге жала жабу үшін жазылған, өтірік дүние деп қабылдар еді, “- дейтін...

1975 жылы ол Мәскеуге жас жазушылардың бүкілодақтық мәжілісінен келгесін, туған күніне (22 наурыз күні дүниеге келіпті), арнайы алып қойған сыйлығымды бердім. Көйлектің жеңіне тағатын бағалы тастан жасалған түймелер. Қыз болып бой түзегелі жігітке алғаш рет берген сыйым болғасын, іштей қобалжығам. Ол да: “Өмірімде тұңғыш рет алған сыйым,“ - деп қатты толқыды. Қоштасып, кетіп қалғаннан кейін, біраздан соң, бір шаруамен есік алдына шықсам, қақпа маңында жанары жасаурап отырған Марат ағанды көріп, таңғалғанмын...

Ол кезде жазушы ретінде аты шыға бастаған сымбаты жігіттің дәулетті де лауазымды біреулердің қызына үйленуіне болатын. Кейінірек білдім, қаншама қыздың ішінен мені таңдау маған түскен екен. (күледі.- З.Ж.) Ақ көйлек киіп, ақ желек жамылып, аста-төк той жасамай-ақ, үйлендік. Маған шынын айты: жинаған азғана ақшасын той-томалаққа жұмсаса, пәтер ақыға төлейтін ақшасы болмай қалады екен. Шаңырақ құрғанымызды екі бөтелке шампан сатып алып, “Торный гиганттағы” жалдап тұратын пәтерінде ең жақын жора-жолдастарымызбен атап өттік.

Оңаша қалғанымызда ол маған: “Мен сені киіндіремін, оқытамын. Мынау зымыран заманда от басы, ошақ қасында отыруға болмайды. Сен жазушының жары болғандықтан, уақыт тынысы, заман лебіне сай болуың керек. Неміс тілінің мұғалімі емес, кітапханашы болғаныңды қалаймын. Жаңадан қандай кітаптар шығып жатыр, кім не жазып жатыр, бәрін біліп отыруың керек. Мен ең әуелі, – өмір сыйлаған анама, сосын мені тәрбиелеген кітаптарға қарыздармын,-” деген ағынан жарылып.

Мен оны соншама сүйгендіктен бе, не айтса да, оның сөзін заң деп қабылдадым. Анасы жас кезінде өте көрікті жан болса керек, қызыл отауда кітапханашы болыпты. Марат аға анасына көмектесіп, кітап тасып, жинасып жүріп, көптеген шетел классиктерінің кітабын сол бала кезінде оқыпты. Мен ондай кітап құмар адамды өмірімде көрген емеспін. Достоевскийдің отыз томын үш қайтара оқып шықты.

Үй тіршілігіне де мені кітаптардың көмегімен баулығаны өз алдына бір әңгіме. Күйеуге шыққан кезде, мен тек колбаса мен жұмыртқа қуырудан басқа тамақ істеуге шорқақ едім. Бастапқы уақытта үндемей, бергенімді жеп жүргенімен, бір күні: “Бойдақ кезімде де жейтінім қуырған жұмыртқа еді. Осылай өмір бойы тек қуырған жұмыртқа мен колбаса жеп жүре береміз бе? Мә, мынадан түрлі-түрлі тағам жасауды үйрен!”-деп бір кітап әкеліп қолыма ұстатты. Тұптура кітапта жазылғандай қанша грамм ет, қанша грамм жуа қосатынын ескере отырып, тамақ пісірдім. “Дәмді болыпты!”-деп сүйсіне жеп алып, “ДП”, -дейді. Мен қысылақипақтап:”ДП жоқ,”- деймін. Ол тандана бетіме қарайды. Жыларман болып, “Ауысып қалмақ түгілі, менің өзіме де жеткен жоқ”, -деп шынымды айтамын. Кітапта тек бір адамға лайықталып дайындайтын порция жазылған екен ғой, оны Мәкең жұмыстас келіншектерден сұрап біліп, қатемізді бірге түзегенбіз. /Күледі.- З.Ж./

Баладай аңғалдығына тағы бір мысал: бірде үйде ет болмай қалғасын, баклажанды жақсылап қуырып, тамақ істеп бердім. Тамаққа тойып алып, “Сенің мына етің өте жұмсақ, тамаша піскен екен,”-дегені бар. Жалпы, еркек басымен, қазан-ошаққа араласып, сенбестік білдіріп, ақшаны қайда жұмсадың деп жағаласу Марат ағаға жат қылық еді. Дүниеқоңыздығы да болған емес. Кейбіреулер құсап, “Айым, Күнім”деп өтірік өліп-өшпегенімен, жақсы көретінін сөзінен емес, көзінен аңғаратынмын...Өмір болғасын, ащысы да, тұщысы да болуы заңдылық. Ширек ғасыр жұбайлық өмірімізде ың-шыңсыз өмір сүрдік, бәрі тамаша болды деп өтірік айта алмаймын. Шынында да, ол менің тұңғыш ба-



ламнан бетер еді. Бар еркелігін де, тентектігін де көтердім... Талантты жандардың ноқтаға басы сыймайтынын халық біледі ғой.

Бірде екеуміз киноға баруға жиналдык. Елдің бәрінің аузында жүрген жаңа фильм еді. Ұзыннан ұзақ кезекке тұрып, қиындықпен билет тапқаным не керек, киіп шыққан көйлегімді ұнатпай, аяқ астынан көңіл-күйі бұзылып, екеуміз үйге қайтып келдік. Мен тіс жарып, үндемей, ізіне ере бердім. Үйге келе, ол жазуға отырды. Біраздан соң, “Сенің киноға бағанағы көйлекті киіп шыққаның қандай жақсы болды, мен көптен ойымда жүрген бір әңгімені жазып тастадым,”- деп балаша мәз болды... Мен ештеңе демесем де, ренжітіп алдым деп іштей қысылып жүрді ме, бір күні Болгариядан келген бір атақты әншінің концертіне апарды.

Екеуміз де бар тәуірімізді үстімізге іліп, қыз бен жігіттей қатарласып бірге бардық. Концерт арасындағы үзілісте мені буфетке апарып, сусын, тәттілер әперіп, қыздан бетер сыйлады. Үйге қайтып келе жатқанда, мен: “Шіркін-ай, үйге қайтпай, осылай жүре берсек қой,”-дедім. “Неге?”-деді таңғала, “Үйге барғасын, тағы маған көңіл аудармай, бар ойың жазуыңа ауады”,- дедім оны жазуынан “ ептеп қызғанатынымды” жасырмай.

“Сәуле, сен қызық екенсің, бақыт дегенің өзі де тұтас ғұмыр емес, адам өміріндегі тек қысқа ғана сәттерден тұрады ғой”,-деп күлген. Мен қазір сол бір дауылды да, жауынды күндерімді керемет сағынамын, ол кез – менің ең бақытты шағым екен...

(Өмірге келгеніне жарты ғасырдан асқан «Дос-Мұқасан» ансамблінің ең алғашқы көркемдік жетекшісі **ДОСЫМ СҮЛЕЕВ** мырзамен сұхбат)

З.Ж.: - Сізге ресми түрде Досым мырза немесе Досым Қасымұлы деп жатпай, бірден Досым аға дегенімді айыпқа бұйырмаңыз. Бала кезден «Дос-Мұқасан» әндерін сүйсіне тыңдап, сүйіп айтқандықтан ба, біздің ең жақын ағамыз, туысымыз сияқтысыз. «Алматы түні», «Жан досым» әндеріңіздің таныс әуендерін естігенде сонау сағыныш сағымына оранған студенттік шағымыз еріксіз еске түседі.

Басқасын айтпағанда, бір ғана «Той жырыңыздың» өзі отау құрған талай жастың қуанышына куә болды, әлі де солай. Сіз ешқашан бас сұқпаған талай шаңыраққа өзіңізден бұрын әндеріңіз барды. Тіпті осы «Той жырының» арқасында Ресейдің бір адамы ажал тырнағынан аман қалды деп естігем, соны егжей-тегжейлі айтып беріңізші...

Д.С.: - Әңгімеміз «ә» дегенде «Той жырынан» басталды-ау! (күлді). Иә, небір қызық оқиғалар болды ғой. Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің полковнигі Х.Сарин «Әдемісің сен, әлем!» деген кітапқа қазір Ресейде аман-сау тұрып жатқан бір офицердің бастан кешкен оқиғасын жазған.

Ресей мен Шешенстан арасында болған соғыс кезінде барлаушы орыс жігіті тұтқынға түсіп қалады. Шешендер тұтқындарды жазаламас бұрын кімнің қай жақтан екенін сұрайды. Әлгі жігіт ұлты орыс болғанымен, Қазақстанда өмірге келгенін айтады.

Шешендердің үлкен біреуі бұрын Қазақстанда тұрған екен. Ол өзінің кіндік қаны тамған Қазақ Елі туралы өте жылы лебіз білдіреді. Сосын тұтқынға: «Егер шынымен Қазақстанда туғаныңды дәлелдей алсаң босатамын», - деп шарт қояды. Барлаушы аз-кем ойланып, «Той жырын» есіне түсіріп, ақырын ғана қазақша ән айта бастағанда, шешен де



қосыла кетеді. Ақыры ол айтқан сөзінде тұрып, әлгі жігітті бостандыққа жіберген екен.

Бізге хаттар көп келетін. Солардың ішінде Сібірде әскери борышын өтеп жүрген Ержан деген жігіттен келген хат ерекше есімде қалды. Ол ротадағы жалғыз қазақ екен. Кеңестік армияда «дедовщина» гүлдеп тұрған кез. Төңірегіндегілер жалғыз болғасын Ержанға ұрып-соғып күн бермейді. Бір күні бүкілодақтық «Маяк» радио станциясынан «Дос-Мұқсанның» әндері беріледі. Әнді солдаттардың бәрі елти, ынта қоя тындайды.

Сол кезде Ержан: «Бұл біздің қазақтың әндері!»-деп төбесі көкке жеткендей мәз болып, тіпті қуанғаннан секіре береді. Сол күннен бастап қасындағы солдаттар оны қорлап, кемсітулерін доғарған екен. Осының бәрін зор тебіреніс үстінде жазып, бізге ол хат жолдаған еді. Бұндай хаттар біздің шабытымызға шабыт қосып, өнерімізді шыңдай түсуге себепкер болды.

3. Ж.: - Бәлкім бұл әннің өмірге қалай келгені де бір қызықты тарих шығар?

Д.С.: - Жарты әлемді шарласақ та бәріміз бойдақ жүр едік. Бір күні Мұрат Құсайынов досымыз үйленгелі жүргенін айтты. Жігіттер маған: «Жақсы бір ән сыйласақ қайтеді?» - деді. Той болатын күні Ұлықпан Сыдықов: « Мен сөзін жаздым. Әнің дайын ба?»-дейді. Тойдың басталуына бес сағаттай уақыт қалған. Әннің мәтіні ұнады. Жарты сағат ішінде ән пайда болды. Дереу жігіттерді жинап дайындыққа кірістік. Тойда ел дуылдата қол соқты.

Тойдан кейін ол әннің барын мүлдем ұмытып кетіппіз. Кезекті концертке дайындалып жатсақ, жігіттердің бірі: «Бізде «Той үстінде» бар еді ғой, соны неге сахнада орындамаймыз?» - деді. Әнді үлкен сахнаға лайықтап, өңдеп, алғаш «Студенттік көктем» фестивалінде орындағанбыз, көрермендер жақсы қабылдады. Ән радио-телевидениеден үздіксіз беріліп тұрды. «Той жырынан» кейін ансамбльдің танымалдығы тіпті арта түсті.

3. Ж.: - «Өрімдей жап-жас студенттер құрған ансамбль жарты ғасыр бойы халықтың ықыласы мен махаббатына бөленуде. Дос-Мұқасан» ансамблі қазақстандықтар үшін әлемді ауызына қаратқан «Битлзбен» парапар. Бұның сыры неде деп ойлайсыз? Оның өнердегі жолы бірден даңғыл болып, барлық жерде алдарынан «жасыл шам» жағылды ма?

Д.С.: - Алғаш «Дос-Мұқасан» құрылған кездері біраз қиындықтар бастан өтті. Электр гитара, саксофон дегендерді сол кездегі билік басындағылар онша дұрыс қабылдамайтын. Саяси идеология басқа. «Буржуазиялық капитализмнің өнері мен музыкалық аспаптарын насихаттауға болмайды» деген көзқарас басым еді.

Сол кездері комсомол және партия басшылары Алматыда «Битлздың», Роллинг Стоунздың әндерін ағылшын тілінде электрлі гитаралармен айтып жүрген кейбір ансамбльдердің сахнаға шығуына жол бермейтін. «Дос-Мұқасанды» да сахнаға жіберу керек пе, жоқ па, деген мәселені өздері де анық білген жоқ. Осылайша әрі-сәрі күй кешіп жүргенде парткомнан бір адамды бізге куратор ретінде бекітті.

Кураторымыз химия кафедрасының меңгерушісі Тұрсын Сәлібаев деген кісі Қазақстанның халық артисі, әнші Жамал Омарова апамыздың туған інісі еді. Сол ағамыз ақырын, еппен түсіндіріп, партия комитетінің хатшыларына, жоғары оқу орнының басшыларына «Сахнаға шығаруға болады. Бұлар қазақтың халық әндерін айтып жүр», - дегенді құлақтарына құя бастады. Содан кейін жолымыз ашылып кетті. Кураторымыз өнерді сүйетін, түсінетін жан еді. Бізге үнемі қамқорлық жасады.

Қанша дегенмен мектеп қабырғасынан кеше ғана шыққан баламыз ғой. Концерттен кейін үйіне апарып шай, тамақ беріп, бізбен бірге концертке барып, кейде өзі де ұйымдастыру жұмыстарына атсалысып кететін. Осылайша «Дос-Мұқасан» Қазақстанда көптеген ансамбльдерге, жалпы вокалды аспапты эстрадалық жанрға жол ашты. Ұлтымыздың рухын көтеріп, жастарымыздың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға үлес қостық.

З.Ж.: - Кезінде белгілі профессор, экономика ғылымдарының докторы Ерлан Арын мырза «Дос-Мұқасанды» «тоқырау тозаңынан тоттанған тоталитаризмнің тас қабырғасын алғаш рет солқылдата соққан дара дауыс-құбылнамалық құбылыс» деп бағалағаны есімізде. Қазақ әуенін күллі Кеңес Одағы түгілі, сонау мұхиттың арғы жағында да әуелете шырқап, төрткүл дүние төрінде өз жұртының өрелі өнерін паш еткен «Дос-Мұқасанға» қандай құрмет көрсетілсе де артық емес. «Экспресс К» газеті Қызылорда қаласында Досмұқасан есімді жас жігіт барын жазды. Бұл да болса өнер сүйер қауымның «Дос-Мұқасан» ансамбліне деген ерекше ілтипатының бір көрінісі десек те болады. Павлодар қаласында «Дос-Мұқасан» ансамблінің мүшелеріне ескерткіш орнатылды. Сізге қалай әсер етті?

Д.С.: - Одан бұрын да Алматы мен басқа да қалалардан бізге арнап ескерткіш орнатамыз деп жүрген қалталы азаматтар, қаржылық топтар болған. Оған аса мән бере қойған жоқ едік. Ансамбльдің негізін қалаған төртеумізге С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің аумағынан архитектуралық композиция ашылды. Шынымды айтсам, биіктігі бір жарым метрлік қола мүсіндерімізді көргенде өз басым іштей қобалжыдым.

З.Ж.: - Жарты әлемді шарладыңыздар. Қазақтардың аялы алақанында жүрген ансамбльдің әндерін шетелдіктер тосырқамай жылы қабылдады ма?

Д.С.: - Бірде Польшада өткен ән фестиваліне қатыстық. Олар: «Келесі тыңдайтындарыңыз «Сұлу қыз» деген қазақтың халық әні », - деп хабарлады. Біз ән бастасымен, залда отырған көрермендердің бәрі екі жақтарына тербеле әнге қосыла кетті. Поляк тілінде. Сахнаға енді-енді шыға бастаған кезіміз ғой. «Тіпті поляктар да біз орындап жүрген қазақ әндерін біледі екен-ау!»-деп аң-таңбыз. Ән аяқталар-аяқталмастан, «Біздің халық әнімізді қазақ тілінде айтқандарыңызға рахмет!»-деп поляктар келіп жа-

тыр ризашылық білдіріп. Әрқайсымыз өз әніміз екенін дәлелдемек боп, екі жақ аздап сөз таластырып та қалдық.

Сөйтсек, СССР халық артисі Роза Бағланова апамыз поляктың «Шла девчечка до речечки» деген халық әні өзіне ұнағасын, қазақ тіліне аудартып алып, айтып жүр екен. Тамылжыта керемет орындағаны соншалықты жұрттың бәрі соны айтып жүретін. Сондықтан біз оны қазақтың халық әні деп ойлаппыз. Міне, осындай да күлкілі жағдайлар бастан өткен...

З.Ж.: - Біздің қазақ қаламгерлерімен шығармашылық байланыста болғаныңыз белгілі. Ерекше есіңізде қалған ақындардан кімді айтар едіңіз?

Д.С.: - Ақын Мұхтар Шахановпен, Қадыр Мырза Әлімен бірге жазған әндерім бар. Иран Ғайып біздің «политтехтың» түлегі ғой, онымен жақсы шығармашылық байланыстамыз. Ақұштап Бақтыгерееваның отбасымен араласып тұрамыз. Ұлықбек Есдәулет те менің жаныма жақын, шығармашылығын жоғары бағалайтын ақын жігіттер қатарында.

Марқұм Тұманбай ағамыз өте елгезек, еңбекқор адам еді. Ол кісімен жұмыс істеу өте жеңіл болды. Менің «Алматы түні» деген әнімнің әуені ұзақ толғаныс, тебіреніспен өмірге келді. Бір фильмнің тапсырысы бойынша қолға алып, көп қиналдым. Сандалып көшеде жүріп, талай ұйқысыз түндерді өткердім. Шабыт келтіру үшін істемегенім жоқ.

Ал сол әннің өлеңін Тұманбай ағамыз еш қиналыссыз, бір демде шығарып берді. Тура менің көңілімдегі сөздерді тапты. «Жұлдыздарға жерге жақындап, байланып қалған секілді» - деп көше шамдарының түнгі көрінісін сөзбен қалай шебер суреттеді десеңізші! «Қаз-қатар өскен тату бақ ойланып қалған секілді» дейді... Жансызға жан бітіре қалай әдемі бере білген!?

З.Ж.: - Ия, осынау өміршең өлең жолдарымен астаса өрілген әдемі ән әуені әлі күнге халықтың сүйікті әні десек, артық айтқандық емес шығар. Аға буын өкілдері осы-



нау әнді естігенде келмесе кеткен жастық шақтарын, Алматыда өткен студенттік дәурендерін жанарына жас үйіріле тыңдайтынын көріп жүрміз...Әдетте «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп жатады ғой. Өнер мен ғылымды қатар ұстап жүруіңізге отбасыңыздың, ата-анаңыздың ықпалы болды ма?

Д.С.: - Көп балалы отбасында өстім. Үйдегі балалардың үлкені едім.Анам Кентаудағы мектеп интернатта бастауыш сыныптың мұғалімі болды. Интернаттың жұмысы көп, бауырларыма бас-көз болуды маған жүктейтін. Артық сөзі жоқ, өте жұмсақ мінезді, үнемі балаларының, жарының жағдайын жасап отыратын кісі болатын. Ең қатты ұрысқанда айтатын сөзі - «Әкеңе айтамын» болатын. Әке-шешеміз мандолин ойнап, қосылып ән салатыны есімде. Дауыстары жақсы еді. Қарындасым Күләш екеуімізді музыкалық мектепке берді.

Мен – баян, қарындасым фортепиано сыныбында оқыдық. Үйге қонақтар келгенде өнер көрсетеміз. Жұрт мақтаса мәз боламыз. Кейінірек бір жақсы мұғалімнен кларнетте ойнауды үйрендім. Кентауда достарым үрмелі аспаптар оркестрінде ойнайтын еді, солар мені кларнетте ойнауға шақырды. Сосын саксофонды үйреніп алып, би алаңында танымал болдым. Ол кезде бұл аспапта ойнайтын қазақтар болмайтын.

Әкем : «Сен дұрыс тәрбие алсаң, іні-қарындастарың саған қарайды» деп үнемі айтып отыратын. Мектепте оқып жүрген кезде музыкаға қоса, спортпен де айналыстым. Суға жүзу, күресу, футбол, теннис ойындарының бәрінің қызығын бастан өткіздім. Стол теннисі бойынша қала чемпионы болдым. Өнерге бір табан жақын отбасында өссем де, әкеміз әскери адам болғандықтан, менің өнер жолыма түсуімді қалаған жоқ. «Балам, сені музыкант, артист болсын деп музыкалық мектепке берген жоқпыз, түбі инженер болуың керек» дейтін.

Алайда, менің бағымды өнер ашты. «Жұлдыз ауруына» шалдықпай, адамгершілік қалыптарын сақтап қалған,

жүрекері таза, көңілдері адал достар таптым, олармен өмір бойы арамыз ажыраған жоқ. Біздің ансамбль мүшелерінің ішінен бүгінгі күні екі академик және ҚР Ғылым Академиясының бір мүше-корреспонденті шықты. Бір өкініштісі, Бақытжан досымыздан ойда-жоқта айырылып қалдық. Жол апатынан. Кей-кейде түсіме кіреді...

З.Ж.: - Досым аға, биік лауазымды талай қызметтерді абыроймен атқардыңыз. Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткерісіз. Америка Биографиялық институтының «Жыл адамы» құрметті атағының, РФ қоғамдық сыйлықтары ұлттық комитетінің үшінші дәрежелі «Ұлы Петр» орденінің, «Алтын адам» сыйлығының иегері, бес салалық академияның академигі, бірнеше шетелдік университеттің профессоры, Қара теңіз және Каспий теңіздері елдерінің ынтымақтастық қорының вице-президентісіз. Сізді үнемі Алланың назарында, бақыттың базарында жүрген жан десек, қателеспейтін шығармыз?

Д.С.: - Иә, өмірде жолы болғыш жандардың бірі екенім рас. Қазақстанда мен сияқты ғылым докторлары, профессорлар, академиктер көп қой. Алайда, осы жасқа келгенше қол жеткізген жетістіктерімнің бәрі артынан аңыз ерген атақты «Дос-Мұқасан» ансамблінен бастау алады.

ҰМЫТ БОЛҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

(«Хабар» телеарнасының кино-теле операторы Айбек Шорабаевпен сұхбат)

Тілші: – Айбек Байділдәұлы, Сіздің көне түркілердің ұмытылған ат ойындары жайлы қысқаметражды “Ұмыт болған ойындар” деген деректі фильм түсіргеніңізден хабардармыз. Орыс тілді басылым беттерінен ол жайлы жазған мақалаларыңыз да кейде көзімізге түседі. ХХІ ғасыр жасөспірімдері жамбастары тесілгенше компьютер ойында-

рын ойнап, жігіт ағаларының өзі жабыла миллиард қызығына түсіп жатқан кезде, есте жоқ ескі заманғы ұлттық ат спортын ортаға оралту керек деген ой басыңызға қайдан келді?

А.Ш: – Егер Сіз қарсы болмасаңыз, әңгімені сәл әріден бастағым келеді. Трибуналары жанкүйер қауымсыз қаңырап бос жатқан спорт алаңдарында футбол, баскетбол, хоккей ойнап жүрген қазақстандық спортшыларға қарап, олар тек өз ойындарынан өздері ләззат алу үшін жүгіріп жүргендей сезінетінім бар. Сондайда ойыма өркениет көшінің басында болып, кейін жойылып кеткен үндістердің майя тайпасының қазіргі футбол ойынына ұқсас пилота деп аталатын ойыны жайлы оқығаным ойыма оралады...

Тайпаның жас жігіттері екі командаға бөлініп, каучуктен жасалған допты жерден 1,5 метр жоғары ілінген тоқыма себет ішіне теуіп түсіру керек екен. Оған жұрт жай ғана ойын емес, жатқан бір тылсым жұмбақ сияқты қарайды. Өйткені сәуегейлер Майя тайпасының алдағы жылғы тұрмыс-тіршілігі қандай болатынын соған қарап болжайды. Ойынның құдыреті сол: тайпа көсемі мен ақсақалдары дүйім жұрттың алдында жеңілген команданың капитанын Құдайға құрбандыққа шалатын болған.

Бірді айтып, бірге кетуге тура келіп тұр. АҚШ-қа барып, қазіргі америкалық үндістер жайлы фильм түсіре барған бір әріптесімнен олардың жаңа туған нәрестелерінің құйымшағында үш-төрт айдан соң өз-өзінен байқалмай жоғалып кететін айрықша белгі – күңгірт көкшіл таңба болатынын таяуда ғана білдім. Осы орайда, 15 мың жыл бұрын Беринг бұғазы арқылы, ол кезде оның тереңдігі қазіргідей емес, тайыз болуы мүмкін, әлде екі құрлық арасын жалғайтын соқпақ жол болды ма екен, Азия құрлығынан көне заман адамдары Америка құрлығына қоныс аударғаны жайлы ғалымдар болжамы ойға оралады. Үндіс балаларының жамбас тұсындағы көкшілтім белгі қаншама уақыт бұрынғы көшпелі өмір дәлелі деп айтар едім.

Тілші: – Сіздің не айтпағыңызды ұқтым, қазақ сәбилеріндегі сияқты, бүкіл түркі халықтарының

нәрестелеріне тән анатомиялық ерекшеліктен ұқсастығы туралы айтпақсыз ғой. Біздің қазақта ана құрсағында жатқан нәрестені жарық дүниеге шығарда періште құйрығынан шапалағымен қағады деген де әдемі бір аңыз бар ғой...

А.Ш: –Үндістердің түркілермен түбі бір екендігіне дәлел тек – жас нәресте денесіндегі таңбалары ғана емес. Солтүстік америкалық үндістердің 200-ге жуық сөзі қазіргі заманғы түрік халықтарының сөздік қорында бар сөздер екен. Лингвист ғалымдар зерттеп тапқан осы деректі де ұмытпауымыз керек.

Тілші: – Бұл шынында да, қызық екен. Алайда, алдында Сіз айтқан ойында жеңілген капитанды құрбандыққа шалатын Майя тайпасының жабайы рәсімі неге есіңізге түсті?

А.Ш: – Біздің Қазақстанда 40-тан астам кәсіби футбол командалары бар екен, егер майя тәртібіндей жағдай болса, біздің елде бір де бір тірі футболшы қалмас еді деп ойлаймын. Ата-бабадан келе жатқан дәстүрлі ойын болмағандықтан, біздің жігіттер жанын салып, жеңіске жетуге ұмтылмайтын сияқты. Сонда біздің ата-бабаларымыз – бесіктен белі шығар-шықпастан ат құлағында ойнаған қазақтың ұрпағы ат спортымен айналысатыны айтпаса да түсінікті. Олар сонда қандай ойындар ойнаған деген сұрақ көптен менің жаныма тыныштық бермейтін. Көптеген ғылыми кітаптар мен ауыз әдебиеті – халықтық фольклорымызды зерттей жүріп, ұмытылған ұлттық ойындарымыздың бірі – шавгон (чавгон, шөген) деген ойынның ізін таптым. Егер сол ат үстінде доп қуалайтын шавгон ойынын қайта жаңғыртар болсақ, біз сөзсіз ең алдыңғы жүлделі орындарды ешкімге бермес едік деп ойлаймын.

Әлі естен шыға қоймаған ертеректе шавгон ойыны азиялық көшпенділер арасында сондай танымал ойындардың бірі болғанын түрік және парсы ақындарының өлең-жыр шумақтарынан аңғаруға болады. Айып етпесеңіз, ортағасыр ақындарының өлеңдерінен шавгон ойыны туралы жазылғандардан үзінді келтіре кетейін:



Жүсіп Баласағұн, XI ғасыр ақыны

“Нард (нарда), шатранж (шахмат) ойнағанда жарқылдап,
Ұтып алса, қарсыласын алқымдап,
Аңшы, құсшы, мерген болса, ғажайып,
Шөгенге ұқса, таңғаларлық қалайық.”

(Аударған Асқар Егеубаев)

Әлішер Науаи, XV ғасыр ақыны

«Қиядан шалса жанарым сымбатты сұлу тұлғанды,
Арқама қанат біткендей кешемін бастан бір халді.
Көңіл-күйім сезілер шиыршық атқан атқа да,
Жүрегім мен жаным сап ұшырам допты қақпаға.»

«Сүйем шавғон ойынын. Ләззат алам тартыстан,
Кейде өзім де допқа ұқсап, шарқ ұрамын әр тұстан.
Көзге түссең елестей, кенет естен танамын,
Мұрттай ұшып атымнан, түсер қолдан таяғым»

(Орысшадан аударған Заря Жұманова)

Омар Хайям, XII ғасыр ақыны:

“Шавғон добы сияқты тағдыр қуса тартынба,
Соққыға тос өзінді, ұмтыл алға, жарқылда!
Өзгермейді жалынсаң, бұл ойынның барысы,
Тәңірімен ойында ереже білген дұрысы.”

(Орысшадан аударған Заря Жұманова)

Тілші: – Біздің қазақтарда Шамғон деген кісі аттары ба-
рын білемін. Мысалы атақты дирижер Шамғон Қажығалиев,
т.б. Шамғон есімді адамдар, әсіресе Қазақстанның батыс
өңіріндегі егде кісілерде жиі кездеседі. Бірақ шынымды

айтсам, мен сол сөздің не мағына беретіні жайлы осы кезге дейін ойланып көрмеппін. Сіз шавгон, әлде чавгон атанған ойын әу баста шамгон атанған шығар, кім біледі. Өйткені біздің қазақтар бұрын сөз ортасында в әріпін қолданбаған ғой. Сонда Сіз айтып отырған шавгон ойыны қазір еуропа жұртшылығы поло деп атайтын ойын сияқты болғаны ма?

А.Ш: – Шамгон бола ма, шавгон бола ма, оны кейін тіл зерттеуші ғалымдар зерттеп, ақ-қарасын айыра жатар, менің алдыма қойған мақсатым – жаңа сіз еуропалықтарға теліп отырған поло ойынының арғы атасы сол біздің шавгон ойыны екенін ұмыттырмай, елдің есіне салу.

Тілші: – Оған қандай дәлелдеріңіз бар?

А.Ш: – Сіздің сұрағыңызға бір-екі сөзбен тақ-тұқ жауап қайыра салмай, тағы да сөзімді сәл орағыта, әріден бастағым келіп тұр. Осыдан сегіз жыл бұрын Алматыдағы Ғалымдар Үйіндегі кең залға жиналған жиырма шақты адамның алдында орта жастар шамасындағы бір ғалымның кездесуіне кездейсоқ тап болдым. Орта ғасырлық Махмұд Қашғари Сөздігін қазіргі заманғы түсінікке лайықтап түсіндіріп тұрған адамды маған сонда отырғандардың бірі: «бес минутсыз доктор» деп сыбырлай таныстырды. Ол кісінің лекциясы қаншалықты қызықты болған-болмағанын айта алмаймын, мен отырар-отырмастан, сатырлай жөнелген әдеттегі «қол шапалаққа» қосылуыма тура келді.

Кездесу аяқталды деп орнынан дүр көтерілген жұртқа ең соңында сенсация ретінде көрсеткісі келген болуы керек, жаңағы ғалым: «Енді бірер минутқа назар аударуларыңызды өтінемін,»– деп қолындағы қатты қағаздың орауын жаза бастады. «Мен бұл суретті Англияға барғанда принц Альберттің этнография мұражайынан байқадым. Бұл шелкографиялық көшірме. Беймәлім Қытай суретшісінің салған суреті. ХҮІ ғасырда поло ойнап жүрген түркінің (қазақтың) суреті бейнеленген.

Міне, бұл – қазақтардың бұрын поло ойнағанының дәлелі,»– деді ол. «Бұл суреттегі адамдар түркілерге емес,



қытайға ұқсайды ғой дерсіздер, бәлкім» -деп баяндамашының өзі жұрттың ауызына сөз салып бергендей болды да, дереу, өзі жауабын қайтарды: «Әрине, бұл суреттегілер қытайдан айнымайтыны рас. Өйткені қытай суретшілерінің қалыптасқан дәстүріне сай, бұрын қытай суретшілері кімді салса да қытайға ұқсатып салатын болған. Алайда бұл суреттегілер қытай емес, түркілер.

Оған дәлел мыналар...» деп өз пікірін тізбелей бастады. Біріншіден, мұндағы ойыншылар ерттеп мінген аттар біздің дала арғымақтары, ал қытайлар моңғолдың жер тапал аттарына мінген. Аттың құйрығын тек осылай біздің бабаларымыз ғана осылай қазақша түйген. Әлі күнге осылай тек қазақтар ғана түйеді», -деп мінбеде тұрған баяндамашы шешіле сөйлегенімен, кеш соңында тек 5-6 адам болмаса, суретті көруге қызыққан көп адам бола қоймады. Бұған дейін тыңдаған ұзақ баяндамадан жалыққан ба, жоқ әлде, бабаларымыздың ерте заманда поло ойнағанын бұрыннан білетін болғасын ба, жұрт аса қызығушылық білдірмей, үйді-үйлеріне тарай бастады.

Баяндамашының жанына таянып барып, қызығушылық білдіргендердің бірі – мен болдым. Шынында да суреттегі адамдар түркілерден гөрі, қытайларға ұқсайды екен. Аттың құйрығын «қазақша түюі» жайлы айтқан сөзі де көңіліме аса қонған жоқ. Поло ойынын ойлап тапқандар жалғыз орта азиялық көшпелілер ғана емес, бұрынғы парсылар да осы ойынды ойнағаны белгілі.

Ол кісі менің ықылас қойып қарай бастағаныма, бір түрлі күдіктеніп, жанында тұрған бір адамға: «Мен кейін асықпай осы суретті зерттегелі жүрмін, мынау көшірме кез-келгеннің қолына түспеуі керек,»- деп айтып жатқанын құлағым шалып қалды. Сөйтсем, ол кісі бұндай ортағасырлық керемет сурет тек жалғыз осы ғана деп ойласа керек. Бұған дейін де осы тақырыпта (ат үстінде доп ойнап жүрген адамдар жайлы) салынған ондаған шығыс нақыштарын көрген маған, оның сол сөзі бір түрлі естілді.

Бұл жерде ол ғалымды кінәлауға болмас. Филологтын поло ойнап жүрген ойыншылар туралы ондаған көркемсурет барын білуге ол міндетті де емес қой. Бірақ, оның біздің бабаларымыздың ұмыт болған ойындарын зерттеуге деген ықыласы сыйлауға тұрарлық еді.

Тілші: – Сіз бұрын ат үстінде доп қуалап ойнап жүрген түркілер суретін қайдан көрдіңіз?

А.Ш.: – Бұдан жиырма бес жылдай уақыт бұрын кино-экспедициямен Ташкентке барғанымда менің туған күнімде әріптестерім “Миниатюры к произведениям Алишера Навои” деген суретті кітап сыйлады. Жүздеген суреттер ішінен он шақты сурет жаңа мен айтқан тақырыпқа салынған сурет болып шықты.

Баяғы заманда-ақ Самарқанд пен Бұқарада кітаптарды суретпен безендіретін шебер суретшілердің қалыптасқан мектебі болған, міне сол суретшілер композициясының ішінен чавгон (шавғон) ойнап жүрген аттылы адамдардың суретін табуға болады. Әлішер Науаи ғазалдарына салынған үш иллюстрация ХҮ-ХҮІ ғасыр суретшілерінің қолынан шыққан дүние екен. Бірақ, аса сирек жағдайда болмаса, суретшілер өз аты-жөндерін көрсетпейтін Шығыста қалыптасқан дәстүр бойынша, көптеген сурет авторлары белгісіз.

Кітап безендірушілер Мауреннахрдың көптеген қалаларында, Хорасан мен Иранда өмір сүріп, еңбек еткен. Мауреннахр мен Хорасанның (бүгінгі күні Өзбекстан, Түрікпенстан, Қырғыз республикасы, Оңтүстік Қазақстан, және Ауғанстан жері) негізгі тұрғындары түркі халықтары болғаны тарихтан белгілі жәйт.

Сондықтан, жоғарыда мен айтып өткен ғалымға сонау Англиядан тауып әкелген қытай суретшісінің түркілердің суретін салғанын дәлелдеп, ақ тер-көк тер болуының түкке қажеті жоқ еді. Ортаазия суретшілерінің көне суреттерінің өзі біздің түркі халықтарының шавғон (чавгон) ойнағанын дәлелдеп тұрған жоқ па?!



Тілші: – Сөзіңіздің жаны бар. Кешегі кеңес үкіметі кезінде тарихи түп-тамырымызға үңіліп, өткенімізді зерттеуге бойда тұрған “саяси қуғын-сүргін жылдарынан” қалған үрейден арыла алмадық. Баяғыда ата-бабаларымыз ”Алтау ала болса, ауыздағы кетеді” дегенді бекер айтпаса керек. “Алтау” дегені – алты алаш, өзбек, түрікпен, қырғыз, т.б. Ауызымыздағыдан айырылғанымыз сол, жаңағы сіз айтқан поло ойынынан айырылғанымыз емес пе? Кәнігі көкпаршылар жақсы біледі, кешегі кеңес үкіметі кезінде коммунистік идеологтар адам өміріне қауіпті деген желеумен ұлттық ойынымыздың бірі – көкпар ойынын ойнауға да тиым салған жоқ па? Алайда, халық жасырынып ойнап жүрді...

А.Ш: – Ия, ондай да кезең халық басынан өтті. Ұлттық ат ойындарына қатысқан тақымды жігіттеріміздің бойынан ат құлағында өскен бабалар рухы айқын аңғарылатын сияқты. Көз алдыңызға елестетіңізші, егер біздің қазақтар көкпар ойнамаса, тіпті шавғон сияқты мүлде ұмытса не болар еді?! Өзімізде барды бағаламай, рухани игіліктеріміздің қаншасы ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетті.

Енді “Біреудің қаңсығы біреуге таңсық” дегеннің кебін киіп жүрген жайымыз бар. Өкінішке орай, ұмыт болған көшпенді түркілер өркениетінің ақтаңдақ тұстары әлі аз емес. Солардың бірі – қазір күллі әлемге поло деген атпен тарап отырған спорттық ойын – шавгон, (мен сөз қылған ғалым ағамыз оны шөген деп атаған).

Туған күн құрметіне жайылған дәмге толы дастархан басында сыйлық кітаптағы суреттерді қарап отырып, қасымдағы серіктерім көшпенділер өркениетіне қатысты талай-талай әңгімелерін ортаға салды. Олардың ойын-шыны аралас, атүсті айтыла салған пікірлерінің көңілімнің бір түкпірінде тұрып қалды. Содан бастап, мен ұмытылған ұлттық ойындарымызды зерттеуге ден қойдым. Тіпті тарих қатпарларына сүңгіп, ескі деректерді ақтаруға тура келді.

Атақты Ақсақ Темірдің шөбересі Ауғанстан мен Индияны жаулап алып, мұсылмандардың ең бір керемет мемлекеті

–Ұлы Моғолдар империясын құрған сұлтан Захираддин Мұхаммед Бабыр өзі жазған түрік прозасының ішіндегі ең бір тамашасы “Бабыр-наме” тарихи трактатында да Әмір қолбасшыларының біреуі садақты жақсы ататынын, шавғон ойнауда алдына жан салмайтынын жазыпты. Шавғон туралы, ол тек ақсүйектер (аристократтар) ойнаған элиталық ойын емес, жауынгерлер де ойнаған жалпы көпшілікке ортақ ойын екені сөз арасында елеусіз айтып кеткен. Бабыр сұлтан Самарқандты билеген тұста шавғон ойнау үшін арнайы стадион салғызған екен.

Бабырдан соң Моғол империясының басына Хамаюн, одан соң Акбар, Жаһангер келіп, ең соңғы билеушісі Жаһан-шах болған. Олардың тұсында, яғни ХҮІІ ғасырдың ортасында Ұлы Моғолдар империясы өркендеп, гүлденіп, Индияны тұтастай иеленді. Орта Азиядан шыққан жаулап алушылар өздерінің жаңа Отаны – Индияда шавғон ойнаған ба? Әрине. Олар да алдыңғы ізбен жүріп, шавғон ойнағаны тарихтан белгілі. 1556-1605 жылдары ел билеген Акбар падишах тұсындағы жазбалардан оның аңшылықпен айналысуды, шавғон ойнауды ұнатқаны айтылады.

Акбар падишахтан төрт ғасыр бұрын жазылған грек авторы Катрамердің “Мәмлүктер тарихы” кітабында: “ХІІІ – ХІҮ ғасырларда атқа мініп алып доп ойнау Египетте ең таңдаулы спорт түрі саналды...халифтер өз ипподромдарында поло ойнады”,- деген деректер бар. “Поло” туралы деректерді Табаридің “Анналдарынан” да кездестіруге болады. “Поло ойынынан соң ыстық бұлауға түсіп, массаж жасататыны” жазылған. ХІ ғасырда өмір сүрген Шығыс ғұламасы Махмұд Қашқари еңбектерінде Түркістандағы поло ойыны туралы жазылған деректер бар.

Оның замандасы ақын Жүсіп Баласағұн елші білуге тиісті білім мен әдет-ғұрыптарды санамалай келіп, шахмат пен нарды ойындарынан басқа, міндетті түрде поло ойнап үйренуі керек дегенді айтады. Шавғон ойыны қайда, қашан басталды деген сұрақ біз үшін онша маңызды емес, біз үшін



маңыздысы – Еуропалықтар иемденіп кеткен бұл ойынның арғы ата-бабаларымыздан шыққандығын дәлелдеп, сол ойынды қайтадан өз жерімізде жаңғырту.

Тілші: – “Чавгон – забытая игра” деген киноның сценарийі өмірге осылайша келген екен ғой?!

А.Ш.: – Иә. Ол толықметражды деректі көркем фильмнің сценарийі. Оның тағы бір атауы: «Поло – игра кентавров». Оны мен 2001 жылы жаздым. Оқып-танысқандардың бәріне сол жоба ұнағанымен, алайда, оған ақша салып, Қазақстанда қайта өркендеген поло ойынының «кіндік атасы» болуға ешкім асығар емес. Егер осы сұхбат жарияланған соң, оқырмандар арасынан қызығушылық білдірушілер болса, мен олармен кездесіп, өзімнің бар жоспарымды жайып салуға дайынмын.

Тілші: – Сіз ұзақ уақыттан бері демеуші іздеп таба алмай, қажып жүрген кезде: «Қайтадан тағы бір рет сүндеттеліп, Таяу Шығыс елдерінің біріне тартып кетіп, түркілердің байырғы ойынын сол жерде қайта жаңғыртсам ба екен», -деп күйіне әзілдейді дегенді орыс тілді бір газеттен оқығаным бар еді...

А.Ш.: – «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарарды» деген мақал талай рет ойыма келді. Менің мақсатым – “Атың шықпаса жер өрте” деп, жалғанға жар салып, атымды шығару емес, ұмыт болған ұлттық ойындар туралы аздықөпті білетінімді ортаға салып, көпшіліктің көкейіне ой салу екенін сезіп отырған шығарсыз.

Тілші: – Бәлкім, демеуші болғысы келетін адамдарды Сіздің жобаңызды жүзеге асырға қажет қаржының қомақтылығы қорқытатын болар?

А.Ш.: – Оның бағасы Астана немесе Алматы қаласындағы жақсы бір пәтердің құнымен пара-пар: 300 мың евро. Сонда ғана жобаны бастан-аяқ толық жүзеге асырамыз. Барлық демеушілер кадрдан тыс қалмайды, бәрі де қайта қалпына келуге тиіс ат ойынына қатысып, киноға түсетін болады.

Тілші: – Сіз айтып отырған шавгон (чавгон) ойынын не себепті кейін еуропалықтар “поло” деп атап кетті деп ойлайсыз?

А.Ш.: – Ұлы Моғолдар империясының қол астында болған Индияны ХҮІІІ ғасырдан бастап ағылшындар биледі. Шавгон ойыны олар келгенге дейін бар ойын болғасын, ағылшындар оны Индияны жаулап алған соң үйренді. Осылайша, Орталық Азия ойыны тұманды Альбионға жеткен.

Олар неге “поло” деп атаған десек, оның мәнісі мынада шығар: Индияға іргелес жатқан Тибетте бұл шавгон ойыны “пулу” деп аталады. Ағылшындар пулу дегенді поло деп кеткен. Ал көптеген поломен айналысатын елдердің өзі бұл ойынның Түркілер өркениетінен бастау алғанын жоққа шығармайды. Бұл ойынды еуропалықтар: “Спорт ойынының королі, корольдер спорты” деп текке атамаған.

Қазір қапырық бөлмеде компьютер ойындарын ойнап отырған қазақ балаларын көргенде, ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар ойға оралады. Бұл жайлы баспасөз бетінде проблема көтергеніме біраз жыл болды. Алайда, баяғы жайбасарлығы қалмаған қазақтар бауырлас түркі тілдес халықтардың қайсысы осы шавгон ойынын қайта жаңғыртар екен деп, аңысын аңдып отырған сияқты. Егер біздің Қазақстанда поло ойынына дұрыстап көңіл аударылса, оның танымалдығы да, жанкүйерлері де аз болмас еді. Волейбол, баскетбол және хоккей сияқты көрермендері аз, қаңырап бос қалған трибуналарда өтіп жататын командалық ойындардың бәрінен басым түсер еді.



ҚАЗАҚТАР МЕН ЖАПОНДАР

Біздің үйдің терезесінен қысы-жазы алыс Алатаудың ақ қарлы шыңы ап-анық көрінеді. Басына ақ бұлттан сәлде ораған биік жота тура қол созым жерде тұрғандай болады. Әсіресе, күн ашық кезде. Кейде бұлтты күндері мүлде көрінбейтіні де бар. Сондайда тура бір қимас, қымбат нәрсемді жоғалтқан жандай өзімді қоярға жер таба алмаймын. Неге екенін білмеймін, оған қараған сайын жапондардың Фудзияма шыңы ойыма оралады. Жапонда жатқан жапондарды ойлап нем бар деймін өзіме-өзім... Соңғы кездері қазақ халқының ежелгі тұрмыс-тірлігі, ұлттық ұстанымдарын жапондардікімен салыстыратын түсініксіз «дертке» шалдыққан сияқтымын.

...Таяуда бір туысымыз келін түсірді. Той өтіп, кісі аяғы басылғасын, етжақын туыстардың басын қосып, «Келін шәйіне» шақырды. Жаңа түскен жас келіннің әдеппен құйған тәтті шәйін ішіп отырып, шәй құю рәсіміне ерекше мән беретін жапондар тағы да ойыма оралсын. Сүті мен шәйі бар кішкене қағаз қалтаның үстіне қайнаған суды сарылдата құйып ішіп, жөн-жөніне кететін қазіргі қала жастары: «Шіркін, жапондардың чайная церемониясы-ай!» деп ауызын ашып, көзін жұмады. Жастар түгілі үлкендеріміздің өзінен: «Ойпырмай, жапон халқы сондай екен, жапон халқы мұндай екен!» дегенді жиі естиміз. Ал өзіміздің ұлттық дәстүрлеріміз бен ұстанымдарымыз күннен-күнге құлдырап бара жатқан сияқты.

Қазір әлемнің көптеген елдері Конфуций ілімін негізге ала отырып, жапон ұлтының этнопсихологиялық ерекшелігін белсене зерттеуде. Дүниенің бір шетіндегі алақандай аралда қаншама жылдар бойы сыртқы әлеммен аралас-құраласы болмай, өз алдына томаға-тұйық жатқан, тіпті – осыдан бірер ғасыр бұрын машина түгілі, дөңгелектің не екенін білмеген

жапон ұлты сапалы да тамаша автомобильдерімен, заманауи компьютерлерімен айды аспаннан бір-ақ шығарды. Әлі күнге бәрімізді таңдай қақтыра, тамсантауда. Тамсанып отырған жалғыз біз ғана емес, күллі әлем халқы. Автомобиль тұрмақ, шығарып отырған резеңке дөңгелегі жоқ біздің қазекең үшін «Көрмегенге көсеу таң» екені рас. Алайда, тәкаппар Еуропа мен асқақ Американы жапондар несімен таңғалдыруда деген сұрақ ойыма жиі келеді.

Осы сауал жанын мазалап жүрген жалғыз мен емес екем. Таяуда қолыма «Жапон менталитетінің сыры» деген шағын кітапша түсті. Авторы – көптен бері экономика тақырыбына жиі қалам тартып жүрген, экономист ғалым Какима Нысанова. Бұл еңбегінің жазылуына не себеп болғанын жасырмай жайып салған автор кітаптың алғысөзінде: «Жапон менталитетінің сыры» – жеке (дайын) рецептердің жинағы емес, біз оқырман назарына жапондардың басқару жүйесіндегі ерекшеліктері мен жетістіктерінің қыр-сырын ашып, салыстырмалы түрде зерттеуге ұмтылдық», – депті. Шынымен-ақ, ол Күншығыс елінің енді ғана тәуелсіздігі тәй-тәй басқан Қазақ Еліне де үлгі болар тұстарына талдау жасап, жапондардың ұлттық ұстанымдары біздің ұлтымызға жұғысты болсын деген ниетпен оқырман қауымға ұсынғаны сезіліп тұр. Осы кітаптан үзінділер келтіре отырып, көкейге түйген ой-пікірімді ортаға салсам деймін.

«Әдетте, жапон отбасы өте тату болып келеді. Балалар әке-шешесімен, ата-әжесімен бірге тұрады. Үш ұрпақтан тұратын отбасылар Жапония отбасыларының 12%-ын құрайды. Мұнда айырылысу 1000 адамға шаққанда 1,57 %-дан келеді» (9-бет.)

Біздің қазақ халқы да ежелден «Ырыс алды ынтымақ», «Бөлінгенді бөрі жейді» деп татулық, ауызбірлікті өмірлік ұстаным етіп, бір шаңырақ астында үш ұрпақ өкілдері тату-тәтті тұрғаны, тіпті ауылдық жерлерде әлі күнге тұрып жатқаны ешкімге жасырын емес. «Өз балаңды өскенше, немеренді өлгенше бағасың» деп, кішкентай немерелерін

көзден таса қылмай, арқалап, қаздың балапанындай ізіне ертіп жүріп бағып, бар-тәтті дәмдісін солардың ауызына тосқан ата-әжелері жайлы қазақтың қаншама ақын-жазушысы толғаныс сезіммен, тебірене жазды десеңізші!..

Бір көрпенің астында тай-құлындай тебісіп, тату өскен ерке балалар есейгесін де «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғаны» дос сүйініп, дұшпан күйінетіндей жағдай еді. Ағайынды жігіттер «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса, ас көп» деп, еншілері бөлінбей, іргелері ажырамай, жұмылған жұдырықтай болғаны ертегі де, аңыз да емес, өткен заманалар шындығы.

Ал бүгін... көгілдір экраннан біздің ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысымызға, тәлім-тәрбиемізге кереғар шетелдік телесериалдар күндіз-түні көрсетіп жатыр. Мәселен, түбі бір – Түрік елінің қай көркем фильмін қарасаңыз да көретініңіз бір-біріне қастық қылып жүрген қандас адамдар, бір-бірінің күйеуін тартып алып, ашына боп жүрген апалы-сіңлі қыз-келіншектер... Осының өзі адам санасында бұғып жатып, күндердің күнінде бауыр мен бауырдың, туыс пен туыстың арасына сызат түсіріп, халқымыздың қанына сіңген асыл қасиеті – бауырмалдығынан айырып, бір-біріне деген сенімсіздіктерін туғызбасына кім кепіл?!

Ұлыбританияның «Economist» журналы ажырасқан жұптар саны жағынан Қазақстан әлемдік ондыққа енгенін хабарлапты. Бұрын біздің қазақта ажырасу деген ұғым мүлде болмаған. Қазір үйлену тойлары сайын ең жиі еститін «Құда мыңжылдық, күйеу жүз жылдық» деген мақалды біздің бабаларымыз тойда етке тойып, қымызға бойы балқып отырып, ойдан шығара салған жоқ. Осынау ұлағатты сөзді туғып ұстаған әр қазақ бойжеткен қыздарын күйеуге ұзатарда: «Барған жеріңе тастай батып, судай сің, қарағым. Ата атандырма, сүйек сындырма» деп ақ батасын беретін. «Шыққан қыз шиден тысқары» деп, жас отаудың ішкі шаруасына орынды-орынсыз араласқан жоқ.. Тіпті жазатайым басына

жесірлік түссе де, әйел адамдар «ерден кетсе де елден кетпеген».

Ал қазір үйленгендеріне жыл толар-толмастан, талай-талай жас қазақ отбасыларының шаңырағы шарт сынып, керегесі күйреп, түсіп жатыр. Оған көгілдір экраннан күндіз-түні мігірсіз көрсетіліп жатқан отбасылық «бейбіт» фильмдер де кінәлі деп ойлаймын. Өйткені өмірді кинодан ғана көріп өскен бойжеткен қыздар күйеуге шыққасын, құдай қосқан қосағы шетелдік кинодағы басты кейіпкерлер құсап төсегіне таңғы асын әкеліп беріп, күн сайын құшақ-құшақ гүл сыйлап, «да, любовь моя» деп бас шұлғып, ауызына қарап отыруын күтеді.

Күткен үміті ақталмағасын, асыл арманы аяқ астында тапталғандай қапалана күн кешіп, ақыры бақытын сырттан іздеуге бел буады...Жақсы өмір алыс бір жақта бұны тосып тұрғандай, тездетіп күйеуінен ажырасудан басқа жол іздемейді. Соры бес елі байғұс ата-анасының шашылып-шабылып, қыруар несие алып, дүркірете өткізген той дастарханы жиналмай жатып, қызы шалқайып әке шаңырағында жүреді. «Қайтып келген қызды» «қайта шапқан жаумен» тең көріп, «өлсең өлігің сол үйден шықсын» деп ұзатар алдында қызына қадап тұрып айтатын қазақтар өткен ғасырларда ғана өмір сүрген сияқты...

Той демекші, той үстіндегі талай сорақылықтарды көре-көре көзіміз үйреніп, ести-ести етіміз өліп кетті ме, кім білсін. Асабалар қазақтың салтында жоқ талай нәрсені ойлап тауып жатырғаны ешкімге жасырын емес. Жаңа үйленіп жатқан екі жастың аналарын ортаға шығарып, «Қане қазір екеуіңіз тез жүгіріп барып, жас жұбайлардың бетінен сүйіңіздер. Кім бірінші барады, сол болашақ немеренің атын қояды», - деген сияқты ешбір ұлттық болмысымызға сәйкес келмейтін сөздерін тыңдап отырып, ұяттан жерге кіріп кете жаздаймыз. Қыз анасы: «Асаба қарағым, алдын-ала әлен-пәлен деп елеуреп қайтеміз? Алла бұйыртса, балалы болған кездерінде құда мен құдағи немерелерінің атын өздері қоя



жатар. Шыққан қыз шиден тысқары, менің ат қоятын жөнім жоқ», - деп тоқтам айтудың орнына, ақ тер-көк тері шыға құдағиымен жарыса жөнелетінін қайтерсің?!

Асаба құда мен құдағиды ортаға шақырып ап, бір-бірімен төс қағыстырып, одан соң дене салмағы да, жас шамасы да әр түрлі құда-құдағиларға бір-бірін көтертіп, қалың елді күлкіге қарқ қылып жататындары тағы бар. Құдалықтың басты рәсімі – құйрық-бауыр жеп, құдалардың төс қағыстыруы болғанымен, олардың бұлай күлкінің нысанына айналуы тым ерсі емес пе?!

Күлкі демекші, шетелдік фильмдер ғана емес, отандық күлдіргі хабарсымақтар да халықты күлдіру емес, ұлттық мәдениетімізді бұлдіруге үлес қосып жатыр десем артық болмас. Ылғи ауылдан келген қарапайым қыз-жігіттерді, кемпір-шалдарды күлкі етіп, мазақтаудан аспайтын, тақырып аясы тар, өресі төмен, құр бақырып-шақырудан аспайтын арзан күлкіге құрылған, жайдақ хабарлар неге экранға шығарылмай тұрып, сарапшы, сыншылар сүзгісінен өтпейді екен деп ойлаймын. Қазір әйелдерше киініп ап, экранда келіншек, кемпір ролдерінде ойнайтын ер жігіттер көбейіп бара жатқаны да адам қуанатындай құбылыс емес. Кеңес өкіметі жаңа құрылып жатқан жылдары, «қызыл от-аулар» ойын-сауыққа қатысатын қыз-келіншектер таппаған соң, амалсыз, әйелдер ролін еркектерге берген деп естуші ек. Қазір қандай қажеттілік? Онсыз да актриса қыз-келіншектеріміз жеткілікті емес пе?!.

Жоғарыда аталған кітап авторы: «Жапонияда «перзенттік құрмет» бүкіл мемлекеттік құрылымға таралған. Мәселен, Токио университетінде «Осаки» газеті жүргізген сауалнама деректері бойынша, студенттердің басым көпшілігі өз аналарын құрмет тұтатын адамдар тізімінде бірінші орынға қойған. Жапон балаларының 80 % - ынан астамы өз ата-аналарына қартайған кезде қамқорлық көрсетуді армандайды», - (10-бет) деп сүйсінеді. Біздің ата-бабаларымыз да «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – желкілдеп өскен

құрақ» деп бекер айтпаса керек. «Әкесіз бала – шала жетім, анасыз бала – таза жетім» деп ұрпақ өмірінде ананың алар орыны ерекше екенін де дөп басып айтты. Олар «Жұмақ – аналар табанының астында», немесе «Алдымен анадан сыйла, тағы да анадан сыйла, сосын барып әкенді сыйла» деп пайғамбарымыз Мұхаммед(с.ғ.с) хадистерінде айтылған өсиеттерге сай ұрпақ тәрбиеледі. Сол тәрбиенің ізі әлі күнге ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқаны көңіл қуантады.

«Жапон отбасында барлық қамқорлық балаға көрсетіледі. Тәрбие – мәжбүрлеу не тиым салу арқылы емес, қамқорлық көрсету негізінде жүргізіледі. Жапондықтар тәртіпсіздігі үшін балаға тиым салудың орнына оның іс-әрекетіне басқалар қалай қарайтындығын ойлауға үйретеді. Балаларды нақ император алдында тұрғандай әкесін пір тұтуға тәрбиелейді... Баланың жан дүниесіне қатты қысымның өзі жұмсақ тілде жеткізіледі, тіпті бала өз-өзін тәрбиелеп жатқан сыңайлы. Бұл жапон тәрбиесінің мейіріммен апталған тамаша әдісі... Балаларды бөтен адамдар алдында ұрып-соғу, ұрсып-сөгу деген атымен жоқ. Балалар өздерін емін-еркін сезінеді. Жапондықтар балаларға қатысты ешқашан «жаман» деген сөзді пайдаланбайды. Олардың сөздік қорында мұндай сөз атымен жоқ» (11-бет).

Аттың жалында, түйенің қомында көшіп жүрген қазақтың кара домалақ балалары да өз әке-шешелерінің мейірімі түгілі, ақылман атасының «айналайыны» мен мейірбан әжесінің «әлдиіне» балқып, олардың сәби қиялына қанат бітірер небір ғажайып ертегілерін естіп өсетін. Үлкендер құймақұлақ немерелерінің санасына «Жеті атасын білген ер жеті жұрттың қамын қамын жер» дегенді сіңіріп, өз жұрты, нағашы жұртынан шыққан арғы-бергі батыр, би, шешен, сал-сері бабалары жайлы ескілікті аңыз әңгімелер, батырлар жыры мен хиссалар айтып, тарих қойнауына тамыр жайған руы мен тайпасының шежіресін жаттатудан жалықпайтын. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған кей өңірлерде әлі күнге солай.



Ойлап қарасам, олардың бұнысы да үлкен көрегендік екен. Кең байтақ даламызды сыртқы жаулардан қорғаймыз деп, бар ғұмыры ат үстінде өткен бабаларымыз жаугершілік заманда тарихы мен шежіресін том-том кітап қып жазып, кейінгі ұрпақтарына кітапханалар қалдырса да, қанды шайқастар кезінде оларын өрт шалып, су алып, бүгінгі күнге аман-сау жетер-жетпесі неғайбыл еді ғой. Басқасын былай қойғанда, соңғы бірер ғасыр ішінде біресе арабша, біресе латынша, біресе кириллица болып әліпбиіміз сан өзгеріп, кезінде аталарынан қалған қолжазбаны бүгін немере, шөберелері оқи алмайды. Тіпті осы ХХІ ғасырдың өзінде, күні кеше керемет деп сатып алған компьютеріміздің де бағдарламасы лезде есікіріп, бұрынғы жазғанымызды бүгінгі компьютерлер «ашпай, «оқымай» ит әуреге салып жатқаны өтірік пе?!.

Баяғы қазақтың балалары көзін тырнап ашқаннан қозылағын, құлыны мен ботасын иемденіп, үйдегі үлкендерден көргенін қағып алып, бірте-бірте шаруаға бейімделе беретін. Асау үйретіп, ат құлағында ойнайтын ұл балалар өсе келе, көкпар тартып, қыз қуып, ат үстінен теңге іліп, садақпен жамбы атып, «Ер жігіт сегіз қырлы бір сырлы болу керек» деген қарапайым қағидаға сай тәрбие алып шығатын.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілерсің» дегенді кішкентай кезінен естіп өскен қыз балалар да аналары мен әжелерінің, жеңгелері мен апаларының қасында жүріп, кесте тігіп, құрақ көрпе істеуді, киіз басып, кілем, алаша тоқуды, сиыр сауып, май шайқап, құрт, ірімшік жасауды, қазы айналдырып, ет сүрлеуді үйренетін. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалдың айтылуы тегін емес қой.

«Жапон баласы кішкентай кезінен бастап өзін дұрыс ұстау керек екенін түсінеді, әйтпесе, адамдар оны және оның анасын күлкі қылатынын сезініп өседі. Жапон әйелдерінің көпшілігі баласының тәртіпсіз, нашар оқитындығын қатты ұят санайды. Сол себепті балабақшадағы бес жасар сәбилер «әркім көсем бола алады» үндеуімен тәрбиеленеді. (12-бет)

Ал кешегі кеңестік кезеңде жас отау құрған менін тұтастарымының қай-қайсы да шала ұйқы сәбилерін таң атпай дірдектетіп балабақшаларға апарып тастайтын да, баласының барлық тәрбиесін аз ғана айлығын шайлығына жеткізе алмай, жүйкесі жұқарып, қас-қабағы тырысқан, сәбидің ана тілін ұқпайтын, тілі де, діні де, ділі де бөтен әйелдерге сеніп тапсыратын. Кішкентайынан әркімнің ақырып-зекіргенін, қит етсе бұрышқа тұрғызып жазалайтын тәрбиешілерді көріп өскен балалар ашушаң болмай, қатыгез болмай, ата-әжесі түгілі, өз әке-шешесіне жат бауыр болмай қайтеді?!

«...Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Минору Танака: «Тіпті ер жеткен соң да қалай өмір сүру керектігін ойланғанда, мен әлі күнге дейін өз бойыма сонау бастауыш мектепте қаланған негіздерге сүйенемін» деуі бекер емес.» (12-бет)

«...Жапон халқы еврейлер секілді, ең басты байлық – адам деп есептейді. Ал адам – бүгінгі сәби, ертеңгі ересек адам, жапон ұлты екені белгілі.» (13-бет.)

Біздің де ұлтымыздың зиялы азаматтары: «Ел боламын десең бесіңді түзе» дегенді айтудай-ақ айтып кетті. Ауыл – ұлтымыздың алтын бесігі еді. Ал қазір, өтпелі кезеңде өкпесі өшіп, демі біте бастаған ауылдардан қалаға ағылған қазақтың балалары соның бәрінен мақұрым. Ата-аналары базарда сауда жасап, арба сүйреп, жүк түсіріп, жаңа байығандардың зәулім сарайларын салып, күндіз-түні бала-шағаның тамағын табу қамымен жүр. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды». Біздің көгілдір экрандарымыз жердегі өнер жұлдыздарымен «сырласу» хабарларында, ат төбеліндей аз ғана дәулетті жандардың жайлы тұрмысын қайта-қайта көрсетіп жатады. (Онсызда «шықпа жаным шықпамен» ілдалап жан бағып отырған қарапайым халықты ашындырудың не жөні бар?!.)

Кешегі шабандоз қазақтың ұрпақтары ат құлағында ойнамақ түгілі, сабақтан бос уақытында немен айналысарын білмей, екі қолдары алдарына симай, құр босқа көше тозды-



руда. Болмаса, ауасы қапас, қара көлеңке жер төлелердегі компьютер клубтарында отыр. Оларды әр түрлі спорт үйірмелеріне беруге көп ата-ананың қалтасы көтермейді, немесе қаланың бір шетінен екінші шетіне түрлі үйірмелерге апарып-әкелуге мұршасы да, мүмкіндігі де келе бермейді. Үйі жоқтың күйі жоқ. Ауылдан Алматы мен Астанаға жақсы өмір аңсап келгендер тәкаппар қаланың тасбауырлығын көріп, маңдайлары тасқа тигендей. Оны адамнан жасырсақ та Алладан жасыра алмаймыз ғой...

Бұл жайлы аз жазылып жатқан жоқ. Тығырықтан шығар жол қайсы? Осыдан біраз жыл бұрын Ю.Б.Рюриков деген орыс ғалымы жазған «Переворот в цивилизации» деген мақаласында («Вопросы философии» журналы, 1986, №9) адамдардың үлкен алып мегаполистерге үсті-үстіне тығыла бермей, таза табиғат аясындағы шағын рухани-экологиялық қауымдастықтарда өмір сүруі керектігін жазған.

Ол сол мақалада: «Речь идет не просто о стратегических перестройках, а о создании новых устоев для цивилизации. Это вопрос жизни и смерти для человечества, и он касается всего мира», - деп еді. Қазір енді Ұлыбританияның түрлі аудандарында, Америка мен Үндістанда шағын қоныстар (экопоселение, экополис дегендер) құрылуда. Адамдар у-шулы үлкен қалалардан гөрі, оңаша, тыныш, еңбек етуге де, балаларды жастай еңбекке баулып, үлкен өмірге дайындауға да қолайлы шағын елді мекендерге қоныс аудара бастады. Басқасын былай қойғанда, өзімізбен іргелес жатқан алып мемлекет – Ресейде де (Сібірдің оңтүстігінде) «Тиберкуль» деп аталатын эконосфералық қоныс бар. Бәлкім, біздің қазақтар да жаңа тұрпатты қала типтес салынған шағын елдімекендерде тұрар болса, ұмыт бола бастаған ұлттық тәрбиеміз қайта жаңғырмасына кім кепіл?!

... Алдыңғы жылы жазда жаңбыр сирек болды. Ап-ауыр қорғасын бұлттар бұрын менің «Фудзямамды» жиі-жиі

жұтып қоятын еді. Қолшатырымның жиегінен сорғалаған мөп-мөлдір моншақтарға қараған сайын, тағы да Жапония еріксіз ойыма келетін.

Менің қолшатырымды жасаған жапондық кәсіпорынның ең алғаш іргетасы бірер ғасыр бұрын қаланғанын, алғашқы қолшатырларын олар Үндістан жеріне апарып, саудалары сәтті болсын деп ырым қылып, жергілікті халық байлықтың символы санайтын пілдердің суретін сауда маркасы етіп алғанын оқығаным бар еді.

Күндіз-түні теледидардан берілетін көбік сөз, көпірме мақтанға толы жарнамаларға етіміз өліп кеткесін бе, «Е, жұрт затын өткізу үшін не жазбайды», - деп қоя салғам. Жай ғана жарнама еместігіне көзім жетті. Лүп еткен самал желді сағынатын Алматыда алапат жел тұрып, қырық шақты бәйтеректің аяғы аспаннан келгенде көшеде келе жатқам. Қолымда жапондық қолшатырым. Анау-мынау арзанқол дүние болса, бырт етіп сынып кетер еді. Кеулеген желмен қайқия қайырылып қалғанымен, былқ еткен жоқ. Қол басындай қол сөмкемнің түбіне емін-еркін сиып кететін, жеп-жеңіл, ып-ықшам қолшатыр қайтадан қаз-қалпына келді. Іштей, не істесе де сапалы етіп істейтін жапондарға қатты риза болдым.

Сөзі мен ісі бір жерден шығатын жандарға қалай риза болмассың!.. Бір кезде біздің ата-бабаларымыз да «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені» деп, «Айтылған сөз атылған оқ» деп, «Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп, әр сөзін ойланyp айтып, арық сөйлеп семіз шығуға тырысқаны, жалпы сөзді кие тұтқаны бүгінгі жас ұрпақ үшін аңыз сияқты. Өйткені «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп ар-намысты шыбын жанынан да артық көрген бабаларымыздың көп қасиетін қазіргі қазақ жастары түгілі, үлкендеріміздің өзі біле бермейді.

Қателеспесем, еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары болса керек, танымал қазақ қаламгерлерінің бірі Марат Қабанбай ағамыз Күн Шығыс еліне барып, сол сапарынан



оралған соң жазған бір мақала әлі күнге есімде. Жапонияның бір қаласында көпқабатты үлкен супермаркет өртенеді. Ұлттық киімдері – кимоно киіп жүрген сатушы қыздар жердегі өрт сөндірушілер керулі мата ұстап тұрса да, бәрі бірдей ғимарат ішінде өртеніп өліпті. Сірә, биіктен секірген кезде етектері айқара ашылып, жалаңаш тәндері көрінуден ұялып, ұят пен өлім қатар келгенде өлімді таңдаса керек. Бәрінің де бір адамдай жалғыз шешімге тоқтауының өзі бала күннен санаға сіңген ұлттық тәлім-тәрбиенің мықтылығы.

Біз де «Өлімнен ұят күшті» деген мақал бар, алайда, біз оған тек мақал деп қана қараймыз. Жапондық қыз-келіншектер сияқты ар-ұяттың құрбаны болған қазақ қыздары жайлы бұл күнде білетіндер аз.

... Бұл оқиға кешегі өткен жаугершілік заманда Ұлытау-Жезді өңірінде болса керек. Ер-азаматтар шайқаста жүрген кезде, ылғи бала-шаға, қыз-қырқын қалған қазақ ауылдарына тұтқиылдан келіп жаулары бас салады. Олар ең сұлу, жас қырық қызды іріктеп алып, әкеткелі жатқан кезде, өз ара ақылдаса келіп: «Әкелеріміз бен ағаларымыздың ата жауларының құшағында кеткеніміз ұят емес пе, өйткенше, бәріміз де суға батып өлейік!» -деп ұйғарады.

Сосын, ішіндегі батылдау біреуі барып: «Біз енді қайтып туған жерімізді көрмейміз ғой. Бала күннен суын ішіп, жағасында асыр салып ойнап өскен мынау өзенге соңғы рет түсіп, тазарып шығайық, соған мүрсат беріңіздер!» -деп өтінеді. Сөйтіп, бәрі қол ұстасқан қалпы, суға батып кетеді. «Ойпырмай, мыналардың қыздарының өзі мынадай, жігіттері тіпті сұмдық шығар!» деп шошынған жаулары басып алған жерлерін тастап, у-шусыз қайтып кетеді.

Кейін жауларын жеңіп, елге аман-сау оралған ер-азаматтар көктемде тасып, жаз ортасында тартылып қалатын тайыз өзеннен қол ұстасқан қалпы көз жұмған ару қыздарының сүйегін алып шығып, ұзыннан-ұзақ ор қазып, жұптарын жаз-

бай бәрін бірге жерлеген екен. Сарыарқа төсінде олардың жермен-жексен болып, уақыт тегістеген моласының орыны ғана бар.

Ұлтымыздың рухын көтеретін, жастар бойына елжандылықты дарытатын, осынау өлімнен ұяттың күшті екенін айқын дәлелдеген ару қыздарымыздың атын аспанға шығарып, лайықты ескерткіш қойып, бүгінгі жастарға неге үлгі үлгі-өнеге етпеске?! Неге солар туралы тартымды телехабарлар жасамасқа? Әйтпесе. шетелдік фильмдер ғана емес, отандық «Қалаулым» секілді релити-шоулар да біздің ұлттық менталитетімізді бүлдіруге үлкен үлес қосуда. Ата-ана, ағайын-туыстарының абырой-беделін ойламастан, өз аяқтарымен жігіт іздеп барып, дүйім жұрттың алдында жан сырын жайып салып, жылап-сықтап отырған бойжеткендерді экраннан көргенде, ұяттан жерге кіре жаздайтынымыз ащы да болса шындық.

Қазір ауызы дуалы ғалымдардың әлемді жайлаған қазіргі дағдарысты тек экономикалық дағдарыс қана емес, рухани дағдарыс десе, Елбасымыз да соңғы кездері рухани жаңғыру деген сөзді жиі айтып жүр. Әлемдегі талай жұрт таңдана қарап отырған жапондарың соңғы жылдары Қазақ Еліне жиі-жиі ат басын бұруда.

Бұдан біраз жыл бұрын «Жас Алаш» жезқазғандық қобызшы Байғара Сәдуақасовтан жапондық бір профессордың қобыз үйрену үшін арнайы іздеп келіп, дәріс алғанын жазып еді. Одан бері де жапон жастары қазақтың халық әндерін үйреніп, ұлттық саз аспаптарын меңгеріп, тіпті үлкен сахналардан өнер көрсетіп жүргені бекер емес-ау!..

Біздің халқымыздың рухани байлығын ел кәдесіне асырар кез жеткелі қашан!?



Жүзінен ерекше шуақ төгілген талдырмаш қыз қарапайымдылығымен тартымды екен. Көгілдір жанары тап-таза, бұлтсыз ашық аспандай. «Көз – адам жанының айнасы» деген сөз ойыма орала берді. Лондондағы Императорлық колледждің биолог маманы Алин Кюль дос-жарандары өзін «Лини» деп атайтынын, менің де солай деуіме болатынын айтты. Неміс қызымен бір көргеннен бұрыннан таныс жандай сөзіміз жараса кетті.

Біздің елге келгендегі басты мақсаты – жойылуға аз қалған, «Қызыл кітапқа» енген, осыдан 70-50 мың жыл бұрын өмір сүрген мамонттардың замандасы, бір кездері Еуразияның сайын даласын мекендеген киіктерді зерттеу екен.

Күні кеше ғана кең даланы шаңға бөге, жөңкіліп жүрген дала еркелерінің жылдан-жылға көз алдымыздан ғайып болып бара жатқаны ешкімге құпия емес. Ақын Кәкімбек Салықов ағамыз: «Жезкиік, сені аңсаған кездерімде, мен мынау кең далаға сыймай кетем» деп өлеңіне өзек еткен, күйшілер күй арнаған қайран киелі жануарлар-ай!..

Қазақстан Үкіметінің 1999 жылғы Қаулысынан соң, жаппай киік аулауға тыйым салынды. Табиғат апаты емес, бағалы мүйізіне бола, адам қолымен жасалған қанды қырғындардан қалған аз ғана киікті аман сақтау дүние жүзі ғалымдарын да алаңдатып отырса керек. Алин Кюль еңбек етіп жүрген Лондондағы императорлық колледж – киіктерді қорғайтын халықаралық ұйымдардың үйлестіру орталығы екен. Қазақстанға келмес бұрын, ол зерттеу жұмыстарымен Моңғолияда, Ресей мемлекетінің қол астындағы Қалмақ жерінде болыпты.

Аз отырып, көп сынайтын қонақ қыздан журналистерге тән әдетпен Қазақстан туралы қандай пікірде екенін, басқа елдермен салыстырғанда біздің елдің қандай артықшылық, кемшілігін байқағанын сұрағанымда:

«Бұрын шынымды айтсам, Қазақстан туралы менің түсінігім басқаша еді. Осында келмес бұрын, бұл жақта негізгі дін – ислам діні дегенді оқып, қол-аяғымды жабатын ұзын киімдер киіп келіп ем. /Бұрын әкем қызмет бабымен Кувейтте тұрғанда жалаңбас жүргеніміз үшін сөгіс естігеніміз бар-ды./ Мини киген, кіндігі ашық қазақ қыздарын көріп, шошып кеттім. Мен үшін бұл өте тосын жай болды...» – деді ол байыппен. Мен іштей өз қаракөздеріміз үшін қатты ыңғайсыздандым. Ол оны сезгендей, дереу әңгімені жағымды жәйтке ауыстырды:

«Маған ерекше ұнағаны – қазақтардың қонақжайлығы. Басқа елдерде судың өзін сұрап алу қиын, бәрі сатулы. Зерттеу жұмыстарымен экспедицияда жүргенде қазақ ауылдарында болып, талай шаңырақтан дәм таттым. Бәрі де құрметті қонақ деп, төрлеріне шығарды. Адамдарды ұлтқа бөлмей, құдайы қонақ деп қарсы алатындары ғажап екен. Өз қыздарын да қонақ деп, қадірлейтін керемет халық.

Батыс елдерінде Ауғанстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан – бәріне жалпылама «стандар» деп атап, жағымсыз пікір қалыптасқанын жасыруға болмас. Алайда, Қазақстан басқалардан бөлек, өзгеше. Қазақстанда қаншама сұлу жерлер бар. Әдемі табиғатына, өзіндік салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениетіне тәнті болдым. Тарихи көне жәдігерлері де аз емес. Бірақ туризмге онша көңіл аудармай отырған сияқты. Мысалы, Моңғолия қазба кен орындары жөнінен Қазақстаннан бай емес. Алайда, олар қазір барлық күштерін туризмді дамытуға салуда. Сіздің елде де табиғаты әдемі жерлер мен тарихи орындарды шетелдік саяхатшыларға көрсетіп, пайда табудың тиімді жолдарын қарастырмасқа?!» – деді Алин. Мен оның бұл сөзіне үнсіз келістім.

«Моңғолияда киіз үйде тұрып ек. Қазақ даласын экспедициямен аралағанымызда да кей жерлерде киіз үйде қонып жүрдім. Ішінде артық тұрған, керексіз ештеңе жоқ. Қандай қарапайым тұрмыс. Лондонға барсам, алты айдан



соң, кең даланы аңсаймын. Үлкен мегаполистің у-шуынан жұлдызды аспан, самал жел, көз жетпес кеңістікке жеткенше асығамын», - деді Лили.

Бала кезімде талай рет гүлін терген қызғалдақты қырқаларым, төсінде мың-сан киігі дүбірлеген, жусан иісі бұрқыраған жазық далам, шаңдауыт жолында табанымның табы қалған, әлі күнге, түсіме енетін ауылым есіме түсті. Сағыныштан жүрегім сыздады. Көшелеріндегі көліктер легі жылан бауырлай жылжып, лықси тежеліп, тығындала беретін, көк түтінді, алып қаланың түпкілікті тұрғынына айналғаныма қаншама жыл өтті!..

Кейде көгілдір экраннан әлемнің әр түкпіріндегі зілзала болған жерлерді көрсетіп жатады. Қанша жыл өліп-тіріліп, кезекке тұрып, немесе ішпей-жемей қаржы жинап, қыруар ақшаға сатып алған көп қабатты үйлері молаға айналғандарды көріп, тас үйіндінің астында қалғандарды аяйтынмын. Біздің қазақтың киіз үйі, көп болса, бір жағына домалап кетер еді-ау!..

Өркениет көшінің соңында қалып қоймаймыз деп тыраштанамыз. Бәлкім біздің бағзы замандардағы көшпелі бабалар бастан кешкен Ұлы дала мәдениетінен асқан өркениет жоқ шығар, сірә!.. Біз барар бағытымыздан басқа жаққа бұрылып кеткен жоқ па екенбіз?.. Жұмыр басқа келмейтін ой жоқ.

Біз құсап, бала үйленсе, қайда тұрады деп олардың басы қатқан жоқ: өйткені үй жанынан үй тігіп, алдарына аз ғана мал салып, еншісін беріп, өз алдарына бөлек отау ғып шығара қоятын. Олар қазіргі жас отбасылар құсап титімдей бүлдіршіндерін құлқын сәриден ясли, балабақшаларға сүйрелеп, бағатын «няня» іздеп, аяғынан тозған жоқ: бесік жырына балқып, ата-әжелерінің ертегісін естіген сәбилерінің «айналайын» аясында, қалай өсіп кеткенін өздері де білмей қалса керек.

Олар қазіргі біз сияқты, қаланың бір түкпіріндегі спорт үйірмесіне баласын жіберуге ақша іздеп әуре болған жоқ: қара домалақтардың бәрі бесіктен белі шықпай жатып тайға бас білдіріп, күресіп, «теңге іліп», «қыз қуып», садақ тартып, жамбы атып, қылыштасып, ат құлағында өсті.

Ешқандай кәсіби-техникалық лицей, колледжсіз-ақ, қазақ қыздары қаршадайынан балбармақ аналары мен жеңгелерінен кесте тоқу, көрпе көктеу, өрмек тоқу, ұршық иіріп, жүн тұту, киіз бастыру, тері илеп, тон тігу сияқты сан алуан қолөнер түріне бейімделді. Тамақ әзірлеу, қымыз баптау, құрт, ірімшік жасап, май шайқау сияқты аспаздық шеберлік пен қонақ күтуді де өз айналасынан көре жүріп, үйренді.

Бала жастан билік айтып, бітімгершілікке араласуы, шешендік сөз өнері мен суырып салма ақындыққа бейімділігі ұлтымыздың туа бітті қанға сіңген қасиеттері еді ғой. Ұзақ таңға жаңылмай хисса, жырлар айтып, шежіре тарқататын жады мықты жандар жайлы аңыз әңгімелер даусыз ақиқат.

Сірә, біздің бабалар жазу өнерінің дәуірлер өте келе, түрлі өзгерістерге түсіп, болашақ ұрпақтары оқи алмасын, жазған кітаптарын жаугершілік замандарда өрт шаларын ұғып, атадан балаға аманатын ауыз екі үйретуді мақсат етсе керек... Күллі жұрттың күндіз есінен, түнде түсінен шықпай, өндірішегін созып, екі өкпесін тепкілеп, ізінен қалмай қуып келе жатқан өркениеттің шырқау шыңы қандай болар екен?!

Бұл күнде «Қызыл кітапқа» енген киіктер сияқты, ежелгі Еуразия даласының еркесі болып, еркін жосып жүрген көшпелі бабаларымыздың өркениеті де терең зерттеуді қажет етеді...



МАЗМҰНЫ

I бөлім: АЛАҚАЙ, БАЛАҚАЙ!

Ғажайып орман	3
Өсер елдің балалары	28

II бөлім: ӨРИМТАЛ

Кішкентай PQ-дің бастан кешкендері	31
Жаһандағы жалғыздар	45
Тылсым сырдың түйіні.....	84

III БӨЛІМ: ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

«Сикырлы жәшік»	96
Мейірімді жүрек	102
Естен кетпес кездесу	111

IV БӨЛІМ: СЫР САНДЫҚ

“Менің екі байлығым бар: бірі – кітаптарым, бірі – балаларым”	118
Аңызға арқау болған «Дос-мұқасан»	126
Ұмыт болған ұлттық ойын	132

V БӨЛІМ: АШЫҚ АЛАҢ

Қазақтар мен жапондар	143
«Лондонға барсам, даланы аңсаймын»	155

**Заря
ЖҰМАНОВА**

ҒАЖАЙЫП ОРМАН

ISBN 978-601-7646-35-6



**Жауапты шығарушы - “Алматы - Болашақ”
Акционерлік Қоғамы баспасы**

Баспахана директоры - Ақбасов И. Ү.
Көркемдеуші редакторы - В.В. Стенякин
Редакторы - М. Б. Ақсан
Беттеген - А. К. Қыдыралы

Басуға 14.10.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 Қаріп түрі “DS Times”
Шартты баспа табағы 8\4
Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 1426